

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми журналы
Научный журнал Павлодарского государственного
университета имени С. Торайғырова

1997 ж. құрылған
Основан в 1997 г.



Ї Ì Ó
ÕÀÁÀÐØ ÛÑÛ
ÃÃÑÒÍ ÈÊ Ì ÃÓ

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

4 2011

Научный журнал Павлодарского государственного университета
имени С. Торайгырова

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации
№ 4533-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан
31 декабря 2003 года

Арын Е.М., д.э.н., профессор (главный редактор)
Сарбалаев Ж.Т., к.ф.н., доцент (зам. гл. редактора);
Демесинова Г.Х., к.ф.н., доцент (отв. секретарь);

Редакционная коллегия:

Еспенбетов А.С., д.ф.н., профессор;
Жусип К.П., д.ф.н., профессор;
Кенжебалина Г.Н., к.ф.н., доцент;
Дандай Ы.Ы., д.ф.н., профессор;
Хасанулы Б., д.ф.н., профессор;
Айтжанова Д.Н. (тех.редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.
Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.
Рукописи и дискеты не возвращаются.
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна.

МАЗМҰНЫ

ӘКІМБЕК Г.Ш., КАИМОВ М.Д. Мәшһүр Жүсіп және Абай поэзиясындағы тақырыптық сабақтастық.....	9
БАРАТОВА М.Н., ЖУСУПОВ Н.Қ. Мәшһүр Жүсіптің мақал-мәтел жұмбақ, айтыс үлгілерін жинау ерекшелігі.16	
БАЙНАЗАРОВА Л.А., ЖОЛДАСОВА А.А. Түркі жазба ескерткіштері тілінде изафеттік тіркестердің берілу жолдары.....	22
ЖҮСІПОВ Н.Қ., БАРАТОВА М.Н. Мәшһүр Жүсіптің фольклорды жинау ерекшелігі.....	29
ЗЕЙНУЛИНА А.Ф. Магистранттарға кәсіби қазақ тілін оқыту жүйесі.....	34
ҚАЛДЫБЕКОВА А.М., ШӘКЕНОВА М.Т. Лингвистикадағы тюркизм ұғымы туралы.....	43
ҚАНАБЕКОВА М. Қазақ тілі стилистикасының кейбір мәселелері.....	50
КӘРІПЖАНОВА Г.Т. Көркем мәтіннің композициялық баяндау құрылымы.....	53
КӘРІПЖАНОВА Г.Т. Ж.Аймауытов және терминжасам мәселелері.....	60
КЕНЖЕТАЕВА Г.К. Неміс және қазақ тілдеріндегі көру етістіктерінің айырушы нышандары.....	66
КУДЕРИНА А.Е., КУДЕРИНА А.М. ҚР теледидарының жанрлық ерекшеліктері туралы.....	71
НҰРҒАЛИ Қ. Қазіргі орыс әдебиетіндегі әйелдер прозасы туралы сын-пікірлер.....	78
НҰРҒАЛИ Қ. Әйелдер прозасының көркемдік әлемі мен қиындықтары.....	83
ОМАРОВА Р.А., ЖАМАНКЕНОВА Д.А. Поэтикалық аударманың ерекшеліктері (Р.М. Рильке неміс ақынның поэтикалық шығармашылықтарының және олардың К.П. Богатырев орыс тіліне аудармалардың материалдар негізінде, сонымен қатар бұл мақаланың Жаманкенова Д.А. бірлескен авторлардың).....	88
САРБАЛАЕВ Ж.Т. Ғибрат ая, ей, ағалар мына сөзден	97
ТАШИМХАНОВА Д.С. Коммуникативтік құзыреттілік - журналистің кәсіби қызметінің компоненті ретінде.....	102
ТЕМІРБЕКОВА Г.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз-сөйлемдердің грамматикалық сипаты.....	106
ШАЙЫҚОВА Г.К. Тіл мен сөйлеудегі гендерлік стереотиптер.....	110



ШАХАЖАНОВА Г.К.	
Қазақ балалар поэзиясындағы аударма мәселесі.....	115
ЫСҚАҚ Б.Ә.	
Характер және жаңа көркемдік ізденістер.....	120
Біздің авторлар	130
Авторлар үшін ереже.....	132

СОДЕРЖАНИЕ

АКИМБЕК Г.Ш., КАИМОВ М.Д. Тематическая взаимосвязь в поэзии М.Ж. Копеева и Абая.....	9
БАРАТОВА М.Н., ЖУСУПОВ Н.К. Особенности собирания пословиц-поговорок, загадок, образцов айтыса Машхур Жусипом	16
БАЙНАЗАРОВА Л.А., ЖОЛДАСОВА А.А. Пути использования изафетных сочетаний в языке тюркских письменных памятников.....	22
ЖУСУПОВ Н.К., БАРАТОВА М.Н. Особенности собирания фольклора Машхур Жусипа	29
ЗЕЙНУЛИН А.Ф. Система обучения магистрантов профессиональному казахскому языку.....	34
КАЛДЫБЕКОВА А.М., ШАКЕНОВА М.Т. К вопросу о понятии тюркизма в лингвистике.....	43
КАНАБЕКОВА М. Некоторые вопросы стилистики казахского языка.....	50
КАРИПЖАНОВА Г.Т. Композиционная повествовательная структура художественного текста...53	
КАРИПЖАНОВА Г.Т. Ж. Аймауытов и проблемы терминообразования.....	60
КЕНЖЕТАЕВА Г.К. Дифференциальные признаки глаголов зрения в немецком и казахском языках.....	66
КУДЕРИНА А.Е., КУДЕРИНА А.М. О жанровой специфике телевидения Республики Казахстан.....	71
НУРГАЛИ К. Критика о женской прозе в современной русской литературе.....	78
НУРГАЛИ К. Проблематика и художественный мир женской прозы.....	83
ОМАРОВА Р.А., ЖАМАНКЕНОВА Д.А. Особенности поэтического перевода (на материале поэтических произведений немецкого поэта Р.М. Рильке и их переводов на русский язык К.П. Богатыревым и переводов соавтора данной статьи Жаманкеновой Д.А.).....	88
САРБАЛАЕВ Ж.Т. Гуманистические идеи в религиозных произведениях М.Ж. Копеева	97
ТАШИМХАНОВА Д.С. Коммуникативная компетентность как компонент профессиональной деятельности журналиста.....	102



ТЕМИРБЕКОВА Г. К. Грамматические особенности слово-предложения в современном казахском языке.....	106
ШАИКОВА Г.К. Гендерные стереотипы в языке и речи	110
ШАХАЖАНОВА Г.К. Проблемы перевода детской поэзии.....	115
ЫСКАК Б.А. Характер и новые грани художественного искания	120
Наши авторы.....	130
Правила для авторов	132

CONTENT

AKIMBEK G.S., KAIMOV M.D. Thematic interrelation of the poetry of M.Zh. Kopeev and Abay.....	9
BARATOVA M.N., ZHUSUPOV N.K. Features of collection of proverbs, sayings, riddles, samples of aitys by Mashhur Zhusip.....	16
BAINAZAROVA L.A., ZHOLDASOVA A.A. The ways of using izafet combinations in Turkic monumental manuscripts	22
ZHUSUPOV N.K., BARATOVA M.N. Features of collection of folklore by Mashhur Zhusip	29
ZEINULINA A.F. The system of teaching professional Kazakh language to undergraduate students.....	34
KALDYBEKOVA A.M., SHAKENOVA M.T. The concept of turkism in linguistics.....	43
KANABEKOVA M. Issues about Kazakh language stylistics.....	50
KARIPZHANOVA G.T. Composite narrative structure of the art text.....	53
KARIPZHANOVA G.T. Z. Ajmauytov and problems of term formation.....	60
KENZHETAYEVA G.K. Differentiated criteria of the verbs of vision in the German and Kazakh languages.....	66
KUDERINA A.E., KUDERINA A.M. Genre specifics of the television in the Republic of Kazakhstan	71
NURGALI K. Female prose critics in modern Russian literature	78
NURGALI K. The problematics and the artistic world of the women`s prose	83
OMAROVA R.A., ZHAMANKENOVA D.A. Problems of poetic literary translation (on the material of poetic works of German poet Rilke R.M. and their Russian translations by Bogatyryev K.P., as well as the translation of the coauthor of this article Zhamankenova D.A.)	88
SARBALAEV ZH.T. Humanistic ideas in M.Zh. Kopeev`s religious works.....	97
TASHIMKHANOVA D.S. Communicative competence as a component of a journalist`s professional performance	102
TEMIRBEKOVA G.K. Grammatical peculiarities of word – sentence in modern Kazakh language.....	106
SHAIKOVA G.K. Gender stereotypes in the language and in the speech.....	110



SHAKHAZHANOVA G.K. The problems of translation of children's poetry	115
YSKAK B.A. The nature and new facets of the art searches	120
Our authors.....	130
Rules for authors	132

ӘОЖ 811.512.122.2

Г.Ш. ӘКІМБЕК, М.Д. КАИМОВ
МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖӘНЕ АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ
ТАҚЫРЫПТЫҚ САБАҚТАСТЫҚ

Қазіргі заманда әр ұлт өзінің рухани құндылықтарын дамытуға үлкен зейін салып, сол мұраларын кез-келген өзге ұлт алдында мақтаныш санайды. Жас ұрпақ оны бойына сіңіріп, ұлттық патриоттық сезімін күшейте түседі. Әрине ұлтты ұлт қылатын да сол рухани құндылықтар емес пе?! Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің тарихи жолында сөз өнері халықтың гуманистік, философиялық дүниетанымын, жалпы айтқанда «қазақ» атаулы жұртшылығын қалыптастырды. Әлемдік өркениеттегі өзіндік тарихи тұғырын ұлттық дүниетанымының көріністері – рухани құндылықтары арқылы таныта алған қазақ халқы қазіргі тәуелсіздік даңғылындағы жаңа тарихында бұрынғы-соңғы мұраларды түгендеу жұмыстарын жүргізуде. Қазір тәуелсіздік алғалы еңсеміз көтеріліп, өз мұрамызды өзіміз іздеп, өзіміз зерттей бастадық. Бұл – қазақ елінің абыройы, мақтанышы. Осы мақтанышымызды, әдеби мұраларымызды: ертегі, айтыс, жыр-дастандарды қағаз бетіне түсіріп, жеткізгендердің бірі – Мәшһүр Жүсіп. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдері мен Ұлы Абайдың қара сөздерінің ұқсастығы мен идеялық тұрғысынан бір бағыттас екендігін зерттеп, кенжелеп қолға алынған мол мұраларын, ой толғамдарын әдебиеттік сапа тұрғысынан саралау, олардың көркемдік ерекшелігін сипаттап, ғылыми айналымға қосу басты міндет болып саналады.

Ақындардың мұрасының жан-жақтылығын айта отырып, оның шығыс тақырыбын арқау еткен асыл сөздері мен азатшыл рухтағы өлеңдерін, әсіресе мол шығармашылығындағы басты желі – әлеуметтік үнді зерттеп, зерделудің қажеттілігі тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Көне заманнан бері қазақ халқы сөз құнарымен, тіл байлығымен ерекшелініп, ақын халық дәрежесіне ие болды. Жыраулар ел мұнын, қал-жағдайын билік төріне жырмен жеткізіп, батырларды халыққа танытып, сол халықпен қоса жырласа, айтыскерлер дау болған мәселелерді қара жерге қан тамызбай сөзбен шешкен. Міне осы тарихымыз, байлығымызды мұра етіп жеткізіп қана қоймай, ақындық тұрғыдан ұлтқа деген жанашырлығын танытқан ақындарымыздың бірегейі - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Төлеген Айбергеновтың:

Ақын болу оңай деймісін, қарағым,

Аузында болу бұл өзі дүниедегі барлық жараның - деп айтылған өлең жолдары Мәшһүр Жүсіптей екі тумас ақындарының ұлылығын көрсетеді.

Қазақ жазба поэзиясының дамуына үлкен үлес қосқан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектерін оқи келе, өлеңдерінің күретамыр негізгі мақсаты

мен идеясы Абайдың қара сөздерімен бір бітімде екенін аңғару қиын емес. Бұл қос дүние момын қазақ халқының өмірінің кешегі де, бүгінгі де, ертеңгі де күнінің қамын ойлап жазылған десек қателеспейміз. Ақындардың өз өнегелеріне қоса қалың халыққа өнер-білім шашып, мұның үстіне өзі өмір сүрген кездегі ел өміріндегі өзгерістерге, елеулі оқиғалар мен жаңалықтарға, жақсылықтар мен жамандықтарға дер кезінде үн қатып, өлең тілімен паш етіп отырғаны көзі тірісінде-ақ олардың атын әйгілі етті.

Сөзімен замандастарының көзін ашып, көңілін ояту, қазақтың барша ақындары бастаған ұлағатты іске үлес қосу – Мәшһүр Жүсіптің алдында тұрған ұлы мақсат болды. Жасөспірім шағында-ақ:

Мен жастан болдым ақын, өлең дарып,
Кететін сөйлемесем, ішім жарып. [1,118 б.]

Кеудеме кішкентайдан кеңес толды,
Жеткенде он бес жасқа өлең қонды. [1,124 б.] – деп, өлең жолына түсіп, өнерін көпке таныта бастады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:

Түзелер қашан жұрт боп мына қазақ,
Қылмаған кім бар дейсің бізді мазақ?!

Кешегі өткен дәуірде тұншығумен
Өлуге, өлмесек те, қалдық аз-ақ! [1,117 б.]

Осы жолдарда қазақ халқының мүшкіл жағдайын ақынның жаны езіліп ойлайтыны ешқандай дәлел тілемесе керек. Және де Ұлы Абай секілді әлеуметтік көкейкесті мәселелерді көтере білген, көркемдікпен жеткізе алған азамат ақын болғанын байқатады. Абайша айтқанда, «қалың елі, қазағы, қайран жұртын» жақсы көріп, қадірін біліп, шын сүюінде.

Ұлы Абайдың бірінші қара сөзіне келер болсақ: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтәуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.» - деп өзі жазып қалдырған өсиет-тәлімдерін оқуды оқырманның, келер ұрпақтың өз еркіне қалдырғаны туралы жазған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:

Ерігіп үйде отырып, пысады ішім,
Болсайшы тіліме ие отыз тісім!

Сақтауға адам айтпас сырды ішіме

Барады күші асқаннан, жетпей күшім! [2,29 б.]

Орынсыз сойлеймін деп ауыз жаппай,
Мен қалдым жапа жалғыз жанға жақпай.
Шарқ ұрып бұ дүниені шыр айналдым,
Сөзімді тындайтын бір құлақ таппай.
Май болып сүйкен маған жұкпасаң да,
Қағып өт иығынмен, соқпасаң да.
Жан ғой деп қимылдаған, сөйлеп тұрмын,
Естіп кет құдай үшін, ұқпасаң да! [1, 15 б.]
Кез болар бір күндерде керегіне,
Адамның аса білгіш зерегіне.
Құлағына тағуға алмаса да,
Тағам деп алар біреу шелегіне! [1, 16 б.]

Егер өлең қатарларын бір жолмен тізіп қойып кете берсең, құйылып тұрған Ұлы Абайдың бірінші қара сөзі емес пе? Бір ерекшелігі қара сөзде «кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім» делінсе, Мәшһүр Жүсіп өлеңінде «Жан ғой деп қимылдаған, сөйлеп тұрмын, Естіп кет құдай үшін, ұқпасаң да!» - деп өз туындыларын оқуға шақырады. Сондағы: «Кез болар бір күндерде керегіне, Адамның аса білгіш зерегіне, Құлағына тағуға алмаса да, Тағам деп алар біреу шелегіне!» дегендегі айтпақ негізгі ойы өзін үйренбесең де өз ұрпағына, туыстарына, жолдастарына сол өлең сөздердің түйінінін керегі болар дегені деп түсінеміз. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:

Ит жиреніп жеместі біз асадық,
Өрмекшідей ау құрып, тор жасадық.
Он екі хайуан бағып, мазаттанып,
Жылда біреуін жеумен көп жасадық [1, 29 б.].

Осы өлең жолдарымен қазақ халқының тек төрт аяқты малдың сонында жүріп, соларды көбейтемін деген ойда ғана болғандығы жөнінде баяндайды. Нақ осы себепті қазақтың қараңғы, талапсыз қалыпта қалуы деп келесі өлең жолында көрсетеді:

Жүрдік-ау тіріміз деп біз де ұялмай,
Өздігіңнен өлуге жан қия алмай.
Өнер,білім, талапқа жол жоқтықтан,
Хайуанша қаңғып қалдық оқи алмай [1,118 б.].

Ал келесі шумақтарда осы надандықтың салдары қаскүнемдікке, қайратсыздыққа, қанағатсыз тойымсыздыққа өзек, алтын арқау болғандығы жөнінде баян етеді:

Ағайын бірін-бірі көре алмайды,
Жоқ болса, жомарттық қып бере алмайды.
Кәнеки, бермегенің сол емес пе,
Білмеген-білген тілін неге алмайды?

Екі көз бір-біріне дұшпан болып,
 Болса да қандай жақын сеңе алмайды [2,95 б.].
 Аяқты бір баса алмай емін-еркін,
 Өтті ғой ит қорлықпен өмір шіркін!
 Жүргенбіз өліп қалмай, не ғып шыдап,
 Қарашы күдерідей жанның берігін!
 Өшпейді өсіп зорайған өтірік, ұрлық!
 Қалған жоқ әлімжеттік, әлі озбырлық!
 Өткіздік өмір жасты жылауменен,
 Жалғаннан таяқ жеу мен көріп қорлық [1,117 б.].

Бұл жөнінде Ұлы Абайдың үшінші қара сөзінде: «Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге остығы жоқ жандар шығады.

Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтемінен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым - солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді. Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ - әр қазақтың ойы осы. Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айырылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық. Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке болыстық, илікке таластық» делінеді. Ал он төртінші қара сөзінде осыған себепкерлердің бірі қайратсыздықты кінәлі етеді: «Қазақта адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады.»

Міне, екі жағдайда да момын халқымыздың XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі ахуалынан, әлсіз жағдайынан хабардар етеді. Елді өшірер, ерді өсірмес қоғам кемшіліктері – билікке таласу, қызғаншақтық, қанағатсыздық, ессіз надандық екендігі туралы байсалды түйін жасайды. Нақ осы кемшілікті Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлең жолымен жеткізеді:

Дүниені қалтасына бүктеп басып
 Ақтармас әбдіренің кілтін ашып.
 Қызғанумен дүниені ұстап қолға
 Тұрады бір-бірінен үркіп қашып [1,29 б.].

«Тоям» - десең боласың жаман атты,
Тойған тоқтық бұзады адамзатты.
Дүниеге құмарланба, хырыс болма,
«Бол»- деп айтты, - азына қанағатты.
Есті адам – қанағатты. Қанағатты адам тиянақты.
Тиянақты адам көнтерлі. Көнтерлі адам қайғысыз.
Қайғысыз адам бақытты
Ендеше есті адам бақытты болады [1,19 б.].

Осылайша азамат ретінде олар қызық жұртын сүйгендіктен халқының жақсылықтарын асырып қана қоймай, жамандықтарын, келеңсіз құлық, олқы мінез-қылықтарын жасырмай әшкере етіп, ащы сынауында ұстаған. Міне сол естілік туралы Ұлы Абай он бесінші қара сөзінде: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» деп ой төрелігін жауапкершілікке бағыттаса, он тоғызыншы сөзінде былай толықтырады: «Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады».

Ақындардың айтып отырғандары – ащы да ауыр шындық. Тек көңілге медет етерің – бір үміт бар.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:
Жұмысы бұл заманның сауда – сату
Арам боп ылғи түнге таң боп ату.
Дүние – дос, малға құмар жанын жалдап,

Табылмас, емге іздесең, екі тату! [1,119 б.]– деп, адамзат баласының пайда болғаннан бергі қазіргі уақытқа дейінгі негізгі қасіретін сипаттап берген. Осының бәрі және сол кезіндегі арам сауда-саттық - ұрылар мен кейбір ауқаттылардың дүниқоңыздығының белгісі. Кезіндегі малға достықты сатып алу қазіргі паракорлық, бұзақылықпен пара-пар. Қосып айтары Мәшһүр Жүсіптің «Дауасыз дерт» өлеңінде де бар:

Мал беріп жамандықты сатып алып,
Берсе де жақсылықты тек алмайды.
Арада бұзықшылық өрті жанса,
Құйса да топан суын, сөне алмайды.
Әуре боп, бірін-бірі жоғалтам деп,
Татулық, ынтымаққа келе алмайды.
Дау десе, жаны құмар бейшараның,
Онымен ешбір нәрсе өне алмайды.

Аударып ақ пейілін бұзықтыққа

Жүре алмай түзулікпен, оңалмайды [2,95 б.].

Бұл ұрлық, бұзақылық жөнінде Ұлы Абайдың он бірінші қара сөзінде: «Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі - ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылтып алып, тағы да байимын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші - бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса, мен соған керек боламын деп, к...н қыздырып алып, өзін бір ғана азық қылайын деп жүр» деп халқымыздың бұзақыларын өкінішпен атап өтсе, сегізінші қара сөзінде: «Байлар, олар өздері де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, адамдық, ақыл, ғылым, білім - ешнәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса, құдай тағаланы да паралап алса болады дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білімі, ұяты, ары, жақыны - бәрі мал» деп бүкіл адамзатқа тиесілі ауыр қасіреттің қазақ халқындағы халін көрсетеді. Және де жиырма төртінші қара сөзінде біздің қазаққа тән жаман қасиетті қоса айтады: «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанамыз. Жүз қараға екі жүз кісі сұғын қадап жүр ғой, бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма?» Бұл сөздердің аса үлкен күйінішпен жазылғандығы бірден байқалады. Мәшһүр Жүсіптің өлеңінде де осы жағдай қатты сыналады:

Ағайын бірін-бірі көре алмайды,

Жоқ болса, жомарттық қып бере алмайды

Екі көз бір-біріне дұшпан болып,

Болса да қандай жақын сене алмайды [2,95 б.]

Сонда шығар шешім - қос ақын да жеке бастарының қамын күйттемей, қара қылды қақ жарған әділдіксіз, шындықты қаймықпай бетке тура айтатындығы.

Ақындық өнер өкілдері туралы Х.Досмұхамедұлы оларға ұлттық сөз өнерін сақтаудағы, дамытудағы қызметіне жоғары баға бере келе: «Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін сақтаушылар» [3, 32-б],- деген екен. Шынында да, Мәшһүр Жүсіп пен Ұлы Абайдың туындыларын оқи келе балдырған ұрпаққа үздік үлгі, ал үлкендерге тағылым-тәрбиесі мол игі-таза тіршілік иелері екенін көреміз.

«Дүние ойна,»- деуменен өмірің өтер,

Бұ дүние қарық болған суға кетер.

Алас ұрып, жаныңды қинағанмен,
Ажал келіп қалған күн бәрі бітер [1,19 б.].

Ақынның өмір шындығын жырлаған өмір толғауы Ұлы Абайдың төртінші қара сөзімен бітімдес: «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі андып, біріне-бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды». Осы қара сөз бен өленде ғибрат, насихат көрсетіліп, келелі кеңес молынан ұшырасады.

Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығы өз нысана-тақырыбымыздан келгенде де ақынның өзінің әдебиет тарихындағы ірі тұлғасына, ақыл-парасатына, даналығына лайық сан салалы екендігіне көзіміз жетті. Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын зерттеу ісі дағдарысқа ұшырағанымен, 1956 жылы М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М.Базарбаев, Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Ы.Дүйсенбаев, М.Бөжеев сынды ғалымдардың осы ақынның шығармаларына көңіл бөлгені, әсіресе ол жинаған фольклор үлгілеріне ерекше назар аударғаны мәлім. Міне осы үшін оларға алғыс білдіреміз.

Мәшһүр Жүсіп те Ұл Абай секілді өз өлеңдерінде әлеуметтің хал-жайын, қоғамның өзгерісін, дін мен тілді, адамшылық пен имандылықты, аңыз, сапар, ишарат, сын, айтыс нақыштарын бере отырып, шынайы, тиянақты ой, байламдар жасайды. Және де сол Ұлы Абайдың өлеңдеріндегідей шығармаларынан қазақ халқының өткен кезеңдегі өмірін, арман-аңсарын, күйініш-сүйінішін, қайғы-қасіретін көреміз. Сонымен қатар ақынның қазақ ауыз әдебиетінің, бай фольклор үлгілерінің жоғалып кетпеуіне белсенді түрде атсалысып, халықтың асыл мұрасын сақтап қалуға қажырлы үлес қосқанын мойындамасқа болмайды. Ол өз ұлтының ғылым-білімнен, прогресстен шет қалмауын, өнерлі болуын, алдыңғы қатарлы озық ел болуын тіледі.

Осы еңбектердің жемісі талай қазақ жастарының, талай қазақ ұрпағына молынан қызмет ететініне сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. – Алматы, Алаш 2003 ж. 1 том. – 504 б.
- 2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. – Алматы, Алаш 2003 ж. 2 том. – 432 б.
- 3 Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы : Ана тілі, 1991.
- 4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығарамалары. 1 том, Павлодар, 2003.
- 5 Құнанбаев А. Шығармалары. 1 том. – Алматы: Жазушы, 1985.
- 6 Көпеев М.Ж. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. Алматы: Ғылым, 1992.

Халықаралық Бизнес Академиясы. Материал 19.01.12 ж. редакцияға түсті.



Г. Ш. АКИМБЕК, М.Д. КАИМОВ
ТЕМАТИЧЕСКАЯ ВЗАИМОСВЯЗЬ В ПОЭЗИИ М.Ж. КОПЕЕВА И АБАЯ
G.S. AKIMBEK, M.D. KAIMOV
THEMATIC INTERRELATION OF THE POETRY OF M.ZH. KOREEV
AND ABAY

Резюме

В этой статье рассматривается тематическая преемственность М.Ж. Копеева и Абая, и она (преемственность) выявляется на основе анализа их произведений.

Resume

The thematic interrelation between the poetry of Mashhur Zhusup and Abay Kunanbayev is analyzed through their poetry in this essay.

УДК 398.224(574)

М.Н. БАРАТОВА, Н.К. ЖУСУПОВ
ОСОБЕННОСТИ СОБИРАНИЯ ПОСЛОВИЦ-ПОГОВОРК,
ЗАГАДОК, ОБРАЗЦОВ АЙТЫСА МАШХУР ЖУСИПОМ

Следует помнить о том, что Машхур-Жусип записывал образцы из уст Абая Кунанбаева [1]. Многим собранным пословицам и поговоркам Машхур-Жусип давал определения. Он акцентировал внимание на то, в какой ситуации, по какой причине возникла та или иная пословица и поговорка, для чего используется в народе, какое значение имеет, с какого времени ее используют. Это свидетельствует о симбиозе собирательской и исследовательской деятельности Машхур-Жусипа. К примеру, в одной из рукописи под рубрикой «Молдалар» («Муллы»), «Құдай сөзі құран айтады», «Пайғамбар сөзі, хадис-шариф мынау», «Хадис-шариф, Алла жаратады», «Шіп Алутиң мен Алайман, хадис-шариф» [2] даются циклы пословиц и поговорок. В одних рукописях имеют место пословицы и поговорки о муллах, в другие включены пословицы и поговорки из книги «Коран», в остальные – из книги «Хадис-шариф». Значение пословицы «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне» казахами не раскрыто: Машхур-Жусип раскрывает значение этой пословицы.

На 45-53-х страницах этой рукописи под названием «Казахские пословицы и поговорки» записано около 15-и пословиц и поговорок. Машхур-Жусип дает пояснение к каждой пословице и поговорке и отмечает, что многие из них встречаются в Коране.

Таким образом, в ходе сбора пословиц и поговорок Машхур-Жусип пользовался книгами «Коран карим» и «Хадис-шариф».

Пояснения, которые дает Машхур-Жусип во время сбора и записи, служат примером того, какой материал откуда записан. Кроме того, Машхур-Жусип сравнивает пословицы и поговорки, которые часто встречаются среди народа, с пословицами и поговорками, данными в книге. Если они встречаются и там, и тут, то он отмечает это. В подтверждение этому мы находим следующую помету: «Пословица в-точь-точь соответствует айату (стиху Корана) и хадису» [3]. Машхур-Жусип также раскрывал значение каждой пословицы-поговорки. Этимологию многих пословиц, не известных до сегодняшнего времени, необходимо искать в Коране и Библии, которые являлись основой науки и культуры.

Примером тому служит этимология пословицы Машхур-Жусипа «Шығасы шықпай, кіресі болмайды» («Без затраты нет дохода») [4]. Историей возникновения данной пословицы является следующий случай: Однажды ветер раздует мешок муки из рук женщины-вдовы. Женщина приходит к хазрету Дауит Галейссаламу, чтобы узнать, почему так случилось. Вместо ответа в первый день он дает ей три пуда зерна, на второй день – пять пудов зерна. По дороге женщину всегда встречает Сулеймен и выражает свое недовольство по поводу того, что она берет зерно. Он отправляет женщину обратно. Хазрет Дауит спрашивает женщину: «Скажи правду, кто тебя учит?». Женщина отвечает, что ее учит тринадцатилетний сын Сулеймен. Сулеймен приходит к отцу и советует ему узнать об этом у самого хозяина ветра. Когда хазрет Дауит приходит в место богослужения, Всевышний посылает ангела, который поясняет отцу Сулеймена, за что ветер раздул мешок муки у женщины-вдовы. Оказывается, мешок муки закрыл щель корабля. Потому что они просили у Всевышнего помощи, чтобы раздать сиротам богатства, которые были на корабле. В конце люди, находящиеся на корабле, отдали полбогатства женщине. Отсюда и возникла пословица «Шығасы шықпай, кіресі кірмейді» («Без затраты нет дохода»).

Как было сказано выше, недочеты такого характера, как отсутствие сведений о том, из чьих уст и когда записаны образцы, встречаются и среди русских ученых-фольклористов. К примеру, ученый Б.П. Кирдан отмечает, что ошибки собирателей фольклорных образцов П. Лукашевича [5] и М. Максимовича [6] в том, что они, во-первых, не указывали, из чьих уст записывали эти материалы, во-вторых, они вносили изменения в тексты. В список тех, кто указывал источник материала, ученый включал Н. Цертелева [7].

Текстологические изменения, по мнению ученого В.И. Чичерова, встречаются и в трудах Богданова [8]. Ученый А.И. Баландин, оценивая труды П.И. Якушкина, пишет: «Записывая самое краткое содержание сказок, Якушкин, как видим, отмечал лишь их основные сюжетные узлы. Потом он подвергал свои записи литературной обработке» [9]. Далее: «... И все же свободный текст уже не был подлинным народным произведением, при такой обработке

многообразии содержания произведений сводилось к некоему образцу, совершенно утрачивалось своеобразие мастерства сказителей (певцов), нивелировался под образец язык песен и разрушалась местная песенная традиция, поэтому Якушкин, наблюдавший песни в их живом бытовании, отказался от этого метода и выбрал иной: печатать наиболее ценный, как ему казалось, текст, а все варианты выносить в примечания...» [10]. Указанные выше недостатки, а именно, отсутствие указаний на то, из чьих уст записаны образцы, текстологические изменения не встречаются в рукописях Машхур-Жусипа. Это доказывает, что труды фольклориста являются неоценимым сокровищем, способствующим раскрытию природы народной литературы и фольклора, широкому познанию истории казахского народа, истории языка.

Следует отметить, что рассматривая рукописи Машхур-Жусипа, мы выявили некоторые сведения, касающиеся пословиц-поговорок. В сведении говорится: «В 1920-ом году экспедиция А. Диваева собирала копии рукописей Машхур-Жусипа» [11]. Во время сбора фольклорных образцов члены экспедиции, организованной А. Диваевым, пользовались рукописями Машхур-Жусипа и они указывали, у кого брали эти варианты. Кроме того, имеется сведение о вымершем роде Катаган: «... Отсюда произошла пословица «Қатаған ханы хан Тұрсын, қай неткенде ант ұрсын». После этого исчезает название рода – Катаган. Оставшиеся вошли в род Канлы-Шанышкылы» [12]. То есть с исторической сцены полностью исчезает Турсын со своим народом, потомок хана Катаган, предавший высокорослого батыра Есима.

Наряду с этим, в рукописях даются сведения о туркпенах, ногайцах и татарах: «... *Түрікпен дегеннің мәнісі Қондыкер жұрты ауып кеткенде, бұлар мұнда қалғаны үшін, маңайындағы сарт-сауан: «Түрік менде», – деп, – «Түріктерден қалғандар». «Мал – арыстанның аузында, түрікпеннің түбінде» деп айтылатұғындығы түрікпеннің жігіттері аса ер мықты болып, басқа жұртқа мал сіңіртпесе керек. Сол себептен түрікпеннің түбінде (деп) сойлесе керек деседі». – **Перевод:** «Значение слова «туркпен» выражает название народа, оставшегося после потери земель Кондыкер. Отсюда: «Оставшиеся от турков». Позднее – это слово «туркмен». Пословица «Мал – арыстанның аузында, түрікпеннің түбінде» выражает силу туркпенских джигитов, которые с честью защищали свои земли. Отсюда и выражение «говорить на языке туркпенов».*

Беря за основу роль загадок в развитии мыслительных способностей ребенка, формировании сметливости у ребенка, Машхур-Жусип занимался сбором и этого фольклорного жанра. В процессе сбора Машхур-Жусип записывал загадки из уст исполнителя [101], а также пользовался книгами. Приведа примеры загадок в рукописи, Машхур-Жусип сверху делает пометку «Из хадис-шарифа» [14].

Вместе с тем, основываясь на истории возникновения загадок, хорошо владея методикой их сбора, Машхур-Жусип составляет и свои загадки. Так,

например, материалы, посвященные обозначениям двенадцати месяцев года, называются «Загадками Машекена» («Мәшекеннің жұмбақтары») [15].

Кроме того, Машхур-Жусип собирал оригинальные образцы айтыса акынов. В рукописях Машхур-Жусипа песенные состязания, такие, как «Айтыс девушки Улбике и Кудери ходжы» («Ұлбике қыз бен Күдері қожа айтысы»), «Айтыс девушки и акына Жанкел из рода Каракалпак» («Ұлбике қыз бен Қарақалпак Жанкел ақын айтысы»), «Айтыс девушки Умсин, выходца из Старшего жуза Уйсин и Заман ходжы» («Ұлы жүз Үйсіннен шыққан Үмсін қыз бен Заман қожа айтысы»), «Айтыс Шона, акына Торайғыр акына Сақау из рода Орманшы и Тогжан из рода Каракесек» («Шоң, Торайғыр ақыны Орманшы Сақау ақыны мен Қаракесек қызы Тоғжан айтысы»), «Айтыс слепого Шоже и акына Балта из рода Каракесек» («Соқыр Шөже мен Қаракесек ақыны Балта айтысы»), «Айтыс Камбара Жанака из рода Каракесек и Сабырбая из рода Найман» («Қаракесек – Қамбар Жанақ пен Найман – Сабырбай айтысы»), «Айтыс Камбара Жанака из рода Каракесек и Тубека из рода Найман» («Қаракесек – Қамбар Жанақ пен Найман – Түбек айтысы»), «Айтыс Камбара Жанака из рода Каракесек и акына Сақау из рода Орманшы» («Қаракесек – Қамбар Жанақ пен Орманшы – Сақау ақын айтысы»), «Қуандық – Алтай бір ақыны мен Найман қызы Опан айтысы», «Керей – Тұрлыбике ақыны Үрімбай ақыны мен Арыстанбай ақын айтысы», «Айтыс акына Жамшыбай из рода Кулик и Тубека из рода Найман» («Айдабол – Күліктің Күлігінен шыққан Жамшыбай ақыны мен Найман – Түбек айтысы»), «Айтыс девушки Акбала и джигита Боздака» («Ақбала қыз бен Боздақ жігіт айтысы»), «Қыз бен жігіт айтысы» («Айтыс девушки и джигита») расположены в определенном порядке, последовательности [16].

В рукописях порядок расположения айтыса таков: во-первых, чтобы не потерять каждый куплет айтыса, Машхур-Жусип пронумеровал их; во-вторых, момент состязаний выражается словосочетаниями «говорит девушка» («не қыз айтады»), «спрашивает девушка» («не қыз сұрайды»), «говорит ходжа» («қожа айтады»), «слово ходжы» («қожа сөзі»), «тогда Улбике говорит» («сонда Ұлбике айтады») и т.д. То есть Машхур-Жусип дает эти выражения, для того чтобы слова акынов, состязующихся по очереди не поменялись местами.

В рукописи акын дает сведения о том, что айтысы «Қыпшақ Өске – Тәтті қыз», «Қолға түскен Алтай жігіт – Найман Опан қыз» состоят из 46 строк, «Айтыс ходжы Шортанбая и акына Арыстанбая» – из 100 строк, айтысы «Девушка и старик» («Шал мен қыз айтысы»), «Шоже и Калдыбай» («Шөже мен Қалдыбай айтысы»), «Жанақ и Тубек» («Жанақ пен Түбек айтысы»), «Улбике и Кудери» («Ұлбике мен Күдері айтысы») – из 100 стихотворной рифмы, «Айтыс ходжы Заман и девушки Осы» («Заман қожа мен Осы қыз айтысы») – из 50 стихотворной рифмы, «Айтыс Тогжан и Сақау» («Тоғжан мен Сақау айтысы») состоит из 78 стихотворной рифмы.

Этот прием характеризует отличительные особенности собирательской деятельности Машхур-Жусипа. Только пять образцов айтыса знакомо читателям [17], а остальные еще до сих пор не опубликованы.

То есть после айтыса одного акына с другим Машхур дает образец айтыса этого же акына со следующим. После этого он приводит вариант айтыса этого акына уже с третьим. Обычно один акын вступает в песенное состязание со вторым в определенное время. Следовательно, состязания этого акына со вторым или третьим проходят в другое время, при других обстоятельствах. Значит, сбор фольклорных образцов, распространенных в разрозненном виде, требует длительного времени и неустанного труда. Машхур-Жусип записывал собранные образцы не просто так, без систематизации, наоборот, он классифицировал их всех. И это свидетельствует об особенностях фольклористской деятельности акына.

В народе из образца айтыса между акынами Досаном и Елтаем известен сюжет события, составляющий основу рассказа «Шорман». Ссоры, вызванные между двумя родами из-за земель (между родами Каржас и Канжыгалы), привели к гибели семерых батыров. Событие, описанное в рассказе «Шорман», упоминается и в айтысе между акынами Досаном и Елтаем. В айтысе, когда акын Елтай говорит:

Керей мен Қанжығалы сен емес пе ең?

Байлаулы бұзауыммен тең емес пе ең?

Кешегі жеті ерінді күнсыз қылған

Балам-ау, әкең Қаржас мен емес пе ем, –

Не ты ли выходец из Керей и Канжыгалы?

Не ты ли подобен привязанному теленку?

Вчера только потерявший семерых батыров

Сынок, не я ли твой отец Каржас, – акын Досан не смог ответить [18]. В рукописи по некоторым причинам не упоминается имя человека, который донес этот фольклорный образец более поздно. Причиной распространения рассказа среди народа является упоминание имен акынов Досана и Елтая. Это свидетельствует, с одной стороны, об особенностях фольклористской деятельности Машхур-Жусипа, с другой стороны, и образцы айтыса, и приведенные факты, и записи рассказа составляют паспорт этого фольклорного образца.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазбалар қоры. 1176-папка, 1- дәптер, 42-43 б.
- 2 Сонда, 1645-папка, 1-15 б.
- 3 Сонда, 1170-папка 521-532 б.

- 4 Көпеев М.Ж. Шығасы шықпай, кіресі кірмейді.// Қазақ әдебиеті, 16 тамыз 1991, 4 б. /материалды “әулеттік архивтен” алып даярлаған-Н.Жүсіпов/.
- 5 Кирдан Б.П. Собиратели народной поэзии. М., Наука, 1974, 142 б.
- 6 Сонда. 68-69 б.
- 7 Сонда. 38 б.
- 8 Чичеров В.И. Школы сказителей Заонежья. М., Наука, 1982, 95 б.
- 9 Баландин А.И., П.И.Якушкин /Из истории русской фольклористики/. М., Наука, 1996, 36 б.
- 10 Сонда, 69 б.
- 11 ҚР ҒА ОКК. 1176-папка, 5-дәптер, 1-6 б.
- 12 Сонда, “Есім хан” әңгімесі. //Жұлдыз, 10-12, 1994, 201 б./
- Материалды әзірлеген – Н.Ж./.
- 13 ҚР ҒА ОҚҚ. 1645-папка.102.
- 14 Сонда, 1171-папка.
- 15 Сонда, 1645-папка, 121-122 б.
- 16 ҚР ҒА ОҚҚ. 1170-папка, 67-111 б., 1177- папка, 34-86 б., 1178-папка, 135-158 б., әрі “әулеттік архивте” де сақталған.
- 17 Ескерту: ақын жинаған «Ұлбике мен Күдері қожа», «Ұлбике мен Жанкел», «Қыз бен жігіт», «Ақбала мен Боздақ», «Шөже мен Балта» атты айтыс үлгілері өзінің «Тандамалы» жинағының II-томында/ А., Ғылым, 1992, 119-137 б./ жарияланды.
- 18 Көпеев М. Ж. Шорман.// Билер сөзі. Жұлдыз, 8, 1992, 196 б.

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.
Материал поступил в редакцию 12.10.2011.

М.Н. БАРАТОВА, Н.Қ. ЖУСУПОВ
 МӘШҲҮР ЖҮСІПТІҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛ, ЖҰМБАҚ, АЙТЫС
 ҮЛГІЛЕРІН ЖИНАУ ЕРЕКШЕЛІГІ
 M.N. BARATOVA, N.K. ZHUSUPOV
 FEATURES OF COLLECTION OF PROVERBS, SAYINGS, RIDDLES,
 SAMPLES OF AITYS BY MASHHUR ZHUSIP

Түйіндеме

Мақалада Мәшһүр Жүсіптің мақал-мәтел, жұмбақ, айтыс үлгілерін жинау ерекшелігі сөз болады.

Resume

This article discusses features of collecting proverbs, sayings, riddles, samples of aitys by Mashhur Zhusip.



ӘОЖ 811.512.1-112

Л.А. БАЙНАЗАРОВА , А.А. ЖОЛДАСОВА
ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕ ИЗАФЕТТІК
ТІРКЕСТЕРДІҢ БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Меншіктелуші мен меншіктеуші арасындағы қатынас, яғни тәуелділік категориясы - түркі тілдерінің құрамындағы байырғы құбылыстардың бірі. Мұндай тұжырымға дәлел – түркі тілдердің тарихындағы ең көне мұралар тілінде де қазіргі қазақ тіліндегі тәуелділік категориясы мен оның көріністері көп өзгеріссіз (қазақ тілімен салыстырғанда) берілгендігі.

Меншіктілік қатынас тіл-тілде парсы және түркі изафеті арқылы берілетін тұстары болады. Негізінен, парсы изафетінің үлгісімен тіркесетін зат есім таза анықтауыштық қатынасты білдіреді. Мысалы, *саяси сабақ, ғылыми еңбек, мәдени табыс* т.б. Парсы изафетінде сөздердің орын тәртібі тұрақты болады. Яғни *сабақ саяси, еңбек ғылыми* деп ауыстыруға келмейді. Мұндайда сөз тіркесінің семантикалық мәні өзгереді. Жалпы, қазіргі тілімізде жасалған парсы изафеті араб, парсы тілінен енген сөздер арқылы жасалатыны болмаса, әдеби тілдер кең орын ала қоймаған. Заттық анықтауыштар тобының негізі түрік изафеті болып табылады. Бұл термин араб грамматикасынан алынған. Оның мәні қатынас, толықтау дегенді білдіреді. Қазіргі тілімізде араб тіліндегі тіркестің үлгісімен жасалған тіркестерді “түрік изафеті” деп атайды. Яғни, түрік изафеті деп – қатар айтылған зат есімнің алдыңғы сыңары ілік не белгісіздік есімдікте тұрып, соңғысын анықтап не толықтап тұрған сөздер тобы дегенді түсінеміз. Ол топқа зат есімдер немесе зат есімнің орнына жұмсалатын есімдіктер, кейде сын, сан есімдер, етістіктер, үстеулер және шылаулар да тұра алады. Мысалы, *жақсының хаты олмейді* (накыл сөз).

Зат есімнен басқа сөз таптары изафеттік тіркесте тұрса, олар да заттық ұғымға ие болады, яғни субстантивтенеді. Изафеттік тіркестің орнына қазіргі қазақ тілі теориясында сөздердің байланысу формасы – матасуды қолдануға болады. Түркі изафетінде сөздердің орнын ауыстыра болатын кездері болады. Бірақ одан жалпы коммуникативтік мағына өзгереді. Мысалы, *әкенің баласы – баланың әкесі, үйдің үлкен – үлкеннің үйі* т.б. Изафеттік тіркестерді басқа синтаксистік құрылымдардан айратын негізгі белгісі – оның жалпылық семантикасы (анықтауыштық қатынасты білдіруі, меншіктілік қатынасты білдіруі – негізгі алынбайды) мен құрылымдық формасы (басыңқы сөз де, бағыныңқы компонент те зат есімнен болуы).

Изафеттің түрлері мынадай ретпен беріледі:

Бірінші түрі – орын тәртібі арқылы сөздердің тіркесуі арқылы. Мысалы, *ағаш күрек, құм сағат, темір қасық, темір пеш, қамыс құлақ, ат қора,*

қалта сағат, тау ешкі, алма ағаш т.б. Изафеттің бұл түріне жататын сөз тіркестері V-VIII ғ. жазба ескерткіштері тілінде, атап айтсақ, көне ұйғыр ескерткіштерінің тілінде жиі қолданылған. Бірақ, қазіргі қазақ тіліндегі конструкциядан біршама өзгешелігі болған. Екі ғасырға да ортақ қасиет – олардың бір үлгіде жасалуы. Мысалы, *Эсім қаған – ағам хан, Мақарыч тамғачы – Мақарыш таңбашы, қыз оғлуң – ұл балаларың, темір қапығ – темір қақпа, кумуш будун – күміс халық, алтын шүң – алтын үйрек* т.б. Бұл тіркестерден әр дәуірдің өзіне тән ойлау нормасы болатындығына тағы да дәлел таба аламыз. Өйткені, Орхон-енісей жазбалары тіліндегі *күміс халық, алтын үйрек* тіркестері мағыналық жағынан қазіргі қазақ тіліндегі *алтын адам, алтын құс* деген мағыналарға сай келеді.

Изафеттің бірінші типінде жататын тіркестері қазіргі қазақ тілінде арнаулы қосымшалар (ілік септігі мен тәуелдік жалғаулары) арқылы жасалатыны белгілі. Бұл типті тіркестердің меншіктілік қатынаста жұмсалуды V-VIII ғасыр жазбаларында жиі ұшырай бастайды. Сондықтан меншіктілік қатынастың арнаулы аффикссіз берілуі көне түркі тілдерінің өзіндік ерекшелігі болып табылады. Мысалы, *табғач будун – қытай халқы, Өтүкен йиш – Өтікен орманы, Алтун йиш – Алтын жері* т.б. Изафеттің бұл түрі арқылы көне жазбалар тілінде меншіктілік, тәуелдік қатынастар да білдірілген. Мысалы, *Түрк беглер түрк атын ыты – Түрк бектері түріктің атын жоғалтты* (Күлтегін). *Қырғыз күчліг қаған йағымыз болды – Қырғыздың күшті қағаны жауымыз болды* (Тонькөк). *Табғач он түтүк бір түмен сү келті – Табағаштың он түтігінің елу мың әскері келді* (Күлтегін) т.б.

Изафеттің бірінші типіне күшті әсер еткен орыс тілі болған. Бұл турасында К.Мұсаев қазақ тіліндегі *бала бақша, жүк айналымы, бас мақала, бөлік саймандар* секілді анықтауыштық тіркестер орыс тіліндегі осы тектес тіркестерді калькалай жолымен жасалған деп көрсетеді [1, 90 б.].

Изафеттің бұл түрі анықтауыштық қатынастағы тұрып, қабыса байланысады. Сонымен қатар, мұндай тіркес құрамындағы сөздердің лдыңғы сыңары деректі заттарды білдіріп, ғасырлар бойы қалыптасқан, бір-бірімен тіркесе алатын сөздер болуы шар. Мысалы, *тау ешкі* деп айтуға болады, бірақ *ешкі тау* деп айтуға келмейді. Бұл заңдылыққа қарсы келетін *күлім көз, сандырақ сөз, тұтқын қыз, сыр мінез* секілді абстракт мәнді зат есімдерден болған тіркестерді М.Балақаев ескертпе деп қабылдайды [2, 38 б.]. Яғни изафеттің құрамында тұрып, олар алғашқыда сын есім не қимыл есімдері болған да, зат есімді сөз тіркестердің құрамына кейін қосылған. Ал олардың изафеттің құрылыс құрамына енуі абстрақтылық семантикасынан емес, зат есімге айналмай тұрғандағы анықтауыш қызметті атқаруға икемділіген деп түсінген жөн.

Екінші типі – бірінші компоненті жалғаусыз, екінші компоненті тәуелдік жалғауы арқылы беріледі. Мысалы, *егіс басы, есік алды, бұлақ көзі, жан дауасы, Абай көшесі, Арал теңізі* т.б. Изафеттің екінші типі бұрыннан келе

жатқан көне тіркестер қатарына жатады. Өйткені, бұл үлгі қазіргі қазақ тілінде де, басқа түркі тілдерінде де, көне жазбалар тілінде де кездеседі. Олардың білдіретін семантикасы түркі тілдерінің көпшілігіне ортақ болып келеді. Мысалы, *коммунистік зохмен бригадасы – коммунистік еңбек бригадасы* (түрк.), *қосиблар махалласы – кәсіпшілер кварталы* (өзб.), *агач куләгәләри – ағаш көлеңкелері* (тат.), *Байкал херри – Байқал жағасы* (чув.) т.б.

Көне түркі жазба ескерткіштері тілінде мынадай тіркестер құрамында көрінеді: *эл торүсу – ел заңы, будун боғзу – халық көмейі, тәңірі күчі + тәңірі күші, кійік оғлу – киік ұлы, тоғуз оғуз бәглері – тоғыз оғыз бектері* т.б.

Орта ғасыр жәнe XVII-XVIII ғасырлар ескеркіші тілінде кездеседі. Мысалы, *Ел бұдұны тәрілділәр иамліха хабарыны ол мәліккә елтіләр кім ол ел бегі эрді – Ел халқы жиналды, Йамлыха туралы хабарды сол елдің башысына жеткізді* (Абулғазы).

Уа бағзы ел ұлұғлары – Уа, басқа елдің ұлдары. Худай тағада иер йүзінде падишалық сеңә бергей – Қудай тағала әсер жүзіндегі патшалықты саған бергей (Қадырғали).

Изафеттің екінші түрі меншіктілік мағына, мекендік, туыстық, өлшемдік қатынастарды, тектің түрге, бүтіннің бөлшекке қатысы сықылды даралаушылық семантикада қолданылған. Мысалы, *Он оқ сүсі қалықсыз тасықты – Он оқ әскері толық жсорыққа шықты* (Тоныкөк). *Қаған інісі чур тегін кәліп... – Ханның інісі Чур тәгін келіп...* (Кули-Чур). *Көрүч сабы антағ – Барлаушы сөзі осылай* (Тоныкөк). *Сүңүз батымы қар – Найза бойы қар* (Күлтегін) т.б. Изафеттің бұл типі Ясауидың “Диуани-хикмет” тілінде де көрініс тапқан, ілік септіктің жалғауынсыз жасалған пассесивтік (иелік мәнді) құрылымдарда аффикссіз сөз меншіктік, иелік мәнді білдірмейді: *ишқ дүкәні, сахар уақты, хақ нуры* т.б.

Ол сәбәбдин ишқ дүкәнін құрдұм мән-а – Ол себептен ғашық дүкенін құрдым мен (116.4),

Ишқ сызларни көрдүм – *Ғашықтық сыздарын көрдім* (116.2),

Нәфс башыға йүз мың бәлә қармаб салдым – *Нәпсі басына жүз мың бәле қармап салдым* (116.10),

Гүнәһім дәрдідін дәрманда болдұм – *Күнәларымының дертінен шарманда болдым* (106.3),

Қийамат таңы атса йолда қалған – *Қиямет таңы атса, жолда қалған* (7а.11),

Он биримдә рахмат дәрия толұб ташты – *Он бірімде рахмет дариясы толып тасты* (116.5),

Рахмат суы көзләрімдін тынмай ақты – *Рахмет суы көздерімнен тынбай ақты* (112б.10),

Ишқ йолыда болалмадым белім баглаб – *Ғашықтық жолында бекем тұра алмадым* (112а.11),

Құлақ салғыл хас уммәті болай десәң – Құлағыңды сал Хас умметі болам десең (19а.5),

Хақ ишқыны рафиқ қылған йолгә кірді – Хақ гашиқтығын бетке ұстанған жолға кірді (1136.12),

Хақ Мустафа рухы келіп болды имам – Хақ Мұстафа рухы келіп, имам болды (25а.5),

Адждар тұтса алам йүзі білмәс болұр – айдаһар болса әлем жүзі бөлмес болар (996.12),

Шауқ шарабын ичкән ашиқ шауқлық болур – Фашиқтық шарабын ишкен нағыз гашиқ болар (276.9),

Бұдан изафеттің II түрінің түркі тілдерінде ерте дәуірден бері келе жатқан құбылыс болуымен қатар, сол кездің өзінде семантикалық жүйеге түскен, нормаланған құбылыс болғанын көреміз. Изафеттің екінші түрінің бір ерекшелігі – осы тіркестегі сөздердің бір-бірімен жымдасып бір түйдекке айналуы, осыдан олардың арасында мағыналық тұтастық пайда болып, тіркестің лексикалық единицаға айналуы [3, 114 б.]. Мысалы, *Балқаш көлі, Талас өзені, “Абай” романы, сөз тіркестері, тауар айналымы, сөз таптары, облыс орталығы* т.б.

Үшінші типі – алдыңғы компоненті ілік септігінде, соңғы компоненті тәуелдік жалғауының III жағында келеді. Мысалы, *Саматтың дәптері, үйдің алды, есіктің кілті, жақсының сөзі, баланың көргені, басының ұйғарымы* т.б. Изафеттің бұл түрі көне жазбалар тілінде сирек ұшырасқан. Себебі, бұл кезде меншіктілік қатынасты изафеттің басқа түрлері (I және II) білдіре берген. Тәуелденіп те, тәуелденбей де жасалған изафеттік тіркестердің атқаратын қызметі де зор. Ілік жалғаудың түсіріліп, не түсірілмей қолданылуы тілдің грамматикалық құрылысындағы бейтараптылық, анықтық (белгілілік), танықтық (белгісіздік) категорияларымен байланысты.

Изафеттің үшінші типінің тарихи табиғатын ашуда қажетті мәселе ондағы компоненттердің синтаксистік байланысын айқындау болып табылады. Изафеттің үшінші типі құрамындағы сөздердің жақтық жағынан қиысатынын негізге ала отырып, кейбір ғалымдар оны қиысу (*менің балам, сенің дәптерің, оның баласы*) деп қабылдаса, басқа бір тобы алдыңғы сөзге ілік септігінің жалғананытын ескере отырып, меңгеру деп қабылдайды. Ал М.Балақаев мұндай үлгідегі сабақтастық қатынастың бір жақты емес, екі жақты болатындығын, сондықтан ондағы бірінші сөз екіншісіне бағынса, екіншісі қайтадан біріншісіне бағынатынын білдік материалдарға сүйеге отырып түсіндіріп, бұл құбылысты матасу деп атайды [2, 8 б.].

Бұл үлгі әртүрлі меншіктілік қатынастарды білдіретін және ілік септігінің жалғауы дамыған барлық түркі тілдерінде (ілік септігі дамымаған якут тілінен басқа) кездеседі. Мысалы, *малчылааны тилектері – малышлардың тілектері* (қараш.-балқ.), *атың өлүмү – аттың өлімі, итың байрамы – иттің мейрамы* (түрк.), *омичиларның чирайлари – егіншілердің*

жүздері (үйғ.), халахсен туслахе – халықтардың достығы (чув.) т.б. Бұл үлгі көне, орта ғасыр және кейінгі түркі жазба ескерткіштері тілінде кездеседі. Мысалы, *Олурпан турк будуның ілін тор үсін тұта бірміс іті бірміс – Таққа отырып, олар түрк халқының құрылуын, бірігуін қамтамасыз етті* (Күлтегін). *Түн күнүн қаршысы – Түн – күннің қарсысы* (МК). *Уа бағзы ол оғулары Олханның хақында яман кеңәш қылып ерді – Уа, басқа түркі ұлдары, ол қашып, Түркістанның хакімі қара қытай Қорханға барды* (Қадырғали). *Ғашықтың тілі – тілсіз тіл көзбен көр де, ішін біл* (Абай).

Орхон-енісей, көне ұйғыр, орта ғасыр жазба ескерткіштері және қазіргі түркі тілдерінде изафеттің бұл түрі мынадай меншіктілік қатынастарды білдіреді:

- бір заттың екінші бір затқа меншіктілігі: *патишаның жарлығы, әкемнің айғыры* т.б.

- меншіктелетін заттың меншік иесінен туындайтынын, меншік иесінің сол заттың “авторы” екендігін: *түрк будуны – түрік халқы, қағанының сабы – қанының сөзі* т.б.

- бөлшектің бүтінге тиістілігін: *адығың қарны – аюдың қарны, үйдің кішісі* т.б.

- туыстық қатынасты: *қағаның қызы – қағанның қызы, баланың әкесі* т.б.

Изафеттің III типінің тағы бір семантикалық ерекшелігі – нақтылы меншіктілік мағына абстрактыланып, бірідінен ұмытыла бастауы. Мысалы, *жүректің демікпесі, қарлығаштық жақсылығы, жалқаулықтың зияны, білімнің пайдасы* т.б. Н.Гаджиева осы тенденцияны белгісіздікпен байланыстырады [4, 119 б.].

Алдыңғы компонент ілік септігінде тұрып, кейінгі компоненті тәуелдіктің III жақ жалғауын қабылдап, меншіктілік қатынасты білдіру қазіргі қазақ тілінің грамматикасында тәуелдеу категориясы жасалуының *аралас тәсілі* деп аталады. Бұл изафет типі көне жазбалар тілінде сирек ұшырасады. Ясауидың “Диуани-хикмет” тілінде кездесуін мынадай жолдардан көруге болады:

Бақыб көрәр сырдың көзі – Қарап көрер сырдың көзі [96б.11],

Сұлтан Ахмәд Йасауинің ушбу сөзі ажаб ермәс – Сұлтан Ахмед Йасауидың бұл сөзі гажәп емес (96б.10),

Мухаббатның жәмін ічіб рақс әйләбән – Махаббаттың шарабын ішіп қандым (109б.3),

Йасауинің тотысы пәуаз етәдур үғғалы – Ясауидың тотысы ұшады (52а.5),

Хақиқатның майданыда ер ол болур – Ақиқаттың майданында ер болар (34а.4), т.б.

Изафеттің II типі бойынша жасалған тіркестерден тәуелдік ұғымнан гөрі, жалпы грамматикалық қатынас байқалатыны туралы жоғарыда сөз еттік. Меншіктілік қатынастың изафеттік түрі бойынша жасалған осындай тіркестер хикмет тілінде де кездеседі. Олар да қағидаға сай меншіктік мән үстемейді. Мысалы,

Батин көзі ачылганлар көрер ерміш – Батин көзі ашылғандар көрер еді (966.5),

Бақыб иман нуры бірлә көрер ерміш – Қарап иман көрімен көрер еді (966.9),
Көңлі құшы хазрат дебан ұчты болғай – Көңіл құсы хазрет деп ұшып кеткей (84а.5),

Уа аллаһу сахи хақ нурыға батар ерміш – Аллаһтың шынайы хақ нурына барамыш (83а.7),

Таза меншіктілік қатынасты білдіретін изафеттің III типінің қазіргі және көне түркі тілдерінде қолданылуында айтарлықтай айырмашылықтар байқалады. Атап айтсақ,

- көне жазбалар тілінде изафеттің III түрі бүгінгі күнге қарағанда сирек ұшырасады. Себебі – меншіктілік қатынас изафеттің басқа түрлері (I және II) арқылы білдірілетін болған.

- Орхон-енісей дәуірінің түркі тілдерінде изафеттің III түрінің екінші сынарында тәуелдік жалғаулары түсіріліп айтыла береді. Мысалы, *Табғач қананың ічіркі бәдізчіг ыты – Табғачи өз хандығының ішкі шеберлерін маған жіберді* (Күлтегін). Мұндай тіркес қазақ тілінің фольклорлық шығармаларында ғана сақталып қалған: *“Базарбайдың Төлеген”, “Қобыландының Тайбұрыл”* т.б.

- Орхон-енісей жазбалары тілінде изафеттің бірінші сынарындағы ілік септігі кейде табыс септігі жалғауымен алмасып келеді. Мысалы, *атығ тэртру кішэмш – аттың аяғын дұрыс тұмасаған. Күн төгсында Бөккі чөлг іл – күн шығыста Бөккі шөлінің елі* (Күлтегін) т.б. Бұл айырмашылықты алғаш рет В.Томсен мен П.Мелиоранский көрсетеді [5, 92 б.].

Изафеттің үш типінің қайсысы негізгі тұлғасы деген пікір төңірегінде туркологияда әлі де әртүрлі пікірлер бар. Ғалымдардың ортақ пікірі, изафеттің ескі түрі – аффикссіз түрі, яғни I изафет дегенде келіп тіреледі. Бұл турасында Қ.Жұбанов көне түркі тілінде есім сөздердің атау тұлғада тұрып байланысуы тән екенін айтады [6, 21-22 бб.]. Бұл пікірді Н.К.Дмитриев те қуаттайды: “Бұлардың ішіндегі ең көнесі – бірінші түрі. Ол түркі тілдерінің дамуының өте көне дәуірін, морфологиялық көрсеткіштер әлі қалыптаса қоймаған және сөздердің бір-бірімен қатынасы тек синтаксистік тәсілдер арқылы болған дәуірін байқатады. Құмық, чуваш сияқты түркі тілдерінде де сөз тіркесінің осы типі көп қолданылады” [7, 224 б.].

Изафеттің II және III типтерінің қалай дамығандығы туралы пікір көп. Айталық, А.М.Щербак ілік септігінің қолданылуы арқылы жасалған изафеттік тіркес кейінгі уақыттың жемісі деп қарайды: “... поссессивті конструкцияларда морфологиялық көрсеткіштердің кейінгі кезеңдерде жалғана бастауын ескере отырып, шығыс Түркістан текстерінде жиі кездесіп отыратын *бэг аты, баш агыры, арай йагы* сияқты тіркестерді көне үлгілер деп қараймыз” [8, 87 б.].

Түркі тілдеріндегі изафет мәселесін зерттеген С.С.Майзельдің пікірінше, изафеттің негізгі белгісі – орын тәртібі болған. Тұлғалы аморфты изафеттен

кейін изафет, яғни релятивті аффикс жалғанатын изафет туған, содан кейін барып, анықтауышы ілік септігінде тұрған изафет жасалған [2, 51 б.].

Ж.Дени изафет типтерінің шығу төркінін былайша түсіндіріп береді: “Бір білікті адам – Паша ауылда бақша сатып алады. Алғашқы кезде онысы *pasanın bahsesi* – *Пашаның бақшасы* деп аталады. Кейін бұл тіркес жиі қолданыла келіп, *pasa bahsesi* – *Паша бақшасы* түрінде болып, тағы біраз уақыт өткен соң таза атауға (*pasa bahse* – *Паша бақша*) айналып кеткен. Ол атау жердің иесі ұмытылғаннан кейін сақталып қалады” [2, 151 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мусаев К. Лексика тюркских языков. – М.: Наука, 1984. – 232
- 2 Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 472 б.
- 3 Майзель С. Изафет в турецком языке. – М.: Высшая школа, 1957. – 156 с.
- 4 Гаджиева Н. Основные пути развития синтаксической структуры тюркских языков. – М.: Наука, 1973. – 408 с.
- 5 Мелиоранский П. Краткая грамматика казах-киргизского языка. – СПб., 1894. – 102 с.
- 6 Жубанов К. Исследования по казахскому языку. – Алма-Ата: Мектеп, 1966. – 370 с.
- 7 Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1948. – 276 с.
- 8 Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1961. – 204 с.

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ. Материал 19.01.12 ж. редакцияға түсті.

Л.А. БАЙНАЗАРОВА, А.А. ЖОЛДАСОВА
 ПУТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИЗАФЕТНЫХ СОЧЕТАНИЙ В ЯЗЫКЕ
 ТЮРКСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ
 L.A. BAINAZAROVA, A.A. ZHOLDASOVA
 THE WAYS OF USING IZAFET COMBINATIONS IN TURKIC MONU-
 MENTAL MANUSCRIPTS

Резюме

В статье рассматривается история возникновения одного из способов обозначения притяжательности – изафетных сочетаний и их использование в общетюркских письменных памятниках.

Resume

This article is to define some features of application of izafet combinations which are the special method of application of the possessive endings in common Turkic written monuments.

УДК 398.224(574)

Н.К. ЖУСУПОВ, М.Н. БАРАТОВА
ОСОБЕННОСТИ СОБИРАНИЯ ФОЛЬКЛОРА
МАШХУР ЖУСИПА

В рукописях Машхура под рубрикой «Сказанное Кудери ходжой Кошекулы» («Көшекүлы Күдері кожа сөйлеген») даются материалы «Абылайдың қалмақты Сарыарқадан көшіргені» («О том, как Абылай переселял джунгар из Сарыарки»), «Қалмақ ауғанда тамақ сұрап жылаған балаларына айтқан сөзі» («Обращение джунгаров к своим детям, требовавшим пищу»), «Қалмақтың Сарыарқаны жоқтап жылағандағы зары» («Плач джунгаров при потери Сарыарки») [1]. Эти варианты донес Кудери ходжа Кошекулы. А на вопрос «Каким образом они дошли до Машхур-Жусипа?» можно дать три варианта ответа: первый – Машхур-Жусип записал эти варианты из уст народа, то есть в том варианте, который был дан под рубрикой «Көшекүлы Күдері кожа сөйлеген» («Сказанное Кудери ходжой Кошекулы»). Или второй – Машхур-Жусип встречается с потомками Кудери ходжы Кошекулы и записывает из их уст. А если задаться вопросом «Почему Машхур-Жусип не переписал эти образцы у самого Кудери ходжы Кошекулы?», то необходимо вспомнить, что Машхур-Жусип жил после Кудери ходжы. Есть вероятность, что образцы хранились у потомков Кудери ходжы, и эти образцы использовал Машхур-Жусип. О том, что во время пеездок в Бухару, Ташкент Машхур-Жусип встречался с потомками Кудери ходжы Кошеулы, мы упоминали выше.

На наш взгляд, третий вариант ответа близок к правде. Потому что чтение наизусть этого фольклорного образца, составляющего 8 страниц, – не простое дело, и оно не под силу каждому. Если так, то вероятно, что Машхур-Жусип переписал эти образцы бытовых и обрядовых песен из рукописи Кудери ходжы.

Благодаря тому что Машхур-Жусип был известен среди народа, интеллигентные люди того времени давали ему свои рукописи. В свою очередь Машхур-Жусип не забывал упоминать их имена.

Пояснения по поводу вышеупомянутого Мейрам ходжы подчеркивают, что Машхур-Жусип переписывал из его рукописей. Тем самым, он указывал

его имя. Пояснения по поводу Мейрам ходжы, что он был летописцем, знал несколько языков, занимался исследовательской деятельностью, встречался с учеными, которые жили у него, среди них упомянуто даже имя В.В. Радлова, – все это определяет особенности методики сбора акына. Собирая материалы из уст народа, многие ученые-фольклористы не обращают внимания на то, из чьих уст они записывали эти образцы. Фольклористы В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, а также представители русской интеллигенции Л.Ф. Писемский, П.В. Киреевский, Н.Белозерский, М.Максимович, Л.Жемчужников, Н.Добролюбов, П.Кулиш, А.Метлинский, Г.И. Якушкин указывали полное имя того, из чьих уст записывали фольклорные материалы. А.Ф. Писемский и А.Метлинский говорили о необходимости давать полные пояснения по поводу тех, из чьих уст записывались фольклорные образцы. С их точкой зрения соглашались ученые З.М. Власова [2] и Б.П. Кирдан [3]. Ученый А.Д. Соимонов выражает точку зрения П.В. Киреевского о том, что встречаются некоторые трудности, когда даешь пояснения по поводу тех, из чьих уст записываются фольклорные образцы: «Киреевский старался показать исполнителей, но материалы, которые он записывал, далеко не всегда позволяли это сделать... что за исполнение песни об Аракчееве били батогами и ссылали... Собиратели, как правило, избегали называть имена таких песен» [4].

Ученый Б.П. Кирдан [5] точно поместил мысль Н.Белозерского о составлении списка исполнителей, в то время как видный фольклорист М.К. Азадовский приводит точку зрения Н.Добролюбова: «Добролюбов требовал точного указания, где и когда записана сказка, подробных сведений о самих носителях сказки, об их мировоззрении, об их отношении к аудитории, к рассказываемому тексту...» [6].

Ученый Б.П. Кирдан высоко оценил требования М.Максимовича [7] и П.Кулиша [8] о необходимости обзора автобиографии исполнителей. Л.Жемчужников [9] говорил о необходимости описания среды исполнителей.

Машхур-Жусип собирал среди народа героические эпосы «Қамбар батыр» («Батыр Камбар»), «Ер Тарғын» («Мужественный Таргын»), «Ер Көкше» («Мужественный Кокше»), «Ер Сайын» («Мужественный Сайын»), «Нәрік ұлы Шора батыр» («батыр Шора Нарикұлы») и др. [10]; лиро-эпические поэмы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» («Козы Корпеш и красавица Баян»), «Алтын бас, күміс аяқ» («Златоглавый, среброногий») [11]; также «Киік» («Сайгак»), «Бозторғай» («Жаворонок»), «Дін үйренетұғын» («Обучение религии») [12] и другие произведения. Поэмы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» («Козы Корпеш и красавица Баян») и «Ер Тарғын» («Мужественный Таргын») Машхур-Жусип переписал в 8 лет, в 1866-ом году из рукописи хазрета Камара. Мы являемся свидетелями того, что Машхур-Жусип дает пояснения по поводу лиро-эпической поэмы «Алтын бас, күміс аяқ» («Златоглавый, среброногий»), что он состоит из 200 строк, что собрал эту поэму В.В. Радлов [13]. Образцы, которые переписал из сборника В.В. Радлова, Машхур-Жусип разместил последовательно.

Вместе с тем, в рукописи имеется сведение о том, что объем героического эпоса «Сайын батыр» («Мужественный Сайын») составляет 2000 строк. Из вышеперечисленных фольклорных образцов изданы только «Алтын бас, күміс аяқ» («Златоглавый, сребреногий») и «Сайын батыр» [14] («Мужественный Сайын»), остальные еще не известны читателю.

Машхур-Жусип собирал среди народа и сказки: «Еділ-Жайық», «Көр ақтарған Жаманбай» («Жаманбай, осквернивший могилы») [15], «Баһырам патша туралы» («О повелителе Бахрам»), «Есен тентек туралы» («О шалуе Есен»), «Ертеде бір хан болыпты» («В давние времена жил-был хан») [16], «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама», «Еңсегей бойлы Ер Есім» («Высокорослый батыр Есим») [17]; «Алаша хан» («Хан Алаша») [18]; «7 жасар Желкілдек» («Семилетний шалунишка») [19]; «Ер Төстік» («Мужественный Тостик»), «Әз Жәнібек және бір ұста» («Мудрый Жанибек и мастер»), «Екі патша» («Два повелителя»), «Әділ би» («Справедливый би»), «Сүйіндік: Олжабай батыр» («Суондик: Батыр Олжабай») [20]; «Тама Сарыбас мерген» («Стрелец Сарыбас из рода Тама») [21] и др.

Среди собранных сказок такие образцы, как «Алаша хан» («Хан Алаша»), «7 жасар Желкілдек» («Семилетний шалунишка»), «Еңсегей бойлы Ер Есім» («Высокорослый батыр Есим»), «Тама Сарыбас мерген» («Стрелец Сарыбас из рода Тама») [22] изданы именем Машхур-Жусипа. Остальные еще не опубликованы. Машхур-Жусип пытался давать пояснения по поводу того, как и каким образом он собирал сказки среди народа, указывал, из чьих уст он записывал их. К примеру, сказку «Сүйіндік: Олжабай батыр» («Суондик: батыр Олжабай») Машхур-Жусип записал в 1865-ом году из уст акына Сакау. Свидетельством тому является письмо А.Маргулана Сердалы, сохранившееся в «семейном архиве». В письме дается следующая ссылка: «В 1865-ом году Машхур-Жусип записал из уст акына Сакау». В-первых, Машхур-Жусип знал, что записанный образец принадлежит к жанру сказки; во-вторых, образец записан из уст акына Сакау; в-третьих, образец записан в 1865-ом году / акыну было 7 лет/. Ясно, что приведенные сведения составляют паспорт данного фольклорного образца. А ссылки, указывающие на то, из чьих уст, когда, каким образом записан материал, являются одним из основных требований, предъявляемых к сбору фольклорных образцов в фольклористской науке.

Сказку «Тама Сарыбас мерген» («Стрелец Сарыбас из рода Тама») Машхур-Жусип записал из уст стрельца Сарыбаса из рода Тама Среднего жуза Карабура. В этой сказке описываются особенности охоты древних времен. Следовательно, материалы, раскрывающие тайны природы, историю народа подчеркивают значимость произведения. Кроме того, фольклорные образцы, собранные Машхур-Жусипом, были использованы и экспедицией ученого-фольклориста А.Диваева. Потому что среди рукописей в 1062-ой папке

сохранилась сказка «Еңсегей бойлы ер Қасым» (вероятно, «Ер Есім» – Н.Ж.). Наряду с вышеупомянутой сказкой, там имеется еще несколько фольклорных образцов. Автограф дан на обложке папки по образцу арабского письма. А внутри папки в конце сказки дается такое примечание: «По словам известного Машхур-Жусип Копеева». Следовательно, фольклорные образцы, собранные в папке, действительно принадлежат Машхур-Жусипу.

Известен факт, что Машхур-Жусип долго собирал образцы народной поэзии, из них пословицы и поговорки. По сравнению с другими фольклорными жанрами сбор пословиц и поговорок требует от ученого-фольклориста длительного времени и неустанного труда и поиска. Потому что пословицы и поговорки не встречаются в готовом виде. Их необходимо записать или из уст самого исполнителя, или записать их из рукописей. Здесь применяются вышеперечисленные основные три метода сбора.

Материалы, вошедшие в книгу «Казахские пословицы и поговорки» («Қазақ мақал-мәтелдері») принадлежат Машхур-Жусипу, но об этом, к великому сожалению, нигде не говорится. С 1930-го года в Центральном фонде рукописей библиотеки Академии наук Республики Казахстан хранится цикл пословиц и поговорок, собранных Машхур-Жусипом, объем которого составляет одну толстую книгу, 2500 строчных рядов. Кроме того, в «семейном архиве» хранятся и другие образцы пословиц и поговорок.

Рукописи Машхур-Жусипа ценны и разнообразием пословиц и поговорок. Здесь встречаются пословицы и поговорки о чертах характера человека, быте его, об обычаях и традициях, религии и т.д. К примеру, циклы пословиц и поговорок «Ат биен, алып анандан» («Конь рождается от кобылицы, богатырь – от матери») [23], «Екі қырағидан су қараңғы» («Из двух прозорливых совершенно слепой») [24], «Ұйқыда өскен бұзау өгіз болмайды» («Ленивый теленок не станет быком»), «Абылай аспас сары бел» [25], «Ала арқан жоғалды, бір лақ алып табылды», «Пірден емес, мұраттан» [26] имеют громное значение в познании хозяйственной жизни, религиозных верований казахского народа.

Количество пословиц и поговорок в рукописях Машхур-Жусипа составляет 176 [27]. В рукописях пословицы и поговорки пронумерованы в определенной последовательности. Пословицы и поговорки пронумерованы на каждой странице, в целом охватывают 13 страниц рукописи. В рукописи также дается список и других пословиц и поговорок [28].

Если при сборе фольклорных образцов автор не указывает, из чьих уст и откуда записаны эти материалы, это характеризуется в науке спешкой исследователя, непризнанием его трудов ученых, которые до него занимались этими вопросами. В своих рукописях Машхур-Жусип указывал, откуда он записывал каждую пословицу и поговорку. Например, пословицу «Байлық мұрат емес, // Жоктық ұят емес» («Бедность не порок, богатство не предел

мечты)), по словам Машхур-Жусипа, «приводил только вчера ушедший из жизни благородный, благочестивый ишан Гайса Бикей». Из его уст записал Машхур-Жусип.

Цикл, начинающийся с поговорки «Байды Құдай атқаны, // Жабағы күнін сатқаны», Машхур-Жусип записал из уст ходжы Шортанбая, а группу поговорок и поговорок, начинающихся со строк «Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды, // Үлгісіден би қойса, өсиеті болмайды» Машхур-Жусип записал из уст Мусы Шорманулы [29]. Таким образом, в рукописях Машхур-Жусипа очень часто встречаются пояснения, дополнения, касающиеся паспорта сбора фольклорных образцов из уст народа.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазбалар қоры, 1177-папка, 37-45 б.
- 2 Власова З.И., Писемский А.Ф.// Русская литература и фольклор /1-я половина XIX века/. Л., Наука, 1976, 403-404 б.
- 3 Кирдан Б.П. Собиратели народной поэзии /Из истории украинской фольклористики XIX века/. М., Наука, 1974, 160 б.
- 4 Соймонов А.Д. П.В.Киреевский и его собрание народных песен. Л., Наука, 1971, 185-186 б.
- 5 Кирдан Б.П. Собиратели народной поэзии./ Из истории украинской фольклористики XIX века/ М., Наука, 1974, 250 б.
- 6 Азадовский М.К. История русской фольклористики. Т.II, М., Учпедгиз, 1963, 222 б.
- 7 Қараңыз: Кирдан Б.П. Собиратели народной поэзии/ Из истории украинской фольклористики XIX века/. М., Наука, 71-72 б.
- 8 Сонда, 222 б.
- 9 Сонда, 268 б.
- 101 ҚР ОҒК ҚҚ.1178-папка, 45-49 б.; 1170-папка, 148-173, 225-289 б.; 1645-папка, 165-208 б.
- 11 Сонда, 1170-папка, 321-340 б.
- 12 Сонда, 1170-папка, 289-321 б.
- 13 Сонда, 1170-папка, 358 б.
- 14 Көпеев М.Ж. Танд. Шығ.жин. II-т., А., Ғылым, 1992, 138-146, 170-216 б.
- 15 ҚР Ғылым академиясы Орталық қолжазбалар қоры. 1175-папка, 171-217 б.
- 16 Сонда, 1173 “б”-папка, №1 дәптер, 14-20, 26-35, 151-155 б.
- 17 Сонда, 1645-папка, 86-88, 108-114 б.
- 18 Сонда, 215-папка.
- 19 Сонда, 1170-папка, 173-225 б.
- 20 Бұл деректер “әулеттік архивте” сақталған.

21 Көпеев М.Ж. Тама Сарыбас мерген ертегісі. // Зерде, №6, 1992, 27-28 б. /Материалды әзірлеген- Н.Жүсіпов/.

22 Көпеев М.Ж. Алаша хан. 7 жасар Желкілдек. //Танд. , II-том, А., Ғылым, 148-169 б.; Еңсегей бойлы Ер Есім.—Сонда 146-148 б.

23 ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазбалар қоры. 1177-папка. 90-100, 342 б.

24 Сонда, 1176-папка, 3-дәптер, 1-7 б.

25 Сонда, 1-дәптер, 10-13, 69-72 б.

26 Сонда, 1645-папка, 21,61-69 б.

27 Сонда, 1645-папка, 54-67, 69-70, 106-108 б.

28 Бұл деректер “әулеттік архивтен” алынған.

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова. Материал поступил в редакцию 12.10.11.

Н.Қ. ЖҮСІПОВ, М.Н. БАРАТОВА

МӘШҺҮР ЖҮСІПТІҢ ФОЛЬКЛОРДЫ ЖИНАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

N.K. ZHUSUPOV, M.N. BARATOVA

FEATURES OF COLLECTION OF FOLKLORE BY MASHHUR ZHUSIP

Түйіндеме

Мақалада Маһһур Жүсіптің фольклорды жинау ерекшелігі сөз болады.

Resume

This article discusses features of collecting folklore by Mashhur Zhusip.

ӘОЖ 372.881.1.811.512.122

А.Ф. ЗЕЙНУЛИНА

МАГИСТРАНТТАРҒА КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ

Тәуелсіз Қазақстанның білім мен ғылым кеңістігінде өрелі білім, өнегелі тәрбие беру ісі заманына лайық мүлдем өзгеше, жанаша сипат тауып отыр. Тек кемел білім, ғарышты ғылым ғаламатымен білім алушының, оның жеке тұлғасын дамытуды жоғары дәрежеге жеткізуді қатаң талап етуде.

Жаһандану кезеңінде ғылым мен білімді дамыту - әлемдік білім кеңістігіне ерудің мақсатын жүзеге асырудың қарымды қадамы, игілікті ісі

екені сөзсіз. Білімдендіру саласында жаңа білім стандартының жасалуы, басқа да жүріп жатқан білім мен ғылым туралы реформалар, олардың білім мазмұны кеңістігінде кең түрде қолданысқа түсуі – студенттер мен магистранттардың болашақ маман ретінде дұрыс қалыптасуына негіз болады.

Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, көзқарасы, шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр білім алушының қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзінің сенімін нығайту, негіздеп айтсақ, өзіне-өзінің жол ашуына түрткі жасау, тұлғалық – білімдік мінезін таныту – міне, бүгінгі білім берудегі басты мақсат - міндет.

Шығармашылық, кәсібилік, білімділік дегеніміздің өзі ізденімпаздықтан туады.

Білім алушының өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет, қабілет іздете білу, өмірден өз орнын, лайықты, дұрыс, өз мамандығының ғылымилығы мен біліктілігін білудің қаншалықты қиын екені де түсінікті. Бұл мәселелер – бүгінгі замандағы білім беру ісінің күретамыры. Ол үшін қазіргі білім беру ісінде білімдендіру сапасының толық тұжырымын жасап, оқыту нысанасының толық жүйесін кешенді түрде жасау – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Осы ретте білім мен ғылым кеңістігінде төмендегідей шарттар орындалу қажет:

Білім концепциясы, стандартты бағдарламаларды жаңарту, мақсаттарды анықтау, толықтыру, оның барлығын жеке тұлғағ, оны дамытуға қарай бейімдеу, жетілдіру арқылы бір тұтас кешенді білім жүйесін қалыптастыру.

Біздегі білім беру, оқыту үрдісі пәндік, белгілі бір ғылымның саласы арқылы жүзеге асып келеді. Магистранттар білімін жетілдіру, кәсіби қазақ тілін үйрету негізінде шығармашылық тұлға қалыптастырудың мақсаттары тұрғысынан қарастыру.

Білім мазмұнын байыту, жетілдіру, оны жүзеге асыру технологиясынан іздену де қазіргі басты мақсаттардың бір ғана емес, бірегейі. Білім берудің ең бастысы- білім мазмұны. Білім мазмұны технология арқылы жүзеге асады. Ал «технология» дегеніміз не? Ғалымдар пікіріне үнілсек, Ресей ғалымы С.А.Смирнов өзінің «Технология как средство обучения второго поколения» деген еңбегінде: бұл сөздің өндірістен келгенін, яғни шикізатты өңдеу, жасаудың амалдары екеніне тоқталады да, оған өзіндік анықтамасын береді: «Технология представляет собой алгоритмизированную последовательность операции получения какого-либо продукта, построенного на использовании технических или любых других средств под управлением человека. Это определенный способ обучения выполняет средство обучения под управлением человека. При этом учитель выполняет функции стимулирования и координации их деятельности», - дейді.

Ал енді бір ғалымдар технологияны модельдеу, жобалау, конструкциялау амалдарымен байланыстырады, конструкторлық технологияға ерекше назар

аударып, олар ойды бейнелеудің маңызын дәлелдеуге тырысады. Білімді тек сөздік әдісі емес, бейнеге, модельге түсірудің жолдарынан іздестіре отырып, оның әсіресе практикалық білім берудегі орнын анықтайды. Әрине, модель дегенде оның макет, сұлба, кесте түрде болатынын ұмытпау керек. Модель әсіресе болжам (прогноз) жасаудың негізі ретінде белгілі.

Технология туралы өз пайымдауымызға келсек, ол – ең біріншіден, диагностиканы басшылыққа алған жеке тұлғаға қарай бағыттаған мақсатты, сапалы оқу әрекетін ұйымдастыру. Магистранттың ғылыми тұлғалық даралығын ең алдымен, өз әрекетінің мамандық білім негізі мен ғылыми әлеуетін дамыту арқылы ғана дамиды. Ал әрекет іс-қимылдармен жүреді. Технология жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе. Технология оқытудың, білім берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың жаңа, нәтижелі ізденістерін талап етеді. Магистранттың ғылыми және кәсіби қазақ тілінде білім алу, даму, т.б. іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу, оған басшылық ету, білімді өз белсенділіктерімен менгеруіне түрткі жасау – технологияның басты белгілері.

Магистранттардың кәсіби қазақ тілін игеру үрдісінде оқыту әдістемесі мен технологиясының мына мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуі қажет:

Магистранттың оқу - ғылыми таным қызметін ұйымдастыру әдістері (методы организации учебно- научной познавательной деятельности).

Магистранттың оқу - ғылыми таным қызметін көтермелеу әдістері (методы стимулирования учебно- научной познавательной деятельности).

Магистранттың оқу - ғылыми таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістері (методы контроля за эффективностью учебно- научной познавательной деятельности).

Оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы тіл үйретуші әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты. Әдіс-тәсілдер деген не? Оқыту процесінде мынандай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе – кәсіби тіл білімі болса, екінші мәселе – магистранттың мамандық бойынша кәсіби қазақ тілін игеру болып табылады. Оқытушы мен магистранттың осы арақатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістері арқылы жүзеге асады.

Оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Мысалы, кәсіби қазақ тілінде ғылыми айтыс тудыратын сұрақтар магистрант ғылыми - танымдылық белсенділігін танытып, арттыратын тәсілдердің бір түріне жатса, мамандық мазмұнына қатысты мәтінді талдау магистранттың тәжірибелік жұмысын бақылаудың бір тәсілі, жолы деп есептейміз. Мамандыққа қатысты материалдарды оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі – иллюстриативтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық әдіс (ішінара іздәндіруші) әдіс, зерттеу әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше.

Әр топ бірнеше оқыту әдістерінен тұрады. Мысалы, 1-топтағы оқыту әдістеріне: сөздік (әнгіме, дәріс, пікірлесу), көрнекілік (иллюстрация, бейнелі

талдау, суреттеу, кестелік), практикалық (ғылыми талдау, ғылыми мәтінмен жұмыстар) әдістер жатады. Сондай-ақ репродуктивтік әдіс, эвристикалық әдістерді де осы топқа жатқызуға болады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей әр топтағы әдістемелердің өз мүмкіндігі ерекшелігі болады. Төмендегі кесте арқылы кей әдістерді қай мәнде пайдалану тиімді болады, соған тоқталайық.

Кәсіби қазақ тілін оқытудағы білім мазмұнын игерту әдістері

Сөздік әдіс	Көрнекілік әдіс	Практикалық әдіс	Зерттеу әдісі
Берілетін білім ақпараттық сипаттау тұрғысында жүзеге асырылады. Мамандыққа қатысты лексикалық минимум жиілігін жасау. Сөйлесім дағдысымен мамандыққа қатысты терминдерді қолданысқа түсіру.	Берілетін білім мазмұнын кестеге түсіру, ақпараттық блокта бейнелей білу. Кестелік мазмұндау арқылы мамандық тілінің сипаттамасын жасау.	Магистранттың теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежесін таныту. Ғылыми талдау, түйіндеме, аннотация жаза білу арқылы еркін сөйлеуге бейімдеу.	Берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту. Магистранттардың іздендіру жұмысын қалыптастыру. Магистранттың өздігінен ойлануы мен іскерлігін, өз беттерінше қорытынды шығару дағдыларын жетілдіру

Инновациялық оқу жұмысы оқу процесіне нәтижелі білім алуға бейімдейтін, жаңа технологияларды орынды енгізумен тұжырымдалады. Магистранттарға кәсіби қазақ тілін игерту үрдісінде – кабельдік және спутниктік теледидарлар, бейнеконференциялар, телефорумдар, телемарафондар, партфолио сияқты инновациялық технологиялар қолданысы оқыту жүйесінің сапасын арттыра түседі.

Негізгі әдістемелік инновациялар бүгінгі таңда оқытудың интерактивті әдістерін қолданумен байланысты. «Интерактив» сөзі бізге ағылшын тілінің «interact» деген сөзінен келген. «Inter»- бұл «өзара», «act» - әрекет ету дегенді білдіреді.

Интерактивті сөзі - өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Демек, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен магистранттың мамандық тілін игерудің өзара әрекет етуі жүзеге асырылады.

Бұл өзара әрекеттестіктің ерекшелігі мыналардан тұрады:

- білім субъектілерінің бір мағыналық кеңістікке келуі;
- күрделі мәселелер өрісінде шешілетін тапсырмаларды бірігіп көтеру, яғни бірыңғай шығармашылық кеңістікке қосылу;
- тапсырмаларды шешуді жүзеге асыратын әдістер мен құралдарды таңдауда келісушілік;

- жақын эмоциялық жағдайларда түрлі жағдайдағы күйге бірге түсуі, тапсырмаларды қабылдау мен жүзеге асыруда бойда болатын үндес сезімдерді бастан кешуі.

Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі.

Қытайдың ұлы философы Конфуций бір нақыл сөзінде: «Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін» деген екен. Жоғарыдағы оқыту мазмұны осы сөздердегі қуатты ұстанымға жүгінсе, білім мазмұнының қажеттілігі артары сөзсіз.

Интерактивті әдістерді пайдалану кезінде магистранттар түсіну процесіне толыққанды қатысушылар болады, оның тәжірибесі оқу танымының негізгі қайнар көзі қызметін атқарады. Оқытушы дайын білімді бермейді, бірақ магистранттар өз бетімен ғылыми ізденуге үйретеді. Білім берудің дәстүрлі нысандарымен салыстырғанда, ғылыми интерактивті оқытуда оқытушы мен магистранттың өзара әрекеттестігі ауысады: педагогтың белсенділігі магистранттың кәсіби - ғылыми белсенділігіне орын береді, ал педагогтың тапсырмалары олардың инициативасы үшін жағдай жасаушы болады.

Педагог өзі арқылы оқу ақпаратын жіберетін, өзіне тән фильтр рөлінен бас тартады, және жұмыста ақпарат көздерінің біреуінен көмекші рөлін атқарады.

Интерактивті оқыту интенсивті оқытуда да кеңінен қолданылады.

Бұл әдістерді игеру және қолдану үшін, оқытушыға топтық өзара әрекеттердің әр түрлі әдістемелерін білу қажет. Интерактивті оқыту өзара түсінікті, өзара әрекеттестікті, өзара байытуды қамтамасыз етеді.

Интерактивті әдістер ешқандай жағдайда да дәрістік материалдардың орнын ауыстырмайды, бірақ оны жақсы меңгеруге септігін тигізеді, және ең маңыздысы: пікірді, қатынастарды, мінез-құлық машығын қалыптастырады.

Интерактивті оқыту әдістеріне білім алу және оны дамыту процесіне белсенді ат салысуға тарту жатады:

Кәсіби мамандық тілін игертуде лексикалық сөздік қорын молайту мақсатын орындау үшін мына жұмыстар жүзеге асырылу қажет:

- Топтардағы жұмыс
- Бақылау парағы немесе сынақ
- Ғылыми талқылау
- Ғылыми түйіндеме жасау
- Жобаны әзірлеу және презентация
- Жағдайлық тапсырмаларды шешу
- Ғылыми сұхбаттар
- Ғылыми жариялым
- Мамандыққа қатысты кестелік презентация суреттерді талқылау
- Сұрақ – Квиз (бақылау) және т. б.

Мәтіннің ғылыми-түсініктемелік ақпараты ғылыми тұжырымдама негізінде толық, қарама-қайшылығы жоқ, біртіндеп дамиды ақпарат болуы тиіс. Ақпараттық көзқарас бойынша практикалық курсқа арналған мамандық мәтіннің мазмұны мамандыққа байланысты білімді неғұрлым көп қамтуы керек. Мәтіннің мазмұны нақты мәселеге арналған болады, өйткені онда болашақ маман өз мамандығы бойынша пайдалы түсінік алады. Оқу мәтіні бойынша білім алу әрекетін ұйымдастырамыз, және мамандықтың ақпаратын қамтамасыз етеміз.

Мамандыққа байланысты мәтіндерді аударуда әр түрлі әдіс-амалдарды қолдануға болады.

Қазақшадан орысшаға аудару, бұл магистрантқа мамандық бойынша берілген мәтіннің мазмұнын түсіну үшін қажет. Мәтінді аударудың бұл тәсілі қазақ тілді ұғымды тез қабылдауға, сөйлесім барысында жиі пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Орысша мәтінді қазақшаға аудару, әр уақытта білімді бекіту үшін, түсінікті қалыптастыру үшін пайдасы зор. Себебі жұмыстың бұл түрі қазақша білуді қажет етеді. Осы ретте айтатынымыз орысша мәтінді қазақшаға аудару екі тілді жетік білетін топтарда жүргізген дұрыс.

Мамандыққа қатысты ғылыми мәтіндерді қазақ тілінде аударумен бірге, онымен байланысты көптеген тіл дамыту жұмыстары жүргізілді. Олардың ішінде мәтіннің мазмұнын қазақ тілінде баяндау, әңгімелеу, мәтін мазмұны бойынша сұрақ-жауап сияқты толып жатқан т.б. жұмыстар жүргізіледі.

Атап айтсақ: сөйлемдердің ақпараттық ортасын табу, негізгі ұғымдар арқылы, негізгі фразаны құрастыру, негізгі тақырыптық ұғымды анықтау, мамандыққа байланысты сөздік жиілігін жасау, сөйлемдерге қажетті сегменттерді қою, мәтінге конспект жасау, мәтіннің тірек ойларын жазу сияқты жұмыстар атқарылса, мамандықтың мазмұнын, сипаттамасын ажыратуға мүмкіндік туғызамыз. ойымызды түйіндей келе, мамандық тақырыбындағы мәтін формуласы дұрыс құрастырылса, оған қажетті морфологиялық, синтаксистік, лексикалық тіл процедурасы толығымен дұрыс жұмыс ісетіні болады. Осы мақсат орындалған жағдайда ғана мамандықтың кәсібилік және ғылымилық тіл презентациясының талаптары орындалады.

Магистрант анализден бастап синтез, бағада жоғарылай түседі. Беспальконың еңбегі бойынша магистранттың білімді меңгеру сатысы төмендегідей үлгіде болып, магистрант оқытушы арқылы ғана емес, өзі, өзінің іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Технологияның негізгі ерекшелігі де, тиімділігі де осында. Магистрант білімі ғылыми деңгейіне дамыта оқыту арқылы жоғарылайды.

I саты магистрант деңгейі

II саты алгоритмдік

III саты эвристикалық

ГҮ саты шығармашылық

Біз белгілі ғалымдар Эльконин мен Давыдовтың дидактикалық жүйесі дамыта оқыту бойынша, ең алдымен «нені дамыту керек?» деген сұрақтарға жауап іздейміз.

Сонда: 1) сезімін, түйсігін; 2) қабылдауын, тұшынуын, ынтасын; 3) зейінін, еске ұстауын; 4) ұғынуын; 5) ойлауын, қиялдау, болжау, қабілетін; 6) ерік-қайратын; 7) оқу іс-әрекеттерін, дағды, машықтарын; 8) жауапкершілігін, дербестігін, өз бетінше ізденісін (жеке адам қасиеттері).

Сөйтіп, ең алдымен өтілгелі отырған оқу материалының негізінде, оның басты ерекшелігіне байланысты жүзеге асырылатынын білуге тиіспіз.

Екіншіден, оқу мақсатын шешу кезінде, яғни оқытушы мен магистрант іс-әрекетінің негізінде жүзеге асатынын, бұл процесте магистрант—субъект, ғылыми жетекші—ұйымдастырушы. (Мысалы: түсіндір, дәлелде, сарала, салыстыр, қорытынды жаса).

Осы реттегі тұжырым жинағы магистранттардың оқу, тындау, сөйлеу, жазу дағдыларын жүйелендіріледі.

Оқу:

1. Оқу тәсілдерін меңгеру;

2. Оқулық мәтіндерді, жарнамаларды, маңдайша жазуларды, нұсқауларды оқудың дыбыс-графемалық және дауыс ырғағы нормаларын ескеріп, дауыстап және ішінен оқу. Мәтіннің түпнұсқасын түсінуге тырысу;

3. Таныса және зерттеп оқу элементтерін меңгеру;

4. Анықтама әдебиетпен өз бетімен жұмыс істеу.

Жазу:

1. Графика мен орфографияны меңгеру;

2. Диктант, бланктарды, сауалнамаларды және декларацияларды жаза білу.

Тындау:

1. Оқытушы мен магистранттың арасында қарым-қатынастың қарапайым деңгейін қамтамасыз ету үшін оқытушының нұсқауларын дұрыс түсіну;

2. Оқылған тақырып көлемінде қазақ тілінде айтылған сөйлемдерді түсіну.

Сөйлеу:

1. Диалог-сұраудың, ақпаратты алуға арналған диалогтің әр түрлі функцияларын меңгеру;

2. Ілікпе фразаларды пайдаланып, әңгімені жалғастыра білу, ақпарат алуды, өзін-өзі таныстыруды, дәлелдеуді, бас тартуды, алғыс айтуды, кешірім сұрауды, ақпаратты анықтауды, қарсы қойған сұрауды, байланыс аяқталғанын білдіретін іскерлік құрылымдарды меңгеру;

3. Монологтық сөйлеуді меңгеру (сипаттау, хабарлау);

4. Басты және жанама ақпаратты белгілеуді немесе мәтінді қысқартуды (компрестей) білу керек.

Қурстық сабақтар сіздің алдыңызға қойған мақсаттарға жетуге көмек ретінде жоспарланған:

- қысқаша жазба жұмысы, яғни үй тапсырмасын орындау, құжаттарды толтыруда жазу дағдыларын, мәтінді сыни талдау дағдысын, критикалық оқу және жетілдіруге көмектеседі.

Дәрісханадағы ситуацияларды дамытуда қойылған сұрақтар және алынған жауаптар, талдау дағдысына, сыни оқу дағдысына, сөйлеу дағдысына және құжаттарды толтыруға;

- талдау кейсі қазақ тілінде сөйлеу, ойлау әрекетін дамытуға, лексика-грамматикалық талдауға, сөйлеу үрдісінде өзінің пікірін жалғастыруға серіктесімен өзара талдауға;

- жеке және топтық жобаға қатысу зерттеу жұмысын және презентацияны жүргізу, сол сияқты талдау, дербес ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Жұмыс түрлері және оларды орындаудың тізімі.

а) нақты оқу ситуациялары (Case study) – магистранттарға көптеген ситуацияларды ұсынады, оларды дамытып, сұрақтарға жауап беріп, мәселеге байланысты көзқарасын білдіру және өзінің кейсін жазу;

б) жылдам оқу (Skim) – оқу бағдарламасына (Syllabus) байланысты берілген деректерді оқу;

в) тақырып бойынша шолу жасау (Review) – Интернет, ақпараттық қор және мерзімді баспасөз материалдарынан алынған қосымша деректер мен берілген тақырыпқа 1-2 бет қысқаша әдеби шолу жасау;

г) глоссарий (Glossary) жасау – орыс тіліндегі терминдер және түсініктемелердің қазақ тіліндегі аудармасы мен қысқаша түсіндірме тақырып бойынша орындалады;

д) таныстыру - өзін таныстыруда магистрант кез келген тақырыпты таңдауына болады және кез келген аспект бойынша өзінің түсінгенін немесе түсінбегенін білдіре алады. Таныстыру уақыты – 8-10 мин. Таныстыру бойынша бағаланады: қаншалықты тақырып ашылғаны, аудиторияның көңілінен шығуы магистранттың мәселені қаншалықты кәсіби қарастыруы;

е) аударма сайма-сай, толық, логикалық байланысты, мағынасы бойынша барабар болуы керек;

Талап және нәтиже.

Магистрант өз қызығушылығын жеткізе алу қажет. Барлық тапсырмалар берілген мерзімге дейін орындалуы тиіс.

1. Мектепте, бакалавриатта алған тілдік білімдерінің негізінде ғылыми мәтіндерге ортақ кейбір лексика-грамматикалық заңдылықтарды қарастыра отырып, магистрантты өз бетімен ізденуге бағыттау.

2. Мамандығына қатысты ғылым саласы бойынша мәтіндерді оқып, түсініп талдауға, ой қорытып, тұжырым жасауға, пікір алысып ойын ортаға салуға машықтандыру.

3. Ғылыми ортада қарым-қатынас жасау, өз ойын жеткізу, сұхбат құрып, ғылыми стилінің мүмкіндігімен ғылыми мақала жазуға дағдыландыру.

Оқытудың негізгі міндеттері

-Ғылыми сөйлесім үлгісін үйрету;

-Ғылыми ой-пікірін ғылыми стильде жазып, грамматикалық формада меңгерту;

-Ғылыми білімін тереңдету;

-Ғылыми ой-пікір айта білуге үйрету;

-Мамандық бойынша ғылыми материалдарды түсіну, баяндай білуге, түйін жасауға машықтандыру;

-Кәсіби терминдермен жұмыс істеуге, кәсіби-ғылыми мақалаларға ғылыми талдау жасауға жаттықтыру.

Ойымызды қорытындылай келе, жаңа заманауи талабына сай келетін ғылым мен білімді дамыту жолындағы білім мазмұны сапалық жағынан әлемдік стандартқа сай келсе, бүгінгі қойып отырған мақсат-мүддеміз жүзеге асатыны сөзсіз. Жоғарыда талдауға түскен мәселелердің бірі – магистранттарға, яғни ғылым кеңістігіндегі ғылыми дәрежесін жетілдіру мен тұрақтандырудағы кәсіби қазақ тілінің оқыту мен үйретудің білім мазмұнның қаншалықты маңызды екеніне мән берілді. Кәсіби тіл меңгерілімі болашақ ғылыми тұлғаның қалыптасуындағы басты мәдениет, біліктілік, ғылымилық деп түсінуіміз қажет. Білім жүйесінің заман талабының сұранысының өтеуінің ерекшелігі де осында.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ақпараттық технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктері мен білім беруді ақпараттандырудың қазіргі жай-күйіне шолу // «Ұлт тағылымы» журналы. - 2007. - № 1. - 84-91 б.

2. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын мәтіндер, мәтінмен жұмыс түрлері // «Ұлағат» журналы. - 2007. - № 2. - 96-101 б.

3. Оқушының зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдары // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. - 2007. - № 4. - 116-120 б.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. Материал 08.12.11 ж. редакцияға түсті.

А.Ф. ЗЕЙНУЛИНА

СИСТЕМА

ОБУЧЕНИЯ

МАГИСТРАНТОВ

ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

A.F. ZEINULINA

THE SYSTEM OF TEACHING PROFESSIONAL KAZAKH LANGUAGE TO UNDERGRADUATE STUDENTS

Резюме

В представленной статье в разрезе анализа проблем обучения магистрантов казахскому языку рассмотрены вопросы, связанные с качеством речевой компетенции.

Resume

The given article views the issues connected with the speech competence through observing the problems of learning specific Kazakh language by the undergraduate students.

УДК 811.512.19

**А.М. КАЛДЫБЕКОВА, М.Т. ШАКЕНОВА
К ВОПРОСУ О ПОНЯТИИ ТЮРКИЗМА
В ЛИНГВИСТИКЕ**

Исследование тюркизмов в русском языке является одной из традиционных языковедческих проблем. При раскрытии вопроса о тюркизмах актуальным является проблема заимствования в языке, поскольку заимствование – один из важнейших факторов в развитии языка. Каждое историческое событие, так или иначе, оставляет заметный отпечаток в языке.

Интерес в научной литературе к иноязычной лексике в русском языке проявляется более века назад и с того времени они постоянно находятся в поле зрения лингвистов. Значительный вклад внесли работы таких зарубежных и отечественных исследователей, как Р.Ф. Брандт, Е.Ф. Карский и др., М.П. Алексеев, Д.С. Лотте, Э. Хауген, Л.В. Щерба, И. Крейн, Ю.С. Сорокин, Л.П. Крысин, М.М. Маковский и др. Изучение процессов ассимиляции и функционирования заимствований, а также дальнейшая разработка различных теоретических вопросов заимствования представлены в работах Л.П. Ефремова, А.В. Суперанской, Г. Хютль-Ворт, Е.Э. Биржаковой, Л.А. Войновой и Л.Л. Кутиной, В.М. Аристовой, С.А. Беляевой, Л.П. Крысина, М.М. Маковского, В. Сенько, А.К. Казкеновой и др.

Современная языковая ситуация, в которой существует и функционирует русский язык, показывает, что заимствования являются одним из наиболее актуальных вопросов современного языкознания и представляют собой многоаспектный и достаточно сложный объект исследования.

Одной из неразрешенных и вызывающих множество вопросов является такая сторона исследования заимствований, как их источник. В лингвистической науке представлены разные попытки решения данного вопроса. Так, например, согласно одной из научных позиций, суть понятия источника заимствования определённого слова составляет генетический

компонент, т.е. его происхождение (В.Г. Демьянов, Л.П. Крысин, А.А. Реформатский, Н.М. Шанский и др.). Также считается, что языком-источником иноязычной лексической единицы является язык, одновременно являющийся языком её происхождения, и языком, непосредственного заимствования (Л.П. Крысин, Э.В. Кузнецова, А.П. Нестеров, Н.А. Шестакова) [1].

Многие ученые полагают, что язык-источник – это язык, непосредственно из которого заимствуется иноязычная лексическая единица, который является определяющим фактором при присвоении иноязычного слова (И.В. Арнольд, Ю.С. Сорокин, Г.А. Хабургаев) [7].

Также важно при изучении заимствований, при определении языка-источника учитывать семантический компонент. При этом считается, язык-источник – язык становления значения, с которым и заимствуется слово (Е.Э. Биржакова, Л.А. Войнова, Л.Л. Кутина) [1].

В лингвистике существует попытка объединить в исследовании источника заимствования генетический и семантический компоненты, последний из которых является первостепенным (В.М. Аристова, С.А. Беляева) [8].

Под заимствованием мы понимаем универсальное языковое явление, заключающееся в акцепции одним языком лингвистического материала из другого языка вследствие экстралингвистических контактов между ними, различающихся по уровню и формам [2].

Помимо источника языка актуальным при изучении иноязычных слов является вопрос об их освоении. Так, в работах Л.П. Крысина решаются такие аспекты проблемы заимствования, как причины заимствования, виды мигрирующих элементов, виды иноязычных слов, освоение языка в заимствующем языке, разные стороны освоения и др. [3].

Лексическое заимствование является первой ступенью иноязычного влияния. Его специфика заключается в том, что слово заимствуется «не целиком, как полное, законченное, грамматически оформленное слово, а только ... как более или менее оформленный кусок лексического материала, получающий новую оформленность лишь в системе средствами другого языка, языка заимствовавшего» [4].

В связи с этим заимствованное слово начинает подстраиваться фонетическим, словообразовательным, грамматическим нормам нового языка и меняет свою звуковую оболочку, грамматические признаки и нередко смысловый объем.

Интересным является разграничение в трудах Л.П. Крысина понятий иноязычного и заимствованного слов. Иноязычное слово, по мнению ученого, в языке-рецепторе проходит определенные этапы и виды освоения, в результате чего оно становится заимствованным, то есть вошедшим в лексическую систему языка. Для заимствованного слова характерны такие признаки, как функционирование в языке, соотношение с другими лексическими

единицами, регулярность появления в речи и в связи с этим соотношение системного, регулярного и речевого, окказионального применительно к каждому новому слову [3].

Следует отметить, что заимствование рассматривается исследователями как определенный способ номинации. Так, А.К. Казменова описывает соотношение «заимствование – иноязычный прототип» и выделяет ряд признаков данной зависимости: 1) в значительной степени конвенциональность зависимости заимствования от иноязычного прототипа (употребление заимствованных слов не является показателем свободного владения языком источником); 2) заимствование как результат воспроизведения иноязычного материала; 3) сопровождение воспроизведенного иноязычного материала формальными (чаще, фонетическими) и/или семантическими отступлениями от него; 4) актуализация мотивированности уже освоенного заимствования, что приводит к формальной либо семантической корректировке и др. [5].

Таким образом, иноязычная лексика – общее наименование слов иноязычного происхождения, освоенных и неосвоенных принимающим языком. Заимствованная лексика – иноязычная лексика, освоенная языком-реципиентом.

Изучением тюркизмов еще занимались такие ученые, как Я.О. Ярцев, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, Ф.Е. Корш, Н.К. Дмитриев и др. Значительный вклад в разработке данного вопроса внесли И.Г. Добродомов, Х.Х. Махмудов, А.В. Миртов, Н.А. Баскаков, К. Менгес и многие другие ученые-лингвисты. Также тюркизмы исследуются на материале древнерусских памятников (И.Г. Добродомов, Х.Х. Махмудов, Н.Ж. Шаймерденова, М.К. Шарипова), в диалектной лексике (Л.Л. Аюпова, А.А. Селимов), в аспекте диахронии (Ю.С. Сорокин, Н.И. Гайнуллина), на уровне словообразования (Л.Ж. Умурзакова), по тематическим группам (А.К. Жеримбетов), в языке художественной и периодической печати (К.Г. Менгес, Л.К. Мендекинова, Р.С. Зуева, Л.К. Жаналина, З.К. Сабитова и др.).

История изучения тюркизмов имеет давнюю традицию, восходящую к первой половине 18 века. Первые попытки анализа тюркизмов были сделаны А.Е. Крымским, Х.Д. Френем [6].

Интенсивное изучение тюркизмов, основанное на установлении этимологии заимствований в русском языке из тюркских и восточных языков, в 30-е гг. XIX века началось с трудов Ф.И. Эрдмана, И.Н. Березина, А.А. Бобровникова, А.К. Казембека, В.В. Григорьева, С.К. Булича, Ф. Миклошича, А.О. Мухлинского. Значительный вклад в исследование тюркизмов в конце XIX-начале XX в. внесли известные тюркологи П.М. Мелиоранский и Ф.Е. Корш [6],[7],[8].

В изучении тюркских языков в дореволюционный период оставили фундаментальные труды русские ученые – З.А. Алексеев, А.И. Беляев,

А. Вышнегорский, И.И. Ильминский, С.А. Лапин, Н.С. Лыкошин, В. Наливкин, М. Наливкина. Неоценим вклад в изучение тюркских языков известного ученого В.В. Радлова. Важно отметить имя известного тюрколога А.Н. Кононова, который в своей монографии «История изучения тюркских языков в России» подробно описывает историю изучения тюркизмов в русском языке [6],[9],[10]. Н.К. Дмитриев в работе «Строй тюркских языков» отмечал, что анализ тюркизмов необходимо производить только в контексте: «Это условие можно соблюсти только тогда, когда мы будем исследовать язык какого-нибудь цельного исторического памятника определенной эпохи» [11].

Отметим, что изучению тюркизмов в словарном составе русского языка посвящено большое количество работ как отечественных, так и зарубежных ученых (труды В.И. Абаева, В.Д. Аракина, Г.Б. Асланова, Н.А. Баскакова, И.Н. Березина, В.А. Гордлевского, Н.К. Дмитриева, И.Г. Добродомова, А.Н. Кононова, М.М. Копыленко, Ф.Е. Корша, Х.Х. Махмудова, К.Г. Менгеса, П.М. Мелиоранского, С.Е. Малова, А.Д. Эфендиевой, Р.А. Юналеевой и мн. др.). Тем не менее, исследование тюркизмов до настоящего времени очень актуально, поскольку в лингвистике остается еще много нерешенных проблем, связанных с освещением вхождения тюркизмов в лексическую систему русского языка [6].

При определении языкового феномена «тюркизм» в лингвистике существуют разные точки зрения. Так, ученые используют следующие термины: тюркизм (Н.К. Дмитриев, Х.Х. Махмудов, Л.П. Ефремов); казахизм (М.М. Копыленко, З.К. Ахметжанова, Т.У. Жолтаева, Б.Х. Хасанов); туркменские заимствования (О. Назаров, А.Х. Джумалаков); башкирские заимствования (Р. Халикова, Е.М. Смирнова); киргизские заимствования (И. Бажина, А.К. Абдульманова); узбекизмы (К.Н. Нишанбаев, Л.Емельянцева), якутская лексика (К. Платонова); восточная лексика (Р. Бигаев, И.У. Асфандияров, Г.Н. Асланов), ориентализмы (Г. Гилазетдинова); среднеазиатская лексика (И.Е. Гальченко, А.Е. Супрун, Э.Н. Кушлина); экзотическая лексика тюркского происхождения (К. Сапаров).

Как видно из данных названий, в основу выбора терминологии кладутся разные основания: этимологический, топонимический либо функционально-стилистический признаки.

Наиболее распространенной является понимание тюркизма, изложенное в трудах П.М. Мелиоранского, Ф.Е. Корша, С.Е. Малова и других ведущих ученых-тюркологов. Они понимают под тюркизмом заимствованное из тюркских языков слово тюркского происхождения [12],[7],[8].

Н.К. Дмитриев и его последователи отмечают, что понятие тюркизма используется для обозначения всех лексических заимствований из тюркских языков независимо от их происхождения [11].

Р.П. Юналеева рассматривает тюркизм, как любое исконное или заимствованное слово, как понятие историческое. В связи с этим считает, что все его лексико-семантические связи (в том числе и синонимические)

определяются функционально-стилистическим статусом, характерным для хронологически определенного периода бытования в языке-рецепторе [13].

В современной лингвистической науке также нередко при обозначении слов, заимствованных из тюркских языков, используют термины «восточная лексика» или «ориентализм» (Р. Бигаев, И.У. Асфандияров, Г.Н. Асланов, Г. Гилазетдинова и др.). Применение термина «восточная лексика» ученые обосновывают тем, что первоисточником большинства тюркских заимствований являются восточные языки (персидский, иранский, арабский). Кроме того, в существующих научных трудах мнения тюркологов по проблеме происхождения ориентализмов и определения конкретного языка – источника тюркизмов во многом расходятся [14], [15], [16].

В трудах некоторых исследователей можно встретить такие термины, как казахизмы, узбекизмы, киргизизмы и т.д. [17].

Использование данных терминообозначений связано с тем, что ученые стремятся более дифференцированно рассматривать тюркизмы с позиции отнесенности к определенному национальному языку, что позволит более полно охарактеризовать русско-тюркские связи, в частности, русско-казахские, русско-узбекские и прочие связи. По мнению исследователей, это необходимо для изучения истинной принадлежности тюркских лексических элементов к тому или иному определенному национальному языку.

Рассмотрим более подробно понятие казахизма. Под казахизмами исследователи понимают лексические единицы, заимствованные русским языком из казахского или чрез посредство казахского языка. Так, например, русский язык на территории Казахстана имеет тесные контакты прежде всего с казахским языком, и заимствование слов, квалифицируемых как тюркизмы, происходило из казахского или чрез казахский язык [17].

Также в языкознании существуют терминообозначения слов тюркского происхождения с точки зрения их топонимической ориентированности. Так, например, такие ученые, как И.Е. Гальченко, А.Е. Супрун, Э.Н. Кушлина, используют термины «среднеазиатская лексика», «регионализмы» [18], [19].

С позиции функционально-стилистической характеристики также слова тюркского происхождения некоторые ученые называют тюркизмами-экзотизмами, варваризмами-тюркизмами [20].

Разное обозначение слов тюркского происхождения обусловлено тем, что это многоаспектная языковая единица и в ее в понимании исследователи учитывают различные признаки. Мы понимаем тюркизм как слово или оборот речи в русском языке, заимствованный как непосредственно из какого-нибудь тюркского языка, так и опосредованно через другие языки.

В настоящее время в научной литературе наблюдается многоаспектность к исследованию тюркизмов. Так, важным является рассмотрение тюркизмов в фонетическом, семантическом, морфологическом и синтаксическом

планах При рассмотрении степени освоения тюркизмов ученые используют понятия адаптации и ассимиляции. О.Г. Шитова предлагает разграничивать данные понятия следующим образом: адаптация (от лат. приспособление, прилаживание) – формальное, то есть фонетическое и морфологическое освоение иноязычной лексики принимающим языком. Ассимиляция (от лат. уподобление, отождествление) – словообразовательное и семантическое освоение языком-реципиентом. По мнению ученого, иноязычное слово становится базой для образования дериватов, словообразовательных цепочек и словообразовательного гнезда, если оно имеет устойчивое изменившееся или не изменившееся в новой языковой системе лексическое значение. Обладает определенным и разнообразным набором лексических валентностей, вступает в синонимические, антонимические, родовидовые и другие отношения с лексическими единицами принимающего языка, - он есть, если налицо признаки словообразовательной и семантической освоенности иноязычного слова, то оно является полноправным членом словаря данного языка, полностью уподобляясь по своим свойствам другим элементам лексико-семантической системы [21].

Таким образом, проблема изучения тюркско-русских языковых контактов, а именно тюркских элементов в русском словарном составе, имеет давнюю традицию. В обозначении такого языкового феномена, как тюркизм в лингвистике существует множество обозначений. Под тюркизмом мы понимаем все лексические заимствования из тюркских языков независимо от их происхождения. Также считаем, что процесс освоения тюркизма как иноязычного слова языком-рецептором предполагает его формальную адаптацию (звуковую, орфографическую, акцентологическую, грамматическую) и семантическую ассимиляцию.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Крысин Л.П. Иноязычные слова в современном русском языке. - М., 2006. - 208 с.
- 2 Белоусов В. Иноязычные слова в русском языке // Наука и жизнь. - 2003 - №8.
- 3 Крысин Л.П. Заимствования и заимствованные слова. – М.: Наука, 1986. – 166 с.
- 4 Сороколетов Ф.П. История военной лексики в русском языке XI-XVII вв. - Л.: Наука, 1970. - 383 с.
- 5 Казкенова А.К. Мотивированность заимствованного слова и ее актуализация в русском публицистическом тексте// Функциональная лингвистика: состояние и перспективы. Материалы межд. науч. Конференции, посвященной 75-летию КазНПУ им. Абая. – Алматы, 2003. – С. 188-193.
- 6 Бурибаева М.А. Лексическая вариативность тюркизмов в памятниках русской письменности 11-17 вв./ Дисс. ... к.филол.наук. – Алматы, 2005.

- 7 Корш Ф.Е. Попыты объяснения заимствованных слов в русском языке // Изв.имп. АН.- VI сер.- Т.1.- № 17.- СПб., 1907.- С. 755-768.
- 8 Мелиоранский П.М. Араб-филолог о турецком языке. Арабский текст издал и снабдил переводом и введением П.М.Мелиоранский.- СПб., 1900.
- 9 Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. - Л.: Наука, 1972. - 271 с.
- 10 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий: В 4 т. - СПб., 1893-1911.
- 11 Дмитриев Н.К. О тюркских элементах русского словаря // Строй тюркских языков.- М.: Изд-во вост. лит-ры, 1962. - С. 503-569.
- 12 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности: Тексты и исследования. - М.- Л.: Изд-во АН СССР, 1951. - 452 с.
- 13 Юналеева Р.А. Опыт исследования заимствований (Тюркизмы в русском языке сравнительно с другими славянскими языками).- Казань: Изд-во Казан. ун-та, 1982. - 120 с.
- 14 Асфандияров И.У. Восточная лексика в русском языке.- Ташкент, 2005.
- 15 Ориентализмы в современных справочных и учебных изданиях / К.Р.Галиуллин, Г.Н.Каримуллина // Бодуэновские чтения: Междунар. науч. конф.: Тр. и матер.: в 2 т.- Казань: Изд-во Казан.ун-та, 2001. - Т.2. - С. 9-11.
- 16 Ориентализмы в учебных этимологических словарях русского языка / Г.Н.Каримуллина // VI Межвуз. науч. конф. студ.-филол.: тез. (7-11 апр. 2003 г., Санкт-Петербург). - СПб., 2003. - С. 65-66.
- 17 Абилхасимова Б.Б. Казахизмы в русскоязычных газетах Казахстана (2 половина 19 и конец 20 вв.)// Автореф. дисс. ... к.филолн. – Алматы, 2002.
- 18 тСупрун А. Е. К этимологии слова полтина// Этимологические исследования по русскому языку, вып. II. – М.: Изд. МГУ, 2006.
- 19 Кушлина Э.Н. Среднеазиатская лексика в русском языке (На материале газет Узбекистана и Таджикистана): Автореф. дис. ... к. филол н.- Душанбе, 1964. - 21с.
- 20 Сагдулаев Д.С. Тюркизмы в творческом контексте С.П. Бородина// Автореф. дисс. ... канд. филол. н. – Алма-Ата, 1975. – 25 с.
- 21 Шитова О.Г. Западноевропейские заимствования в русской разговорной речи 17 века (проблема ассимиляции)/ Автореф. дис. ... к. филол н. – Томск, 1986. – 26 с.

Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауезова.
Материал в редакцию поступил 29.03.12.

А.М. ҚАЛДЫБЕКОВА, М.Т. ШӘКЕНОВА
ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ТҮРКИЗМ ҰҒЫМЫ ТУРАЛЫ
А.М. KALDYBEKOVA, M.T. SHAKENOVA
THE CONCEPT OF TURKISM IN LINGUISTICS

Түйіндеме

Бұл мақалада қарызға алу сияқты қарызға алудың ұғымы және торкизм ерекше түрінде қаралады, ғылыми әдебиет көрсетілген басқа жапсарлас анықтаулардан осы терминнің шектеуі жүргізіледі.

Resume

This article discusses the concept of borrowing and Turkism as a special type of borrowing, wires a distinction of the term of the other related definitions presented in the scientific literature.

ӘОЖ 170

М. ҚАНАБЕКОВА ҚАЗАҚ ТІЛІ СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кез-келген қоғамдағы әрбір әлеуметтік құрылымдарға олардың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес тілдік қатынастың мақсаты мен бағытында айырмашылықтары бар әртүрлі коммуникативтік сала қызмет етеді. Қазіргі заманға сәйкес коммуникативтік салалардың санын әр ғалым әр түрлі көрсетеді. Қазір қолданбалы стильдер коммуникативтік саланың тілдік корреляты ретінде танылып жүр. Әдеби тілдің дамуы мен нормалануы оның стильдерінің қалыптасуымен бірдей жүреді.

Жалпы, тілдің стильдік жағынан тармақталуы - тілдік құрылымның ішіндегі дамуы жағынан қоғаммен ең тығыз байланысты сатысы. Стильдік құрылымы басқа тілдік құрылымдарға қарағанда тілдің қоғамдағы қызметінің дамуымен әрқашан бірлікте болады. Қатынас мақсатының өзгеруі тілдік құралдарды қолдануға да өзгерістер әкеледі. Мысалы, қарапайым әңгімелесуде ауызекі сөйлеу стилі, ақпарат беруде ғылыми стиль, әсер ету үшін публицистикалық стиль қолданылады. Коммуникативтік сала және бұл салаларға сәйкес стиль түрлерінің болуы белгілі әлеуметтік-мәдени құрылыммен байланысты. Қолданбалы стильдер мен коммуникативтік салалар арасында өзара сәйкестік жоқ. Стильдің бір түрі адам әрекетінің әр түрлі салаларында қолданыла береді. Теориялық жақтан әр коммуникативтік сала арнаулы қолданбалы - тілдік бірліктердің жасалып, қалыптасуына ықпал етуі керек, ал іс жүзінде барлық тілдерде мұндай сәйкестік жоқ.

Әлеуметтік және тілдік элементтердің толық сәйкестігі болмайтындығы үнемі есте болуы керек, өйткені стильдің бір түрі әр түрлі коммуникативтік салаларда қолданыла береді немесе керісінше бір ғана салада әр түрлі қолданбалы тілдік көрініс табуы мүмкін. Мысалы, кез-келген қоғамда

коммуникативтік саланың бірі ретінде саналатын баспасөз тілінде әр түрлі стиль элементтерінің қатар қолданыс табуын С.Исаев былайша түсіндіреді: «Мерзімді баспасөз тілі ... ресми стильге тән элементтер жүйесінің қолданылуы негізінде, ғылыми әдебиеттер, ресми іс қағаздар тіліне жақындап, көркем әдебиет тілінен ерекшеленіп отырса, екінші жағынан, яғни көркем стильге тән тілдік элементтер жүйесінің қолданылуы негізінде, керісінше, ғылыми әдебиеттер, ресми іс қағаздар тілінен оқшауланып, көркем әдебиет тіліне жақындай түседі. Міне осыдан келіп мерзімді баспасөз тілінің атқаратын қызметіне қарай тілдік элементтерді сұрыптап қолданылуына белгілі бірлік пен қарама-қайшылықты, содан туындайтын күрделі тілдік процесті байқаймыз».

Қазіргі қоғамымыздың барлық салларында әр түрлі стильдер араласып, бір-біріне әсер етіп және қатар өмір сүріп жатуы сапалық тұрғыдан жаңа қолданбалы тілдік бірлік тіл білімінде конвергентті стиль деп аталып жүр.

Көркем әдебиет тіліндегі конвергентті стиль деп дәл аталмаса да, проза тілін зерттеген ғалым Е. Жанпейісов «Көркем әдебиет тілінде басқа да функционалдық стильдердің элементтері қоса пайдаланылады. Өйткені, саяси, ғылыми және осы сияқты өзге де әдебиет түрлеріне қарағанда көркем әдебиетте қамтылатын өмірлік құбылыстар әлдеқайда жан-жақты болып келеді. Міне, көркем шығарманың осы ерекшелігіне байланысты оның тілінде барлық функционалдық стильдердің элементі, ғылыми-техникалық терминдермен, кәсіби лексика элементтерімен қоса, түрлі экспрессивті және эстетикалық мәндегі образды сөздер, мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестер, архаизмдер мен неологизмдер, қарапайым сөйлеу тілі элементтері, ауызекі тілдегі жергілікті ерекшеліктер, ретіне қарай тіпті варваризмдер де қолданылады, аралас жүреді» деп көрсетеді.

Қазіргі қоғам мен тіліміз тұрғысынан көркем әдебиетті коммуникативтік саланың бірі ретінде танысақ, бұл пікір қоғамдағы салалар мен стильдер арасындағы байланысты біз сөз етіп отырған мәселе аясында айтылып отыр деп айта аламыз.

Конвергентті стильде қазақ әдеби тілінің барлық стильдеріне тән тілдік қолданыстарды көруге болады. Бұл әсіресе, сырт қарағанда бір бірінен алшақ көрінетін стиль түрлерінде бірдей тілдік элементтердің қолданыс табуынан білінеді. Қазіргі таңда әдеби тілдің стильдік тармақтары сараланып, орнығуына байланысты барлық жанрларда стилизация құбылысы көріне бастады. Оның ішінде тарихи стилизация құбылысы стильдің барлық түрінде кездеседі. Тарихи стилизацияның бір көрінісі көнерген сөздердің қолданысы. Мысалы, қазір публицистикалық, іс қағаздар, көркем әдебиет стилінде көнерген сөздер жаңа мағыналық реңкпен жұмсалып жүр. Терминдік мағынаға ие болып, ғылым тілінде, арнаулы салаларда қолданылып жүрген жарғы (устав), кіреуке (эмаль), қандауыр (скальпель), сарбаз (солдат), жасак (отряд), айдауыл (конвойный) сияқты көнерген сөздер де бар.

Қазіргі тіл білімінің лингвостилистика саласының қарастыратын мәселелерінің бірі әр түрлі стиль түрлеріне жататын жазбалар тіліндегі тарихи стилизацияның әлеуметтік, ғылыми, эстетикалық тұрғыдан ең тиімді және неғұрлым мақсатты жолдарын айқындау болып табылады. Тарихи стилизация үшін жұмсалатын көнерген сөздердің бірқатары бүгінде бұрынғы мағынасы көмескіленіп, жаңа стильдік қолданысқа түскен сөздер болса, бірқатары сонау заманнан бері өз мағынасын жоғалтпай келген сөздер.

Қазіргі тілімізде пайдаланып жүрген көнерген сөздердің ішінде негізгі информативтік және көркемдік функция атқаратын тілдік құралдардың бірі архаизмдер мен историзмдер. Бұл сөздер тек номинатив мағынасында ғана емес, контекстік мағынада да өзге сөздермен тіркесіп, жаңаша, прагматикалық құрал ретінде де қолданылады. Тарихи стилизацияның, әсіресе, публицистикалық және көркем әдебиет стилінде қолданылуы ақпарат қабылдаушыға әсер етудің күшті құралдарының бірі ретінде қазіргі тілімізде жиі пайдаланылатын әдістердің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Исаев С. Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы. - Алматы, 1983.
- 2 Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. - Алматы, 1968.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.
Материал 06.04.12 ж. редакцияға түсті.

М. КАНАБЕКОВА
НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ СТИЛИСТИКИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА
M. KANABEKOVA
ISSUES ABOUT KAZAKH LANGUAGE STYLISTICS

Резюме

Статья посвящена общим вопросам конвергентного стиля в современном казахском языке и о роли использования архаизмов и историзмов как приемов исторической стилизации.

Resume

The article considers common issues of convergent style in contemporary Kazakh language and the role of archaisms and obsolete words as means of historical stylization.

ӘОЖ 81'42

Г.Т. КӘРІПЖАНОВА
КӨРКЕМ МӘТІННІҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ
БАЯНДАУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Баяндау мәтіні бірнеше композициялық формаларға мүшеленеді. Көркем мәтіннің баяндау формалары: әңгімелеу, суреттеу, диалог, ойталқы. Ахмет Байтұрсынұлы композициялық сөйлеу формаларын әуезе, әліптеу, пайымдау немесе зейіндеме деп көрсетеді. «Дүниедегі нәрсенің қайсысы туралы сөйлесек те, бір жағынан ғана емес, әр жағынан алып сөз қылуға болады. Мәселен бір адамды сөз қылуға алсақ, не ол адамның істеген ісін, айтқан сөзін әуезе қылып сөйлейміз. Я тұлға-тұрпатын, кескінін, көркін айтып, пернесін әліптеп сөйлейміз, я болмаса ол адамның істеген істерінің, өзінің жақсы-жаман болғанының мәнісін, себебін тексере, пайымдап сөйлейміз. Осыған қарай сөйлеген сөзіміздің түрі не әуезе, не әліптеме, не пайымдама болып шығады» [1, 397]. Ахмет Байтұрсынұлы әңгімелеу тәсілін әуезе деп атап, оның шежіре, заман хат, өмірбаян, мінездеме, тарих, тарихи әңгіме деген түрлерін көрсетеді

Композициялық баяндау формалары туралы түсінік М.П. Брандестің «Стилистический анализ» [2] атты еңбегінде беріледі. Ғалым композициялық баяндау формаларына суреттеу, әңгімелеу және ойталқыны жатқызып, олардың әрқайсысына сипаттама береді. М.П. Брандес, Н.С. Валгина композициялық-сөйлеу формаларын «қарым-қатынас жасаудың модельдері» дейді.

Композициялық баяндау формаларының бірі- әңгімелеу туралы М. Маретбаеваның еңбегінде қарастырылады [3]. Зерттеуші әңгімелеу мәтінінің тілдік стилистикалық ерекшеліктерін көрсете отырып, әңгімелеу тәсілінің композициялық сөйлеу формаларының басқа түрлерімен арақатынасына да тоқталады. М. Ахметова зерттеу еңбегінде суреттеу мәтінінің тілдік құрылымына тоқталады [4].

Әңгімелеу – көркем прозаның негізгі баяндау формасы. Бұл форма арқылы объективті де, субъективті де мазмұн беріледі. Әңгімелеудің формалық, құрылымдық мазмұнын оқиғалардың мезгілдік ізбе-ізділігі, құбылыстардың бірін- бірі ауыстыруы құрайды. Осы мазмұн әңгімелеудің синтаксистік құрылысын ұйымдастырып, сөйлемдердің арасындағы байланыстардың белгілі бір түрін, атап айтқанда, іліктестік байланысты алдыңғы орынға шығарады. Оқиғалар бірін – бірі толықтырып, дамытып, динамикалы баяндау үстемдік құрады. Ондай баяндаудың негізгі тұлғасы - өткен шақ, ауыспалы шақ формалары, олар бірін бірі ауыстырып отырады .

Әңгімелеу өзге мәтін түрлері сияқты мынадай бірліктерден тұрады: сөйленім (сөйлем деңгейіндегі) – фразалар тұтастығы немесе күрделі



синтаксистік бірлік – үзінді-блоктар. Мәтін бірліктеріне сөйлем – күрделі синтаксистік тұтастық – Үзінді – Тарау – Бөлім – Шығарма (аяқталған тұтас шығарма) жатады. С.С. Мұстафина фразадан жоғары тұтастыққа – әрі синтагматикалық, әрі функционалды ұғым, оған байланыстылық, тұтастық тән екендігін және оның құрылымдық тұтастығы анафоралық қайталаулардан және есімдіктерден, етістіктердің шақтық тұлғаларынан, жалғаулықтардан, байланыстылығы мазмұнның мағыналық бір тұйық тұтастыққа бірігуінен көрінетінін айтады [5]. Әңгімелеу – тұтасым, байласым және мағыналық аяқталғандық, ақпарат беру категорияларына ие композициялық-сөйлеу формаларының бірі. Әңгімелеу мәтіні – оқиғаны, іс-әрекетті ретімен, мезгілін, мекенін көрсете мазмұндауға құрылатын мәтіннің түрі. Көркем мәтін мазмұнын құраушы мүшелердің бірі ретінде әңгімелеу мәтінінің құрылымдық-стилистикалық ерекшелігі М. Маретбаеваның «Әңгімелеу мәтінінің тілдік-стилистикалық сипаты» тақырыбындағы диссертациялық еңбегінде жан-жақты талданады. Мұнда әңгімелеу мәтінінің композициялық құрылымы өзіне тән грамматикалық құрылымдармен ерекшеленетін аңдату, мазмұндау, қорыту бөліктерінен құралатындығы, әңгімелеу мәтінінің оқиғаның дамуының объективтік, субъективтік уақытқа қатыстылығына қарай жақтық мәнді, оқиғалы мәнді мағыналық түрлері қарастырылады. Сондай-ақ әңгімелеу мәтінінің мәтінтүзуші бірлік ретінде көркем шығарманың эмоционалды-экспрессивтік, стилистикалық композициясын жасауға қатысып, стилистикалық қызмет атқаратындығына, әңгімелеу мәтіндерінің лексика-грамматикалық құрылымдарының өзгешелігіне, композициялық ұйымдасу ерекшелігіне қарай әр көркем шығарманың стилистикалық сипатына тоқталады [3].

Композициялық сөйлеу формалары көркем мәтінде бір-бірімен мағыналық-тұлғалық жағынан байланысып, өзара тығыз қарым-қатынаста болады. Тіл бірліктерінің эмоционалды бояулары, лексика-грамматикалық тұлғалардың экспрессивті – эмоциональды ерекшеліктері сөйлеуде түрлене қолданылып, сөйлеушінің ойын толық және мазмұнды жеткізуіне көмектеседі. Сөйлеудің мазмұны, қатынас жағдайы, оның қолданысы мен бағыты әр түрлі болатындықтан, тілдік бірліктердің тіркесуі мен бірыңғай әрекеттесу сипаты да әр қилы.

Композициялық сөйлеу формалары мәтіннің контекстік-вариативтік бөлшектерін құрайды. Бұлар – мәтін құрылымының негізін құраушы тұрақты элементтер. Сондықтан көркем мәтіннің мазмұны да композициялық сөйлеу формаларының кезектесіп, араласып келіп, өзара тұлғалық, мағыналық байланысуы арқылы беріледі. Көркем мәтіннің біртұтастығы осы сөйлеу формаларының ұласымы нәтижесінде ұғынылады. Кейбір көлемі шағын шығармалар тек бір сөйлеу формасы арқылы құрылуы әбден мүмкін, не болмаса мәтіннің негізгі баяндау қабаты бір сөйлеу формасы арқылы

ұйымдасады. Көркем шығармада әңгімелеу, суреттеу, ойталқы мәтіндері аралас жұмсалады.

Композициялық сөйлеу формалары мынадай белгілерге ие болып келеді: олар айрықша мағыналық категория болып табылады; идеалдық мағынаға ие және материалды таңбалардан тыс өмір сүре алмайды. Мәтіннің материалды таңбалық сипаты оның сыртқы қабығы болып саналады; композициялық сөйлеу формалары – бұл тілдің емес, ойлаудың логикалық формасы. Бұл қандай да бір берілген мазмұнның, шындық өмір туралы берілген ақпараттың формасы, ал оны біз тілдік таңбалар арқылы тани аламыз. Композициялық сөйлеу формалары – қалыптасқан типтік формалық сипатқа ие. Нақты сөйлеуден тыс барлығына бірдей, жалпыланған, тілдік тұрғыдан сұрыпталған жүйе, сөйлеу композициясының біртектес қалыптасқан формасы болып табылады.

«Композициялық сөйлеу формалары – ойлау үдерісінің құрылымын, типін және ойлау бөлшектерін өзара және бір-бірімен байланыстырудың тәсілдері мен жолдарын бейнелейтін форма болып табылады. Ойлауды құрайтын маңызды бөлшектерге уақыт пен кеңістік және себеп-салдар жатады. Материяның формасы және оның жасалуы әр түрлі болғаны сияқты оның ұйымдасуының да түрлі жолдары бар. Алайда оларды екі құрылымға бөліп қарастыру қалыптасқан: уақыт құрылымы және кеңістік құрылымы, экстенсивті және интенсивті құрылымдар. Экстенсивті құрылым кеңістікте өмір сүрсе, интенсивті құрылым уақытқа байланысты өмір сүреді. Экстенсивті құрылымға бірыңғай заттарды байланыстырудың қалыптасқан түрлері тән болса, интенсивті құрылымға себеп-салдарлық сипат тән. Осыған сүйене келіп құрылымдық байланыстың екі түрін ажыратуға болады: «әңгімелеу» (интенсивті құрылым) және «суреттеу» (экстенсивті құрылым)» [3].

Егер де оқиғаның, іс-әрекеттің уақыт ішіндегі өрбуі тұрғысынан интенсивті құрылымды әңгімелеуге тән құрылым десек, ойталқыға логикалық құрылым тән болып келеді. Кеңістік – қатарлас нәрселердің орналасу тәртібін көрсетсе, уақыт – қатарлас нәрселердің бірін-бірі ауыстыруын, себеп-салдар – біріннен екіншісінің пайда болуына әкелетін құбылыстардың байланысын көрсетеді. Композициялық сөйлеу формаларының бұл типтік түрлерінің модификациясы әрқалай. Құрылымы жағынан олар «классикалық» үлгіде немесе күрделі, аралас, өзгермелі құрылымды болып келуі мүмкін. Алайда, мәтіннің қандай да бір модификациясы (қалып алуы, формалануы) сөйлеушінің субъективтік ұстанымына тығыз байланысты болады. Композициялық сөйлеу формалары – табиғатынан екі жақты құрылым. Ол – ойлаудың бір түрі, яғни сөйлеу әрекетін жүзеге асырады, әрі сөйлеу әрекетінің бір түрі, яғни қатысым түріне жатады.

Көркем мәтіндегі ақпараттың берілу ерекшелігіне қарай оның құрылымы да күрделене түседі. Мысалы, төменде мәтінге жаңа қосылған ақпарат мәтін тақырыбына орай қатыстырылып, оның ақпараттық мазмұнын күрделендіріп тұр және ол мәселенің маңыздылығы бірден көрінбейді.

Әңгімелеу мәтіндерін зерттеушілер бірнеше тақырыптық топтарға бөліп қарастырады. Г.А. Золотованың акционалды және статикалы-динамикалы ақпаратты ремалық деп аталатын әңгімелеу мәтінінің тақырыптық топтарын анықтаса, әңгімелеу мәтінін М.П. Брандес оқиға туралы әңгімелеу, көңіл-күйді әңгімелеу, қалыптасқан жағдайды әңгімелеу, қысқаша ақпаратты әңгімелеу деген топтарға бөледі.

Зерттеуші М. Маретбаева әңгімелеу мәтіндерінің тақырыптық-мағыналық түрлерін *жақтық және оқиғалы мәнді әңгімелеу мәтіндері* деп топтастырады.

Әңгімелеу мәтінінің композициялық құрылымы өзіне тән грамматикалық құрылымдармен ерекшеленетін аңдату, мазмұндау, қорыту бөліктерінен тұрады.

Әңгімелеу мәтінінің оқиғаның дамуының объективтік, субъективтік уақытқа қатыстылығына қарай жақтық мәнді, оқиғалы мәнді мағыналық түрлері болады.

Мұхтар Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» повесінен алынған мына бір үзіндіде әңгімелеу мәтіні суреттеумен кезектесе жұмсалады.

Бұл - Шалқардың болысы Жарасбайдың аулы. Бақтыгүл таңертеңнен бері қарай үндемей қамдағанда келмегі – осы ауыл. Арқарды да болыстың бәйбішесіне атып ала бармақ-ты. Мұнда келуге бекінгені бүгін ғана емес, Қозыбақ аулы шауып кеткен түннің ертеңіне ақ еске алғаны Жарасбай болыс болатын.

Әңгімелеу мәтіні бұдан әрі Жарасбай болысты мінездеуге құрылған мәтінмен ұласады.

Жарасбай – құр ғана болыс емес. Болыстықпен ғана бедел, салмақ тапқан кісі емес. Әрі бай, ерте күннен ұлыққа беделді, саудасы да бар; «ер, мықты» деп көпке аты жайылған адам. Мұны айтса, қолынан жақсы, джаман бірдей келеді, келгенде де мольнан келеді. Маңайдағы басқа болыс, хажсы, бай, мырза дейтіндердің бәрінен де мұның атағы басымырақ (М.Әуезов). Осылайша Жарасбайға мінездеме беріп алып автор әрі қарай оқиғаны бұрынғы желімен әңгімелеу тәсілі арқылы өрбіте береді. Бұдан шығатын қорытынды, композициялық сөйлеу формалары бір-бірімен байланысып, ұласып жатады. Олардың өзара байланыстылығы мәтіннің біртұтастығын қамтамасыз етеді.

Әңгімелеу мәтіні мәтінтүзуші бірлік ретінде көркем шығарманың эмоционалды-экспрессивтік, стилистикалық композициясын жасауға қатысып, стилистикалық қызмет атқарады.

Мысалы:

Бақтыгүл абақтыда. Жарасбай өлген соң, қаланың ұлығы да, Жаныстың жуаны да жабыла соңына түскен. Кірірге тесік қалдырмайтын болған. Және өзі де енді бой салып қашпады. Сонымен Қараш оқиғасынан аз күн өткенде қуғыншылар мұны ұстап алған.

Осы күнде сол ұсталған сағатында көрген соққы мен жараның талай-талай таңбасы денесінде, басында әлі бар. Орындары қара қотыр болып,

жаңа-жаңа бітіп келеді. Жаныстар жиырма үй Сарының шаңын аспанға шығарып, құрымына шейін үлесіп, талап алып, барлығын торғайдай тоздырып, бостырып жіберген.

Бірақ Бақтығұл оншалық сынған жоқ. Баяғы қорқып құбыжық көріп жүрген абақтысына бойы әбден үйреніп алды. Артындағы жаулары мұның үй-ішін қайыршы қылып қаңғыртып жіберген соң, абақты ұлығына тіленіп, Сейітті қолына алған. Ол өзімен бірге. Қатиа кіші балаларымен қаладағы бір байдың үйіне жалданып, қызметкер болып жүр.

Әңгімелеу тәсілімен берілген мәтін үзіндісінде автор оқиғаны жалаң баяндамай, әр түрлі көркемдік, әсерлегіш құралдарды таңдап қолданады.

«...жабыла соңына түскен. Кіреге тесік қалдырмайтын болған» деген тіркестер арқылы Бақтығұл басынан өткен қиыншылықтың шарықтау шегін әсерлі жеткізеді.

«...шаңын аспанға шығарып, құрымына шейін үлесіп, талап алып, барлығын торғайдай тоздырып, бостырып жіберген» деген жолдар Бақтығұл жамағайындарының көрген зәбірін образды түрде бейнелеуге қызмет етеді.

Әңгімелеу мәтіндерінде автор әр түрлі лексика-грамматикалық құрылымдар мен стилистикалық тәсілдерді таңдап қолдану арқылы шығарманың көркемдігін артырады.

Белгілі бір қалыптасқан жағдайға сай іс-әрекетін әңгімелеу арқылы кейіпкердің мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін ашу көзделеді.

Әңгімелеу мәтіндері оқиғаға негіз болған белгілі бір уақыт шеңберінде бірінен кейін бірі жүзеге асқан әрекетті бірізді бейнелеп көрсету үшін жұмсалады.

Мәтіннің композициялық құрылымын түзуде суреттеу мен әңгімелеу сияқты ойталқы да өзіндік орын алады. Ойталқы кейіпкердің әр түрлі сезімін, көңіл-күйін, дүниеге көзқарасын беруде ерекше қызмет атқарады.

Бстық қой, шіркін, туган жер! Туган жерге жеткенше, қайтіп дәті шыдайды? Кім сағынбас өз қағын? Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе сүймес зердесіз, шерсіз жүрек, тілеуі бөлек жетесіз... Тугалы ұзап шықпаған, бауырмал әжесінің бауырында ерекелеп өскен, үлбіреген балапан жүректі Қартқожа қайтіп сүймесін? Қартқожа туган жерін жанындай сүйеді. Туган жер еске түскенде іші-бауыры елжіреп, өртенгендей күйеді. Еліне жетуге ұшарға қанаты болмайды (Ж. Аймауытов).

Баяндау формалары көркем прозаның композициялық-тілдік қабатының ішкі құрылымын құраса, оның сыртқы қабатын автор сөзі, төл сөз, қосүнді сөздер құрайды. Қос үнді сөз кейіпкердің ішкі сөзін және автор бағасын беруде жұмсалады. Қос үнді сөзді Б.Шалабай: «Ортақ төл сөз суреттеліп отырған жайға автор көзқарасы мен кейіпкер көзқарасын біріктіріп, бір құрылым бойында беретін баяндау тәсілі.» – деп таниды [6, 67].

Ораз-Мұхамед мұраты бөлек болғанымен, жолы түйіс орыс батырының қазасына шынымен қайысқан. Ендігі кезек өзінікі. Неше таңды ұйқысыз атырды. Белуардан емес, қыл кеңірдектен мұзды су кешкендей тоңазыған. Қарашығы қызған инемен шабақталғандай, көзі қарауытып, миы шытынап, оң мен түс арасында өзгеше хал кешіп еді.

Бір сәт өзін дәрменсіз сезінген. Ойлағаны көп еді. Орындалған ештеңе жоқ. Бар өмірі өксімен өтіпті. Тіршілік соншама арзан, соншама мәнсіз көрінген. Елің анау. Жерің мынау. Заман ақыр деген осы емес пе? Ендеше жерден шыққан мәді қайда, аспаннан түскен Айса қайда? Иә, Айса да, Мәді де дүние әбден бүлініп болған соң шығатын еді-ау. Бүлінген дүниені түзеп, азған адамзатты адал жолға салу үшін, түзету үшін бүлдіру керек. Бүлдірмей-ақ түзетсе қайтеді? (М. Магауин)

Жоғарыда берілген мысалда ойталқы қос үнді сөз түрінде беріліп, оқиғаны автор кейіпкер көзімен ортақтасып баяндайды. Кейіпкер көзқарасымен бірге берілсе де, автордың бағалауы астарлы түрде келген. Үзіндінің алғашқы сөйлемдері таза авторлық баяндау болса, соңғы сөйлемдерде кейіпкердің үні басым. Автор қос үнді сөздерді беруде сұраулы сөйлемдерді қолдану арқылы кейіпкердің ішкі сезімін, көзқарасын, күдіктену, түңілуін жеткізеді.

Енді далаға шығысымен, Бекболат Ақбілектің не болғанын білуге көңілі кетті... Қалай, кімнен біледі? Мұнда қазақ бар ма екен? Кеше төсекте жатқанда бір қазақтың есік алдынан өткенін көзі шалып еді, со қазақ жалт етіп, жоқ болып кетіп еді. Со кім екен? Немесе дәрігерге келіп тұрған қазақтар жоқ па екен? – деп, қабырғаны жағалап, қақпа жақтағы бұрыштан асты. (Ж.Аймауытов).

Ойталқы формасы арқылы кейіпкерлердің, кейде автордың ішкі ой пікірі беріледі. Автордың ой-пікірін беретін ойталқы түрлері көбінесе авторлық шегініс арқылы беріліп, риторикалық сұрақтар мен синтаксистік параллель түзілімдерге құрылады. Кейде кейіпкердің ішкі ойы авторлық баяндаумен аралас беріледі.

Ойталқы мәтіні авторлық ой-толғанысты, кейіпкердің іс-әрекетіне қатысты авторлық көзқарасты білдіруде, адамгершілікті дерексіз категориялық мәселелер туралы баяндауда жұмсалады. Ойлауды құрайтын маңызды бөлшектерге *уақыт пен кеңістік* және *себеп-салдар* жатады. Материяның формасы және оның жасалуы әр түрлі болғаны сияқты оның ұйымдасуының да түрлі жолдары бар. Алайда оларды екі құрылымға бөліп қарастыру қалыптасқан: *уақыт құрылымы* және *кеңістік құрылымы*, *экстенсивті* және *интенсивті* құрылымдар. Экстенсивті құрылым кеңістікте өмір сүрсе, интенсивті құрылым уақытқа байланысты өмір сүреді. Экстенсивті құрылымға бірыңғай заттарды байланыстырудың қалыптасқан түрлері тән болса, интенсивті құрылымға себеп-салдарлық сипат тән. Осыған сүйеніп келіп құрылымдық байланыстың екі түрін ажыратуға болады: «әңгімелеу» (интенсивті құрылым) және «суреттеу» (экстенсивті құрылым).

Егер де оқиғаның, іс-әрекеттің уақыт ішіндегі өрбуі тұрғысынан интенсивті құрылымды әңгімелеуге тән құрылым десек, ойталқыға логикалық құрылым тән болып келеді. Кеністік – қатарлас нәрселердің орналасу тәртібін көрсетсе, уақыт – қатарлас нәрселердің бірін-бірі ауыстыруын, себеп-салдар – бірінен екіншісінің пайда болуына әкелетін құбылыстардың байланысын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынов А. Ақ жол - Алматы, 1991, - 460 б.
- 2 Брандес М.П. Стилистический анализ (на материале немецкого языка) Москва, 1971, - 190 с.
- 3 Маретбаева М. Әңгімелеу мәтінінің тілдік-стильдік сипаты. Филғыл канд...дисс. авторефераты. - Алматы, 2008. - 24 б.
- 4 Ахметова М. Суреттеу мәтінінің құрылымы. Филғыл.канд...дисс. авторефераты. - Алматы, 2002. - 24 б
- 5 Мұстафина С.С. текстообразующие средства казахского языка. Автореф.канд.филол.наук. - Алматы, 1989. - 25 с.
- 6 Шалабаев Б. Көркем проза тілі. Алматы, 1994, -121 б.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 30.03.12 ж. редакцияға түсті.

Г.Т. КАРИПЖАНОВА
КОМПОЗИЦИОННАЯ ПОВЕСТВОВАТЕЛЬНАЯ СТРУКТУРА
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА
G.T. KARIPZHANOVA
COMPOSITE NARRATIVE STRUCTURE OF THE ART TEXT

Резюме

В статье рассматривается композиционная повествовательная структура художественного текста. А также композиционно-типические особенности повествовательного текста.

Summary

In article the composite narrative structure of the art text is considered. And also composite and standard features of the narrative text.



ЭОЖ 811.512.122

Г.Т. КӘРІПЖАНОВА
Ж. АЙМАУЫТОВ ЖӘНЕ ТЕРМИНЖАСАМ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қоғамдық өмірдің маңызды салаларында қолданылу аясын кеңейтуді талап ететін мемлекеттік тілдің қазіргі жай-күйі, оның даму болашағы ұлттық терминологияның даму деңгейімен, оның қолданылу аясының ауқымымен тығыз байланысты. А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы, Е. Омаров, Т. Шононов, Ә. Ермеков, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, К. Кемеңгерұлы, Ж. Күдерин, М. Жұмабаев, Н. Төрекүлұлы сияқты ағартушы қазақ зиялыларының өкілдері өткен ғасырдың басында қазақ тілінде алғашқы оқулықтар жазып, ғылымның кейбір салалары бойынша сол тарихи кезеңнің қажеттіліктеріне сәйкес терминологиялық атаулар жүйесін іріктеуді ғылыми негізде жүргізді. Ұлттық терминологияның қалыптасуына А. Байтұрсыновтың еңбегі айрықша болғаны белгілі. 1926 жылы Қызылордада «Орысша-қазақша атаулары», 1927 «Пән сөздері», 1931 жылы «Атаулар сөздігі» деген терминдер жинағы шыққан. А. Байтұрсынұлы 200-дей қазақ тіл білімінің, 300-дей әдебиеттану ғылымдарының терминдерін жасаған. Сонымен қатар А. Байтұрсынұлы төл терминдерді және кірме терминдерді қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес қабылдау жолдарын көрсеткен ғалым [1, 8 бет].

Қазақ тілін талдап-тануда да Ж. Аймауытовтың терминжасам еңбегін қарастырып, бағалау қажеттігі заман талабы. Ол психология ғылымына байланысты терминдерді жасап, оларды қолданысқа енгізе отырып, өз замандастарына ана тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете білді. XX ғасыр басындағы ұлы тұлға А. Байтұрсынұвтай тіл тазалығын қолдап, ана тіліміздің терминжасам мүмкіндіктерін көрсетті.

Ұлы жазушымыз М. Әуезов сөзімен айтқанда, өзі өмір сүрген дәуірде қазақ халқының «рухани көсемі» атанған дара тұлғаның термин шығармашылығындағы ісі өзгелерге де өнеге бола отырып, ғасыр басындағы бүкіл термин жасау процесінің бағытын белгілеуге негіз болды десек артық айтқандық болмайды. А. Байтұрсынұвтың қаламынан туған тіл, әдебиет терминдері сөзжасамның түрлі тәсілдерін пайдалану арқылы жасалған.

Қазіргі кезеңде ұлт тілінде термин жасаудың жанданып отырғаны белгілі. Көптеген жаңа терминдер жасалынып қолданысқа көше бастады. Бұл ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметін атқара бастауының бір көрінісі. Рас, жасалып жатқан терминдердің бәрін бірдей мінсіз деп айта алмаймыз. Олардың ішінде терминологиялық жүйе мен терминдерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайтындарының да бар екені даусыз. Ондай терминдердің қолданылуына жол бермеу дұрыс.

Ал сәтсіз терминдердің жасалу себебіне келсек, ол-термин жасаушының терминге қойылатын талаптарды білмеуінен, тілді дұрыс пайдалана алмауынан, ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшелігін ескермеуден, тәжірибесіздіктен немесе жауапкершілікті сезінбеуден туындайтын әрекет. А.Байтұрсынов айтқандай, тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару екінің бірінің қолынан келе беретін жұмыс емес.

А. Байтұрсынов терминология мәселесіне қатты назар аударған, тек тіл білімі саласы емес, әдебиеттанудың да көптеген терминдерін жасағаны мәлім. Бұлар да өте сәтті шыққан қонымды атаулар болды. Сондықтан олар да күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді Тіпті ұмыт болған кейбіреулері қайтадан өмірге келтіріп отыр. Ғылымның тек осы екі саласы емес, жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты әлеуметтік терминдердің де көпшілігі Байтұрсынов қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық сөздер болып кеткенін де айту керек.

М. Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінде 300-ге тарта термин жинақталған. Оның терминжасам тәжірибесіне келсек, ол көбінесе педагогикалық терминдерді қазақ тілінің лексикалық қорынан дайын қалпында алып пайдаланған немесе оларға қосымша терминдік мағына жүктеген. Мысалы, сезім, мінез, ой, ақыл, елес, қуаныш, зейін дегендерді атауға болады.

Сол кезеңдегі қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуына М. Әуезов, Ш. Құдайбердіұлының да елеулі еңбектері болды. М. Әуезовтың 1917 жылы «Сарыарқа» газетінде жарық көрген «Қайсысын қолданамыз?» және «Ғылым тілі» атты мақалалары терминология мәселелеріне арналған алғашқы мақалалардың бірі болды [1, 8 бет] .

Е. Омаровтың оқулығында **пішіндеме** (геометрия) атаулары тұңғыш рет қазақ тілінде өз баламаларын тапты. Оқулықта келтірілген бір **түйіннің** өзінде қанша қазақша атаулар кездеседі.

«**Тік бұрышты үшкілдің** екі қары өзара тең болса, оның **қимасы қарымен** өлшемдес болмайды, **қары мен қимасының** ортақ өлшеуіші болмайды. Яғни олардың **еселік арасы одағай** (иррационал) сан болады деген сөз». Мұндағы **түйін** (теорема), **үшкіл** (үш бұрыш), **қар** (катет), **қима** (гипотенуза), **одағай** (иррационал) қаншалық қазақы ұғымдар екені бірден байқалып тұр.

Медицина саласындағы ғылыми – көпшілік мақалаларда да ауру атаулары қазақтың өз тіліндегі сөздермен берілген. Халел Досмұхамедұлының “Тамыр дәрі” аталатын мақаласында (“Қазақ” газеті, 1913) **тамыр дәрі, әулие шөп, теңге қотыр, көкірек ауру, науқас, дару, дарухана** (аптека), **емдеуші, дәрігер** сияқты атау сөздер кездеседі.

Жүсіпбек Аймауытұлы да барлық алаш зиялылары сияқты терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру бағытын ұстанған. Ол психология саласында көптеген қазақша терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізу

арқылы ұлттық ғылыми тілдің жасалуына белсене қатысқан тіл жанашыры, халық ұлдарының бірі. Бұл еңбегін «Психология» деген атпен 1926 жылы Қызылорда-Ташкентте жарық көрген кітабынан көреміз.

Ж. Аймауытұлы қазақ тілінің терминологиялық лексикасын қалыптастырудың, терминдер қорын жасаудың тиімді жолдарын көрсетіп, өз жобасын ұсынған. Оның мақала соңында түйіндеп берген 9 пункттен тұратын ұсыныстары, өз сөзімен айтқанда, жобасы төмендегідей:

«Пән тілдерін табу қиын болатын көрінеді. Сондықтан жоғарыда айтылғандарды еске алып, сөз табу туралы менің ұсынатын жобам:

1 Сөз туралы қиналмай, тілді өз ағымына жіберейік. Ұнамды сөз алынып отырар да, ұнамсызы шығып қала берер.

2 Кіріп қалған жат сөздерден қашпайық. Орынсыз тілге зорлық қылмайық.

3 Сөзді пән мамандары, кітап жазушылар шығарсын.

4 Сөз таба алмайтын шөлдірек адамдар кітап жазбасын. Оқу кітабын педагогтар жазуы тиіс. Оқыту жолын білмеген адамның кітабы ұғымды болмайды. Педагогтың қаламға шебері жазу керек.

5 Жаңадан сөз қосушылар тапқан сөздерін кітабына айрықша жазып отырсын.

6 Кітап жазушылар екі-үш жыл өткенде, тіл туралы кеңесіп, табылған тілдерді қортытып отырсын.

7 Пән сөздері әйтеуір жаттап алынған сөздер, мейлі кітап бетінде, мейлі газет-журнал бетінде болсын, орысшасымен бірге жазылып отырсын.

8 Қолайсыз алынған сөздер туралы баспасөз бетінде сын жазылып, жобалар ұсынылсын.

9 Білім кеңесі (яки оның орнындағы мекеме) істей алса, жаңа шыққан сөздерді жинастырып, лұғат кітап бастырып шығарсын».

Оның бұл ұсыныстарының бірқатары сол кезеңдегі терминологиялық жұмыстардың жүргізілуіне септігі тиіп, айтқан пікірлері замандас әріптестері тарапынан ескерілген, термин жасаушыларға, қазақ тіліндегі оқулықтар мен ғылыми кітап тар жазушыларға ой салған [2, 21 б.].

Енді нақты сол терминдерге тоқталсақ. Автор психологияны «**жан туралы білім**» деп алып, сол жанға мынадай анықтама берген: дене негізін тексерушілердің сила вещества (қуатты дене) дегендегі қуат осы **жан**. Қазіргі қолданыстағы жан сөзі адас мен жануарлардың психикасына тарихи тұрғыда өзгеріп отырған көзқарасты бейнелейтін ұғымды білдіреді [3, 87]. Ал психика тетіктерін Ж. Аймауытов «**саңылау сезімдері**» деп атаған.

Сонымен қатар ол ұздан деп нысап, әділет, мейірім үшеуінің бірлігін айтса, сөздікте ұздан – адамның өз мінез-кұлқын бақылау, қадағалау, оған белгілі бір шек қойып, мүлтіксіз орындау қабілетін бейнелейтін әдептану санаты делінген.

Бірнеше үндер қосылып ән болса, әнді «түсініктеймін» деп айтуға болады, көбінесе түйсік заттан туады. Сол себепті Ж. Аймауытов түйсікті «**зат**

сезімдері» деп атаған. Сыртқы зат дәнеміздің бір жерін шіміркендірсе,оның салдарынан сезім не түйсік пайда болады,сол сезімді,түйсікті туғызуға не себеп болса, соны **«әсер»** деп қолданған.Сонымен, әсер-сезім не түйсіктің себебі болса, **«шіміркену»** (раздражение) қазіргі қолданыстағы тітіркену сөзінің баламасы.Бір рет әсер алмаған адам жаңғырта алмайды.Мысалы: соқырға қызыл жалауды есіне түсір десен, ол еске түсіре алмайды. Себебі ол бір ретте болсын қызыл түсті көрген емес.Ж. Аймауытов осы жаңғырылатын сезімдерді **«берне»** (представление), **«мұрат»** (идея) деп атаған. Жаңғыртушы есті **«қуатты жад»** (память), ал берне – бұрынғы сезімнен қалған із делінген.

Автор **«жұлма жад»** және **«философиялық жад»** екеуін қосқанда, адамның ой сандығы шығады дей келе, **«ой сандығы»** соқыр сезімдер деген пайым дамитынын айтқан. Ж. Аймауытовтың **«жұлма жад»** деп отырғаны бүгінгі қолданыстағы – қайталаным.Ал **«соқыр сезім»** деп отырғаны инстинг болса, **«сыртқы сезімі»** (ощущение) қабылдау, **«ырықсыз қозғалысы»** рефлекс болып табылады.

Сыртқы әсерлер жүйкелер саласында өзгеріс пайда қылады. Сонда дәне бір күйге түседі.Сол өзгерістің нәтижесін **«жан күйі»** деп атауға болады деген. Жүйке ауруын **«жүйкенің қозуы»** деген терминмен ауыстырады.

Сонымен қатар құлақ иірімдерін **«лаберент»** дей келе, сонда орналасқан улитканы **«құлақ қошқары»** деген атаумен ұсынады. Екі сүйекті қосып тұратын сіңірді (резинка) **«буын беті»** деген терминмен береді.

Ойымызды жинақтай келе, нақты терминдер сызбасын көрсетер болсақ, төмендегідей болмақ :

Ж. Аймауытов бойынша

1. жан
2. тән
3. ұждан
4. зат сезімдері
5. саңылау сезімдері
6. соқыр сезім
7. сыртқы сезім (ощущение)
8. дәне сезімі
9. әсер
10. шіміркену (раздражение)
11. берне (представление)
12. мұрат (идея)
13. ырықсыз қозғалыс
14. жұлма жад
15. тегіне тарту
16. табынғыштық

Қазіргі қолданыс бойынша

- жан
- дәне, тән
- ар-ұят
- түйсік
- психика тетіктері
- инстинг
- қабылдау
- ішкі сезім
- себеп
- тітіркену
- көрініс
- идея, мақсат
- рефлекс
- қайталаным
- атавизм
- фетишизм



17. имену	бейімделу
18. серпіліс	реакция
19. дене қызметін зерттеуші	физиолог
20. тірлік ғылымы	биология
21. сезім	эмоция
22. кылық	кылық
23. сәуле торы	көз сетчаткасы
24. таяқша, селеу бас	жүйке талдарындағы үштеріндегі мүше
25. лажсыздық	лажсыздық
26. мазасыздық, қажығандық	депрессия
27. сұрау (анкета)	сауалнама (анкета)
28. құбылыс (явление)	болмыс
29. бақылау	бақылау
30. жүйке	жүйке
31. жүйке қозуы	жүйке қозуы
32. жан күйі	жүйкедегі болатын өзгеріс
33. шілтер	ми тармақтары
34. түске соқырлық	дальтонизм, түске соқырлық
35. қатырғы қағаз	картон
36. паңдық	тәкаппарлық
37. сыртқы түрткі	сыртқы әсер
38. әуе	ауа
39. қалып	заттың формасы
40. кейіп	бейне
41. заттың әсілі	затқа тән құбылыс
42. сүрең (заттың)	амал, түрі
43. ұстау сезімінің мүшесі	сипап-сезу мүшесі
44. арық	құлақтың имек түтігі
45. себеп	себеп
46. салдар	салбар
47. тіршілік сезімі	дене сезімі
48. зақымет	ауру (жұлын ауруы)
49. күпті болу	тамаққа қатты тою
50. лаберент	құлақ иірімі
51. құлақ қошқары	улитка
52. агрофия (қолы, саусақтары кәдімгідей кимылдап, жұмысқа жарап жүрген адам тұтқиылдан қолы жазуға келмей қалатын дерт атауы)	аграфия

53. анзия (кейбір тілі, тамағы сау адамдар сөйлемейтін болып қалуы)	анзия
54 ой сандығы	ес, ақыл-ой
55. жады	жады, ес
56. қозғалыс	әрекет
57. саңылау мүшесі	сезім мүшелері
58. ұстамдылық	абырлылық
59. Жуастық	момындық
60. өзімшілдік, менмендік	өзімшілдік, менмендік
61. буын беті	екі сүйекті қосып тұратын сіңір

Бұлардың барлығы дерлік қазақ сөзінің не байырғы мағынасын өзгерту, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген атаулар. Сонылығына, жасандылығына карамастан, әрқайсысы сол өзі атап тұрған тілдік категорияны дәл білдіретін термин болып шыққан. Бұлардың өте сәтті жасалғандарын күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан өміршеңдігі дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасыр басындағы ғылыми – көпшілік кітапшалар мен газет - журналдардағы мақалалардың ғылымдық жағын былай қойғанда, тілдік жағынан бұлардан қазақша ғылыми терминдердің қалыптасу жолын байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекеттік тілдегі ресми стиль және терминдердің қолданылу мәселелері: Қалалық әдістемелік семинар материалдары. Семей қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі. М.Әуезов атындағы Семей университеті. - Семей, 2009-225 б.

2 Құрманбайұлы Ш., Аймауытұлы Ж. және қазақ терминологиясы // Қазақ әдебиеті. - 2008, 18-24 шілде, - Б. 20-21.

3 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология // Алматы «Мектеп», 2002-254 б.

4 Рухнама: Ж. Аймауытов, - Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003.-126 б.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 02.01.12 ж. редакцияға түсті.

Г.Т. КАРИПЖАНОВА

Ж. АЙМАУЫТОВ И ПРОБЛЕМЫ ТЕРМИНООБРАЗОВАНИЯ

G.T. KARIPZHANOVA

Z. AJMAUYTOV AND PROBLEMS OF TERM FORMATION

Резюме

В статье рассматриваются проблемы терминообразования начала XX века, а также важные идеи и мысли Ж. Аймауытова в образовании терминов.

Resume

In the article there are considered the problems of term formation in the XX-th century beginnings, and also important ideas and thoughts of Z. Ajmauytov in formation of terms.

ӘОЖ 81'373:811.112.2

Г.К. КЕНЖЕТАЕВА
НЕМІС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ КӨРУ
ЕТІСТІКТЕРІНІҢ АЙЫРУШЫ НЫШАҢДАРЫ

Жалпы тіл білімінде сөздерді лексика-семантикалық топтарға бөлу ғылыми тұрғыда негізделген. Сөздерді лексика-семантикалық топтарға бөлуде сөздердің лексикалық мағыналары есепке алынады. Сөздерді мағынасына қарай топтастырғанда компонентті әдісті пайдалану тиімді. Сөздердің мағына компоненттері айырушы сема (дифференциалды сема) және жалпылаушы семалардан (архисема) тұрады. Жалпылаушы сема сөздерді белгілі бір лексика-семантикалық топтарға бөлуге негіз болса, айырушы сема сөздердің жеке-жеке өмір сүруіне негіз болады. Бір сөзде айырушы сема біреу не бірнешеу болуы мүмкін. Сөздер лексика-семантикалық топ құрумен ғана шектелмейді, олар кіші мағыналарына қарай да шағын топтарға бөлінеді. Кіші лексика-семантикалық топтар көбінесе сөздің айырушы семаларына қарай жіктеледі. Айырушы семалардың көп болуы мағыналық құрамның тағы бірнеше шағын топқа бөлінуіне негіз болады. Мысалы, көру етістіктерінің архисемасы „*субъект немесе объект ретінде көру үрдісіне қатысу*“ болса, оның шағын лексика-семантикалық топтарындағы „*көз алмай қарау*“, „*жақтырмай қарау*“, „*қорқып қарау*“, „*таң қалып қарау*“ т. б. көру етістіктері құрамынан айырушы семалары арқылы бөлініп шығады. Ал бұл айырушы сема сол топты құрайтын кіші мағыналық топтар үшін жалпылаушы сема болады, себебі бұл сема – белгілі бір топтың басын қосып тұрған сема. Яғни олардың жалпылаушы семасы көздің қызметімен байланысты болады.

Шындығында да, компоненттік талдау әдісін қолдану негізінде салғастырылып отырған тілдердегі көру етістіктері өрісінің ішкі құрылымындағы ерекшеліктерін құрайтын әр тілдің өзіне тән семантикалық

белгілерді анықтауға мүмкіншілік туады. Өріс құрамындағы етістіктердің **көру, қарау - sehen, blicken** етістіктерімен арақатынасы түрлік айырушы белгілердің негізінде шектеледі, себебі олар қосымша мағлұмат беріп, тектік семантикалық нышандарды (архисема) нақтылайды.

Сондықтан зерттеудің бастапқы кезеңінде семантикалық талдаудың негізгі мақсаты салғастырылып отырған тілдерде көру етістіктерінің ортақ айырушы семантикалық белгілерін және семантикалық топтарын, яғни микро өрістерін табу болып табылады. Топтық семантикалық айырушы нышандары бар көру етістіктерінің мағынасы «көру» архисемасына қарағанда күрделірек.

Етістіктерді семантикалық белгілері бойынша әріқарай талдау зерттелініп отырған етістіктердің белгілі бір топтарға ортақ айырушы нышандары бойынша бірігетінін көрсетті.

Жалпы көру үрдісін неміс тілінде **sehen - көру, қарау; blicken – біреуге, бірдемеге қарау** етістіктері білдіреді. Неміс тілінде көру етістіктері 288: **sehen- көру, қарау; blicken - қарау (біреуге, бірдемеге); schauen - біреуге қарау; gucken - қарау; betrachten- қарау, қарап шығу, анықтан қарау; starren-үңіле қарау, қадала қарау (біреуге, бірдемеге); anstarren- үңіле, қадала қарау, тесіле қарау; beobachten-байқау, бақылау, қарау, қарап жүру; durchbohren- көзбен тесе қарау; ueberblicken – шолу, көз жіберіп қарау, көз тастау; gaffen - көз алмай қарау, аңырая қарап қалу; begaffen - көз жіберу, жімі қарау; anglotzen - қадала қарау, тесіле қарау және т. б.**

Неміс тілінде көру түйсікті мағыналы етістіктердің көп болуы себебі – неміс тілі флективті топқа жататын тіл болғандықтан, оның жүйесінде қазақ тілінде кездеспейтін кейбір категориялар бар. Мәселен, префикс категориясы. Префикстер етістіктің түбірінің алдына қосылады да, сөздің мағынасын кейде жартылай, кейде бүтіндей өзгертеді. Мысалы: **sehen** етістігінен префикстер арқылы жасалған етістіктердің мағыналарына зер салайық: **ansehen – aufmerksam beurteilend betrachten – зер салып, бағалай қарау, aufsehen – nach oben blicken – жоғары қарау, besehen – aufmerksam, genau betrachten – зер салып, анықтан қарау, durchsehen – prüfend ansehen – тексеру, бағалай қарау, entgegensehen – j-n kommen sehen (erwartungsvoll) – біреуге қарсы қарау (келе жатқан адамға), nachsehen – hinter j-m etw. sehen – біреудің соңынан қарау, umsehen – nach allen Seiten schauen – жан-жаққа қарау, wegsehen – den Blick abwenden – бір нәрседен, біреуден көзін тайдырып өкету, zusehen, zuschauen – ein Ereignis, einen Vorgang mit den Augen verfolgen – бір құбылысты, оқиғаны көзбен шолу.**

Тіл білімінде лексиканың мағыналық семалық компоненттерін анықтау мәселелері бойынша түрлі көзқарастар бар. Мысалы, Э.Лендвай, С.Д. Кацнельсон және т.б. ғалымдар «компоненттер құрамын анықтау үшін түсіндірме сөздіктегі сөздердің мағынасын қолдану қажет, сөздік анықтамасында заттарды айқындап түсінік білуге қажет ерекше белгілер болады» деген пікір айтады [1, 5-6 б.].

Жинаған практикалық материалымыздағы етістіктерді топтарға бөлгенде сөздіктердегі сөздердің тұжырымды анықтамаларына (дефиниция) сүйендік, себебі сөздіктердегі анықтамалар негізінде ғана сөздің айырушы нышанын анықтап, сөз мағынасын түсінуге болады. Бұл туралы З.Е. Сүлейменова: «... словарные дефиниции в большинстве случаев содержат тот минимум наиболее характерных и отличительных признаков, которые необходимы для выделения распознавания предметов» дейді [2, 118 б.].

Түсіндірме сөздіктерде берілген осы анықтамаларды етістіктерді жалпылаушы және айырушы семаларына қарай топтарға бөлуімізге критерий етіп алдық. Өкінішке орай, сөздіктердегі сөздердің тұжырымды анықтамалары талдау жасағанда кей жағдайда жеткіліксіз болды. Екі тілдегі түсіндірме сөздіктерде де кейде сөздің анықтамасы берілмей, синонимдермен берілген (Қазақ тілінің сөздігі, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, неміс тіліндегі Вариг (Wahrig), Дуден (Duden) сөздіктері). Неміс тіліндегі сөздіктерден мысалдар келтірсек: *erblicken* – „*қору, көріп қалу, көзі шалып қалу, байқап қалу*“ етістігінің мағынасы Дуден сөздігінде „*(mit den Augen) [ploetzlich, unvermutet] wahrnehmen – [көнет, күтпеген жерден] көзбен байқау*“ деген мағына берсе [3, 227 б.], Вариг сөздігінде „*mit den Augen wahrnehmen, entdecken – көзбен байқау, көріп қалу, ұшырату*“ [4, 423 б.], Лангеншайдт сөздігінде „*j-n, etw. sehen – біреуді не бірнәрсені қору*“ деген мағына береді деп көрсетілген [5, 304 б.]. *Erkennen* – тану етістігі Вариг сөздігінде „*wahrnehmen, sehen, unterscheiden – байқау, қору, айыру; merken, wer oder was es ist – кім немесе не екенін көріп қалу, байқап қалу*“ [4, 429 б.] деген мағына берсе, Дуден сөздігінде „*(mit Augen oder Ohren) deutlich wahrnehmen – (көзбен немесе құлақпен) анық байқау, айыру*“ [3, 232 б.] деген мағына береді де, Лангеншайдт сөздігінде „*j-n, etw. so deutlich sehen, dass man weiss, wen oder was man vor seinen Augen hat – біреуді не бірнәрсені анық қору, көз алдындағы не нәрсе немесе кім екенін нақты білу*“ [5, 310 б.] деген мағынаға ие деп көрсетілген. Енді қазақ тіліндегі түсіндірме сөздіктерінен мысалдар келтірейік: *одырай* етістігінің мағынасы ҚТТС „*үрке қарау, едірею, адыраю*“ деп берілсе [6,7 том, 375 б.], Қазақ тілі сөздігінде „*адыраю, едірею, ежірею, ожыраю*“ деген мағына береді [7, 484 б.]. Сол сияқты *мөлтеңде* етістігі ҚТТС „*жауаңдау, жаудырау*“ деген мағына берсе [6, 237 б.], Қазақ тілі сөздігінде „*жаудырау, жауаңдау* деген мағына береді [7, 466 б.], ал енді *жауаңда* етістігін қарасақ, онда ҚТТС „*жауаң-жауаң ету, жаудырай қарау*“ [6, 4 том, 23 б.], Қазақ тілі сөздігінде „*көздің төменшікпен бір жерде тұрмай, жаудырай, жәутеңдей қарауы, мөлтеңдеу*“ деп беріледі [7, 221 б.]. Сонымен, жоғарыда келтірілген мысалдарды негізге ала отырып, қолданыстағы сөздіктердегі қараған сөз мағыналары қанағаттанарлық тұрғыда деп айта алмаймыз. Бұл әрине сөз мағынасын зерттеушілердің жұмысын қиындатып, сөздердің мағынасын дұрыс анықтауға, сөздерді

сөйлемдерде дұрыс қолдануға қиындық туғызады, сол себепті бізге зерттеу жұмысында кей кездері өзіміздің ішкі түйсікке жүгінуімізге тура келді.

Сөз мағынасының түп-төркінін, мәнін түсіну үшін мағынаны оның ең кіші семаларына ажырату қажет. Осы мақсатпен еңбекте компоненттік талдауға талпыныс жасалды.

Түйсінудің мақсат-міндеттеріне сүйене отырып, біз көру (қарау) мағынасындағы етістіктердің құрамы қандай семалардан тұратынын анықтап, оларды лексика-семантикалық топқа бөлдік. Көру етістіктерінің ЛСТ-ның ішкі құрылымын анықтауда біз әрбір құбылысты мағына мен форма бірлігін есепке ала отырып, мағынаны жетекші етіп алатын әдістемелік қағиданы негізге алдық. Осыған сәйкес көру етістіктерінің ЛСТ-ның ішкі құрылымын анықтауда етістіктердің синтаксистік тіркесімі мен етістіктердің семантикалық ерекшеліктері есепке алынды. Дегенмен, неміс тіліндегі етістіктер көп мағыналы болып келетіндіктен олардың негізгі мағынасы мәтінге (контекстке) байланысты болып келетінін естен шығрмауымыз қажет.

Көру қимыл мәнін қазақ тілінде **көру, қарау** етістіктері білдіреді: *Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Аанадай жерде, қонақ үйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен* [8, 9 б.]. Жалпы көру етістіктерінің (дара етістіктер) саны қазақ тілінде 63: **көру, қарау, тесірею, шолу, тесілу, оқыраю, адыраю, одыраю, бағжсию, бағсыраю, жаудырау, жалтақтау, едірею, байқау, аңғару, шұқшию, сығалау, қадалу, мөлтеңдеу, сығыраю, телміру, тану** және т.б.

Көру етістігінің семалық құрылымы өте қарапайым: **қарау, көз салу, көз салып байқау**.

Мақсатты түрде көру үрдісін, көру органдарының активті түрде көру үрдісіне қатысуын доминант **қарау** етістігі білдіреді: **қарау, көз салу, назарлау, үңілу, бетін бұру, барлау, бақылау, шолу** және т.б.; ауызекі тілде: **бақыраю, ақшию, тесірею, жіті қарау, қадалу** және т.б.

Неміс және қазақ тіліндегі «**көру**» мағыналы етістіктерді айырушы нышандарына қарай топтастыра келе қазақ тілінде 10, неміс тілінде 14 ЛСТ анықталды. Неміс тілінде анықталған көру етістіктерінің кейбір лексика-семантикалық топтары қазақ тілінде де анықталды, бірақ олар сан жағынан және лексикалық мағыналарының ауқымы жағынан сәйкес келмейді.

Екі тілге де „*Көру үрдісіндегі әр түрлі оқшау қарасты білдіретін*“ нышанды етістіктер, „*Көз алмай тесіле, қадала қарау*“ нышанды етістіктер, „*Зейін салып, зер салып қарау*“ нышанды етістіктер, „*Байқау, көзі шалу*“ нышанды етістіктер, „*Бақылау, аңду*“ нышанды етістіктер, „*Жан-жағына жалтақтай қарау*“ нышанды етістіктер, „*Анық көре алмай сықшию*“ нышанды етістіктер, „*Таңдана, таңырқай қарау*“ нышанды етістіктер және „*Көз салу, қарау*“ нышанды етістіктер топтары ортақ. Ал екі тілдегі айырмашылықтарға неміс тіліндегі сияқты қазақ тілінде бағыт етістіктері, аспап арқылы қарау етістіктерінің болмауын жатқызуға

болады. Неміс тілінде белгілі бір бағытқа қарауды *hinsehen, hineinsehen, entgegensehen, nachsehen, emporsehen, hereinblicken, hervorblicken, emporschauen, hinaus schauen, heraus schauen* т.б. етістіктері білдіреді. Ал қазақ тілінде қараған бағытты білдіру үшін *жоғары, төмен, қарсы* т.б. көмекші сөздері қолданылады. Сол сияқты неміс тіліндегі ерекшелікке осы тілдегі аспап арқылы қарау, мысалы дүрбі немесе микроскоп арқылы қарау етістіктерінің топтарын жатқызуға болады: *abvisieren, mikroskopieren, anpeilen, visieren*. Ал қазақ тілінде аспап арқылы қарауды білдіру үшін *арқылы* көмекші сөзін қолданамыз. Мысалы: дүрбі немесе микроскоп арқылы қарау т.б

Сонымен айырушы семантикалық нышандарды салғастыру, оларды жүйелеу неміс және қазақ тілдеріндегі «**көру**» етістіктерін тектік және түрлік мағыналық топтарға бөлудің негізі болып табылады. Неміс және қазақ тіліндегі «**көру**» етістіктерін салғастыра зерттеу олардың мағыналық арақатынасы күрделі екенін көрсетті. Екі тілдегі осы арақатынасты анықтау көру етістіктерін зерттеудің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Неміс және қазақ тілдеріндегі көру етістіктерінің мағыналық топтары құрамы жағынан біркелкі емес. Зерттеу материалдары «**көру**» лексика-семантикалық өрісіндегі *кору-sehen* етістіктерінің мағыналық құрылымында айырушы белгілеріне қарай жалпы көру үрдісін білдіретін жақын немесе ұқсас лексика-семантикалық топтар бар екенін көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТЕЗІМІ

1. Кацнельсон С.Д. Содержание слова, значение и обозначение. – М. – Л.: Наука, 1965. – 110 с.
2. Сулейменова З.Е. Семантическая структура глаголов со значением радоваться. дисс... канд.филол.наук. – Алматы, 2001. – 152 с.
3. Duden. Bedeutungswörterbuch. 1989.
4. Wahrig. Deutsches Wörterbuch. Hrs. von Gerhard Wahrig, 1980-1986.
5. Grosswörterbuch Deutsch als Fremdsprache / Langenscheidt, Berlin, Muenchen –Deutsch als Fremdsprache / Max Hueber Verlag, Duden Verlag, 2004
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы ред. басқарған А.Ы. Ысқақов. 10 т. – Алматы, 1974-1986.
7. Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы, 1999;
8. Әуезов М. «Абай жолы» 1 том. - Алматы: Жазушы, 1989,

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 24.02.12 ж. редакцияға түсті.

Г.К. КЕНЖЕТАЕВА

ДИФФЕРЕНЦИАЛЬНЫЕ ПРИЗНАКИ ГЛАГОЛОВ ЗРЕНИЯ В НЕМЕЦКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ.

G.K. KENZHETAYEVA
DIFFERENTIATED CRITERIA OF THE VERBS OF VISION IN THE
GERMAN AND KAZAKH LANGUAGES

Резюме

Автор статьи проводит сопоставительный анализ глаголов зрения в немецком и казахском языках по дифференциально-семантическим признакам.

Resume

The author of the article conducts the comparative analysis of the verbs of vision in the German and Kazakh languages according to the differentiated semantic criteria.

УДК 070 (574)

А.Е. КУДЕРИНА, А.М. КУДЕРИНА
О ЖАНРОВОЙ СПЕЦИФИКЕ ТЕЛЕВИДЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Жанр на телевидении можно определить как «сложившийся тип отображения реальной действительности, обладающий рядом относительно устойчивых признаков, используемый с целью классификации творческих продуктов и играющий роль подсказки для аудитории» [1]. Для современного телевидения жанровая структура имеет практическое значение: деление телевизионного контента на жанры важно не только с содержательной, но и с технической точки зрения, поскольку от этого во многом зависит технология производства.

Журналистика - не только творчество (зачастую не столько), но и сфера политической деятельности. Прямая, но чаще скрытая политическая детерминированность обусловлена интересами реальных владельцев СМИ, будь то газета, журнал, радио и телестудия. Ими могут быть и государство, и партия, финансовая группа или даже отдельная личность. Проявляется такая зависимость в программной политике, в перспективном и текущем планировании, в верстке реальной ежедневной программы. Но программа – это некая целостная содержательная форма, которая как мозаичное панно складывается из отдельных, и также целостных, фрагментов. Каждый из них выполняет свою функцию, каждый наделен определенными признаками и качествами. То есть, иначе говоря, принадлежит к тому или иному жанру.

В основу жанрового деления положена не только мера типизации. Здесь учитывается также способ отражения реальной действительности,

функциональные особенности тех или иных передач, их частей, тематическое своеобразие, технические условия создания телепроизведения [2].

Таким образом, все разнообразие телевизионной продукции можно классифицировать по ряду формальных признаков. Это позволяет выделить определенное количество жанров, что важно не столько для теоретического осмысления проблем телевизионной журналистики, сколько для практической деятельности телевизионных журналистов.

Сама теория жанров, отличающаяся чрезвычайной сложностью, многоаспектностью, находится в постоянном процессе развития, видоизменяясь вместе с живой и изменчивой практикой. Но сколь бы сложной ни была конструкция телевизионной передачи, в ее основании всегда можно обнаружить устойчивые жанровые признаки.

К информационным жанрам относят оперативные устные сообщения, видеосюжеты, короткие интервью и репортажи; к аналитическим – то, что в практике часто называют «передача». Здесь можно выделить видеокорреспонденцию, беседу, комментарий, обзор, дискуссию, пресс-конференцию, ток-шоу. Художественная документалистика включает в себя зарисовки, очерки, эссе, фельетоны, памфлеты [3].

Публицистика – род произведений, посвященных актуальным проблемам и событиям текущей жизни; играет важную роль, влияя на деятельность социальных институтов, служа средством общественного воспитания, способом организации и передачи социальной информации. Публицистика существует в разных формах: словесной (письменной и устной), графически-изобразительной (плакат, карикатура), фото- и кинемато (видео) графической (документальное кино и телевидение), театрально-драматической и др. Ее основополагающие признаки – актуальность тематики и масштаб осмысления конкретных проблем и событий окружающего мира [4].

Трансляции или отчеты о заседаниях высшего законодательного органа, комментарии о тех или иных правительственных решениях, беседы с известными общественными деятелями, журналистские расследования нерешенных проблем общественной жизни, «круглые столы» специалистов, пресс-конференции лидеров зарубежных стран, прибывших с официальными визитами, – все это телевизионная публицистика.

Комментарий на экономические темы, хроника полевых работ, биржевые новости, телевизионный портрет рабочего или фермера, рассказ о благотворительной деятельности отечественного бизнесмена, беседа юриста, толкующего новое законодательство, – это телевизионная публицистика.

Как видим, главным, определяющим признаком публицистичности здесь служит обращенность сразу к множеству людей (публичность). Но все эти передачи неодинаковы по форме и по методам их создания, по особенностям журналистской работы. Иначе говоря, они выполнены в разных жанрах.

Разумеется, определение жанра телевизионного произведения происходит не по одному какому-то признаку, но по всей их совокупности. Говоря о системе жанров, мы различаем три основных принципа подхода к изображению реальности, закрепленных соответственно в композиционной организации телематериалов [5].

Во-первых, группа жанров, выражающих стремление к простой фиксации реальности. Здесь автор идет за конкретным событием, явлением. Композиция таких материалов, их организация диктуются самим строем происходящего события. Это относится к информационным жанрам.

Во-вторых, тип сообщений, в которых автор анализирует реальные факты, явления в соответствии со своей творческой задачей. При этом композиция сообщения зависит не от фабулы события, но от замысла автора. Это жанры аналитической публицистики.

Наконец, в-третьих, сообщения, композиция которых зависит от образной системы, предложенной автором. При сохранении документальности материала автор пользуется средствами художественной выразительности вплоть до актерской игры. Такие сообщения относятся к жанрам художественной публицистики. Определяющим здесь является наличие образа, а сообщение и анализ фактов имеют второстепенное значение. Можно сказать, что очерк, эссе, зарисовка есть результат художественной организации фактического материала, тогда как аналитические жанры (комментарий, обзор, корреспонденция) не претендуют на образность, ограничиваясь анализом фактов, событий, явлений. Функция художественной публицистики – в раскрытии типического, общего через индивидуальное, отдельное. Достигая полноты обобщения, выявляя характерное, художественная публицистика использует образное отражение реальности, причем образ этот создается из невымышленного, фактического материала.

В начале 90-х годов в стране формируется коммерческая модель телевидения. Телевизионный эфир заполнился новыми жанрами и формами. Произошли изменения в отечественной телевизионной практике, связанные не столько со «свободой слова», сколько с ориентацией на коммерческую прибыль.

Культурно-рекреативная функция современного телевидения реализуется в развлекательных передачах (ток-шоу, телесериалы, телевикторины). В такого рода телепрограммах всё большую роль играют интерактивные технологии, с помощью которых телезритель может не только наблюдать за ходом игры, принимать в ней участие, но и влиять на ход программы в целом.

Многие телевикторины помогают телезрителю расширить свой кругозор, обогатить знания, повысить эрудицию. Например, телеигры «40 миллионов тенге» (7 канал), «Спой!» («Хабар»), «Соз мерген» («Казахстан»), «Деньги в дом» (КТК), «Такси» (НТК) появившиеся на нашем телевидении сравнительно недавно (2010 – 2011гг.).

Вместе с тем исследователи довольно четко определяют структуру жанров на телевидении в настоящее время. Рассмотрим важнейшие из них.

- **Информационное сообщение (видеосюжет).** На телевидении в этом жанре выступают устное сообщение и видеозаметка. В документальном кинематографе видеозаметку часто называют хроникальным репортажем: это короткие материалы, показывающие основные моменты события в их естественной последовательности.

- **Отчет** - жанр информационной публицистики, пограничный с некомментируемым репортажем, по сути или по крайней мере по форме (в имитации) подающий протокольно–фиксированную информацию о событии или мероприятии в длительном и детальном показе. Купюры не технического характера обычно согласовываются со специально на то уполномоченными представителями официального органа. Зрелищность жанра невысокая и поэтому к нему прибегают обычно в связи со значительными общественно–политическими мероприятиями протокольного характера.

- **Выступление (монолог в кадре, «стенд-ап»).** Любое обращение человека к массовой аудитории с телеэкрана, когда сам этот человек является основным (чаще всего единственным) объектом показа, и есть выступление в кадре.

- **Интервью** — жанр информационной публицистики, в составе информационных материалов один из вариантов разговорной передачи «в лицах» — диалог, полилог, конфронтационное интервью, контрвью и так далее. Также составная часть (метод) журналистской работы в различных жанрах, позволяющая сделать эффектный материал об интересном или видном человеке, или подготовить эпатазирующий «экспромт» для увеличения зрелищности телеигры, или добыть недостижимую иными способами, менее травмирующими эстетическое восприятие, недостающую в сюжете для зрелищности информацию.

- **Репортаж** – жанр информационной публицистики, включающий три формы: событийный (прямой синхронный или немой), постановочный (спровоцированная ситуация) и тематический. Репортажность — имманентное свойство подавляющего большинства журналистских жанров. Но не ТВ в целом. Типичный репортаж в составе новостной информации включает авторскую работу оператора и корреспондента (репортера), который, согласно господствующей концепции, должен служить «беспристрастным и точным посредником между зрителем и реальностью». Фактически это всегда не так — зрелищность репортажа, без чего его вряд ли выпустят в эфир, определяется соответствием содержащейся в нем информации возможному острому или неожиданному восприятию аудитории вкупе с участием репортера в самом событии («Будьте визуальной частью сообщения!») — бежит вместе с демонстрантами, участвует в спасательных работах, оказывается заложником и т.д. Откровенно говоря,

если бы зрителю постоянно не внушали, что журналистов иногда убивают, зрелищность репортажа была бы существенно ниже: «Мы только что из Сенегала — вот там была стрельба!». Мотивацию рискованного поведения журналиста зрелищно иллюстрировал французский художественный фильм «Жить, чтобы жить» с Ивом Монтаном в главной роли.

- **Комментарий** – жанр аналитической публицистики, входит в состав сложной сценарной композиции, посвященной разновидности выступления в кадре или закадровый комментарий под конкретный видеоряд, в связи с конкретным событием или проблемой. Транслируется в форме самостоятельной отдельной передачи или некоторой общественно–значимой проблемы. В настоящее время широко используется для перебивки новостной информации.

- **Обозрение** – жанр аналитической публицистики, позволяющий представить, сопоставить и прокомментировать в общем ключе события одного временного («Информбюро») или тематически–адресного («Кинопарковка», «Тотальный футбол») ряда. Зрелищность жанра обусловлена, прежде всего, личными качествами обозревателя–аналитика (модератора): компетентностью в предмете, способностью подобрать видеоряд и ассоциативно комментировать его, также выражать некую «личностную» позицию вплоть до использования откровенно эпатазирующих высказываний.

- **Беседа** - жанр аналитической публицистики, диалог или полилог, иногда с использованием вспомогательных кино или фотодокументов (коротких сюжетов), как правило, без выраженной конфронтации сторон. Беседа существует по крайней мере в двух формах — посвященная конкретной общественно–значимой теме или с участием людей, само появление которых на экране способно привлечь аудиторию (нюсмейкеров). На современном ТВ беседа чаще всего бывает включена в ток–шоу.

- **Дискуссия** - Жанр аналитической публицистики, обычно полилог с участием ведущего и не менее чем двоих носителей контрастных точек зрения на некую общественно–значимую проблему, или любых нюсмейкеров, одновременное появление которых в кадре символизирует некую противоположность.

- **Телешоу** — развлекательный нейтральный жанр с преобладанием музыки и изображения, часто с обилием рекламы. Основное качество — зрелищность, функция — рекреативная. («Вкуснятина», «Лица столицы», «Ризамын» и другие)

- **Ток-шоу.** Разговорный жанр, современный аналог теледискуссии, от английского talk–show — заимствованный в связи с возможностью прямого эфира западный жанр, адресованный «не всем, но каждому». В настоящее время хорошими примерами типичного ток–шоу являются «За деньги не купишь» (Хабар), «Жен.Совет» (Ел-арна), «Будьте красивыми» (СТВ). Ток-шоу

является одним из наиболее распространенных на отечественном телевидении жанров, как бы ни анонсировалась соответствующая передача. Так называемая «телевизионная пресс–конференция» на самом деле принадлежит жанру ток–шоу уже потому, что ведущий сам же задает большинство вопросов, подготовив заранее сценарий или сценарный план. При такой организации передачи практически исключается возможность в ней политической игры, непредсказуемости вопроса и выявление неожиданной информации для компетентного человека, происходит лишь актуализация уже существующей в недрах аудитории информации.

- **Сатира** – в прошлом – группа жанров (в основном фельетон и памфлет), в настоящее время скорее способ (стиль) отображения реальности, используемый во многих журналистских жанрах для поддержания остроты восприятия и расширения аудитории. Сатира использует злой саркастический юмор для создания иллюзии превосходства одной части аудитории над другой, иногда потенциальной ее частью или отдельным общественно–значимым представителем этой части. В остальном жанр на современном экране может быть любым — от репортажа до чисто игрового произведения. Фактически сатира граничит с ксенофобией. Однако западные политические деятели иногда предпочитают не подавать исковых заявлений на СМИ в суд даже в случае откровенной клеветы, чтобы не снижать свой рейтинг еще более, но в Казахстане происходит нечто противоположное — рейтинг повышается у СМИ даже в случае вызывающе извращенной подачи информации.

Журналистское расследование — своеобразный и распространенный на крупных компаниях «внутренний» аналитический жанр, к которому компания прибегает чаще, чем предоставляет эфир его непосредственным результатам, поскольку расследование со стороны органа СМК влечет множественные проблемы этического характера и возможные расходы по судебным искам. Однако это единственный жанр, влекущий конкретную, осязаемую и результативную реакцию общества — именно журналисты раскрутили «уотергейт», и это привело к смещению Никсона, причем вся история оказалась настолько значимой для Америки, что была воплощена в художественном фильме «Вся президентская рать» с Дастином Хофманом.

Вопреки распространенному мнению о необходимости расследования исключительно по следам конкретного преступления, оно может быть предпринято в связи с любой общественно–значимой проблемой, информация о которой труднодоступна или скрывается. Практически каждый обозреватель крупного СМИ имеет свой личный архив с результатами нескольких журналистских расследований, которые он часто ведет, не имея предварительного представления о форме будущей публикации. Крупные компании ведут одновременно несколько расследований и не скупаются на каждое, причем перед эфиром материал просматривает юрист компании.

Эфир материала расследования обычно организуется сериалом короткими частями по несколько минут.

Таким образом, строгое разделение по жанрам существует лишь в теории и, в определенной степени, в информационных материалах, а теория жанров постоянно находится в развитии, видоизменяясь, происходит становление, развитие новых и «отмирание» старых жанров. В целом же жанрам телевидения Республики Казахстан свойственно взаимопроникновение, и на практике границы между ними часто размыты.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Основные понятия теории журналистики / Под ред. Я. Н. Засурского. - М., 2003. – С. 81.
2. Ворошилов В. В. Журналистика. - СПб., 2000. – С. 108.
3. Вакурова Н.В., Московкин Л.И. Типология жанров современной экранной продукции. - М., 1998. – С. 90.
4. Дмитриев Л.А. Телевизионные жанры. - М., 1991. – С. 52.
5. Лазутина Г.В. Основы творческой деятельности журналиста. - М., 2000. – С. 166.

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.
Материал в редакцию поступил 30.03.12.

А.Е. КУДЕРИНА, А.М. КУДЕРИНА
ҚР ТЕЛЕДИДАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ
A.E. KUDERINA, A.M. KUDERINA
GENRE SPECIFICS OF THE TELEVISION IN THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

Түйіндеме

Мақалада қазақстандық теледидар мысалында формальды белгілерінің бірқатары бойынша теледидар жанрларының жіктелуі қарастырылады.

Resume

This article is about the classification of TV genres on the example of the Kazakhstan's television.

ЭОЖ 882.116.11-3-055.2

Қ. НҰРФАЛИ **ҚАЗІРГІ ОРЫС ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР ПРОЗАСЫ** **ТУРАЛЫ СЫН-ПІКІРЛЕР**

1980 жылдардың аяғындағы әдебиеттегі әйелдер тудырған туындылар «әйелдер прозасы» деген атауды енгізу қажеттілігін тудырды. Сол кезеңнен бастап-ақ белгілі бір нақты туындылар тобын атауда пайдаланылған «әйелдер прозасы» деген термин пайда болды. Аталған шығармаларға сыншылар өз пікірлерін: «Көптеген әйел-жаушылар өздерінің ауыр тағдырларын жаза отырып, бақытсыздығы туралы құрбысымен әңгіме құрып отырғандай жазып, әсте прозалық шығарма жазып отырғандарын ұмытып кетеді», - деп білдіріген болатын.

Алайда «әйелдер прозасы» әдебиетте арнайы бағыт ретінде 1980 жылдардың аяғында қалыптасқанымен, бастауын XIX ғасырдан алатын еді. Әйелдер бейнесі арнайы персонаж ретінде әйел кейіпкерлерге деген көзқарастың өзгерген тұсынан басталды. 1812 жылғы Отан соғысынан кейін мемлекеттегі тұрақтылықты орнату үшін қоғамда әйелдің қызметі күшейе түсті, әрине осыған орай үй қызметіндегі әйелдердің, зайырлы әйелдердің «светская дама» әдеби бейнелері пайда болды. Осы қоғамдық өзгерістің нәтижесінде әлемдік әдебиеттің кейіпкерлері жүйесіне кіретін әдебиеттің әйелдік типтері пайда болды (тургеневтің қыздары).

«Әйелдер» прозасы термині арнайы термин ретінде қолданысқа ие бола бастаған кезеңі туралы М.Н. Петрук: «1840-1860 жылдардағы әйелдер» прозасындағы арнайы типтердің жіктемесін жасап, «белдемше киген артық адам» мен ауылдық ханымның типтерін айрықша атап өтеді.

Әлемдік әдебиетте «әйелдер» прозасы терминінің пайда болуы біріншіден, әлеуметтік құбылыстармен байланысты еді. Осындай әлеуметтік құбылыстың бірі – әйел тендігін сақтауға талпынған феминистік қозғалыс. Осы сипаттағы мәселелер әйел тек автордың идеясын тасушы емес (тургеневтік қыздардағы типтер), керісінше әйелдің бірінші қатардағы ерлігі мен оның тендігін сақтаған жаңа әдеби туындыларды жасауды талап етті.

Прозаның түрлі жанрлық формаларының қалыптасуына әсер еткен екінші фактор – таза әйел оқырмандарының қалыптасуы еді. «Қыздарға арналған» проза Ресейде XX ғасырда кеңінен таралды.

XX ғасырдың басындағы әйелдердің туындылары бірен-саран болатын, алайда сол туындылардың авторларына сол дәуірдегі әдебиеттен өз орындарын алу үшін біраз күресулеріне де тура келді. Мысалы, В.Вербицкийдің «Бақыт кілті» (1909-1913) романының әдеби үдеріске енуін айтуға болады. Бұл романда «Күлше қыздың тарихы» типтік тұрғыдан баяндалған және әдебиеттің өнер ретіндегі сипаты «күнделікті ошақ басы»

күйбең тіршілікпен астасып жатқандықтан, сыншылар тарапынан қатаң сынға ұшырады.

Алайда сыншылар А.Вербицкийдің туындыларында тек әлеуметтік мақсат-мүддені көкसेген кейіпкер емес керісінше шексіз махаббатқа қарсы тұрғандарға төтеп берген жаңа нормадағы «белдемше киген жаңа адамның» бейнесі баяндалғанына аса мән берген жоқ.

Қазіргі таңда әйелдер прозасына қатысты сыни пікірлердің бастысы – «әйелдер прозасы орыс прозасында белгілі бір сала болып табылады ма?» деген сұраудың аясында өрбуде.

Бұл үшін ең алдымен әйелдер прозасы дегенді қалай түсінуге болады деген сұраққа жауап берген дұрыс. Сыншылардың пікіріне сүйене отырып, белгілі бір анықтама беруге бола ма? Мәселен, И.Габриэлян былай деп жазады: «әйелдер прозасы дегенде біз ең алдымен әйелдер жазған шығармаларды меңзейміз. Оқырманға мұндай анықтама өте қарапайым да, бейтарап та болып көрінуі мүмкін. Қарапайым – иә, бейтарап – жоқ». Бұл түсінік ерлер және әйелдер деген сөздерге қатысты бізге символдық тұзақтан аулақ болуға мүмкіндік береді. Мәдениеттің бұл түрінде осы сөздер бейтарап болмағандықтан олар жүйелік белгілерді түгел бағалау кезеңдерін қамтиды.

Осылайша, әйелдер прозасы дегеннің өзі әдебиетпен де, қоғамдағы әйелдердің мәртебесімен де байланысты нұсқа. Габриэляның айтуы бойынша әйелдер және ерлер деген терминнің өзі семиотикалық жүйені білдіреді. Демек, ерлерге қатысты лайықты, ал әйелдерге – күмәнді деген жүйені білдіреді.

Хронологиялық мағынада әйелдер прозасы 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында белгілі бола бастады. М.Абашева: «Бізде әйелдер прозасы пайда болды. Бұл әйелдер бұдан бұрын, яғни ек-үш онжылдық бұрын әңгімелер мен повестер жазбады деген сөз емес. Жазды, жазғандары басылды. Бірақ қалың журналдарда мұндай көп әйелдер есімдер кездеспеді, аранйы әйелдер жианқтары («Әйелдер логикасы», 1989, «Таза өмір», 1990, «Ұмытылған зұлымдық», 1990) бірінен соң бірі шыққан жоқ. Сол сияқты әйелдер прозасы бар ма деген сұраныста та туындаған жоқ.» [1.9]. Абашеваның ойынша, қазіргі әйелдер прозасы – әйел-авторлардың жаңа мәртебесі, орыс қоғамындағы орыс прозасы туралы жаңа таластар.

Жазушы Светлана Василенко орыс прозасы – орыс әйелдер жинағынан басталған жаңа менталитет дегенмен келіседі. Бұл менталитет қазіргі әйел-авторлар осындай әдеби талаптарға өзінің бағынышты екенін сезінетін бірлестікте жұмыс істейді.

Мұны Габриэляның мақаласында келтіріліген көлемді дәйектемемен нақтылай түсуге болады: 80-жылдардың аяғындағы әйелдер және Ресейдегі феминистік қозғалыстардың тікелей болмаса да өзара байланысы бар және журналы немесе өзге де басылмаларда «әйелдер» авторлардың (ер және әйел) жаппай басылуы, біріккен соң бұл ұжымдық жинақтардың жарық көруі.

Осындай жинақтардың шығуы, яғни жынысына қарай авторлардың бірігуі, 80-жылдары да, 70, тіпті 20-жылдары да болған жоқ.

Мұндай әйел жазушылардың бір-біріне ұқсастығы аз болса да, олардың көбі қалыптасқан дәстүрлі әйелдер және ерлер образын өзінше беруге тырысады. Бұл жағдайдың шегінен шығуға тырысу, әйел өз көзімен емес, ер көзімен көру, ерлер стилін қайталауды тоқтату, бірақ өз шығармаларында патриархалдық мәдениетке тән сипаттарды беру тән. Дәл осы нәрселер жаңа әйелдер прозасын 60-70-жылдардағы әйелдер прозасынан айырып тұрды [2.16].

Әйел-авторлар әдебиет арқылы өз тәжірибелерін көрсетеді дегенді нақтылайды. Бұл менталитет қазіргі әйелдер прозасын орыс әдебиетінің басқа кезеңдеріндегі әйел-авторлар прозасынан ерекшелеп тұрады. Феминизм және әйел тәжірибесі бір деген болжам әйелдер прозасына сыни қатынасқа тән.

Сыншылардың бәрі болмағанымен, басым бөлігі әйелдер прозасының бастау кезеңін анықтаумен келісді. В.Маканин өзінің бір сұхбатында, осы әдеби ағымның қалыптасуына өзіндік үлес қосқан үш жас әйел жазушыны (Нарбикова, Василенко және Ванеева) атап өтіп және 80-жылдардың аяғындағы оған осы үш жасәйелдердің жазушы-әйелдердің тобын құру және олардың туындыларын шығаруға қолдау көрсету туралы өтінішпен келгенін айтады.

Әйелдер прозасының бастауы – 1988-1992 жылдардың аралығындағы тоқырау кезеңі екенін атап өткен дұрыс. Осы пікірді көптеген отандық, әсіресе кеңестік үкімет кезінде сыни мақалалар жазған сыншылар қолдап, әйелдер прозасын сол жылдардағы жалпы тоқырауға балады. Бұл құбылысты Л. Синявский «кеңестік өркениет» деп атаған.

Өз өнерім – өзіме алтын тағым [1, 95 б].

Тірлік – Алла берген ең үлкен ырзық болса, он екі мүшесі түгел, саламат денсаулық сол ғұмырда бақ екені талассыз. Алайда ақын үшін дәулет – мал мен мүлік емес, ақындық. Сондықтан да ол өзін патшадан кем сезінбейді. Өнері – алтын тағы.

Мұның үстіне талай-талай ұлы ақын, қаламгерлердің бағзыдан айтып келе жатқан «Өмірбаяным – өлеңдерімде» деген сөздерінің Мәшһүр Жүсіпке де ортақ етәе екенін көреміз. В.Г.Белинскийдің: «Ақын – қоғамның, уақыттың, адамзаттың органы және өкілі» [2, 43 б],- дегеннен өмір материалдарын ой елегінен өткізіп барып, ақындық шабытпен жырлағанда рухани олжа болатыны белгілі жәйт. Ол – қандай адам болды, қандай азамат еді, осы өлеңді оқыңыз да, біле беріңіз:

Баянауыл: Қызылтау – өскен жерім,
 Кірім жуып, кіндігім кескен жерім.
 Қалам, сия, қағазды қолыма алсам,
 Келер қоршап бойыма ғайып пірім.
 Айдабол мен Күліктен – шыққан затым,
 Мәшһүр деген – бір лақап, Жүсіп – атым.
 Орта бойлы, қой көзді, піти мұртты,
 Аққұба, бидай өңді қияпатым [2, 95 б].

Ақын бұл өлеңді 1903 жылы жазыпты. Өзі айтқандай, 45 жаста. Бағы асып, өлеңнің алтын тағында отырған кезі.

Халық, қауым – оның өзіне айналса, өзі – халық, қауымның қайғы-қасіретін, қуаныш-қамын, озықтық-олқылығын басынан өткеріп, етеңе болып кетеді. Міне, оның «Бес парыз» өлеңі де – осы айтқанымызға айғақ.

Жігіттер, «Өнер алды – ғылым-білім»,
 Деген жан құлағың сал, Ислам – дінің.
 Өз еркің өзінде боп тұрған шақта
 Күн өткен тірілікте сайра, тілім [2, 138 б].

Атынан-ақ белгілі боп тұрғандай, ақын әрбір мұсылманның атқарар бес парызын жыр тілімен жеткізеді. Бес парызды білу, өтеу – мұсылмандықтың шынайы белгісі. Ендеше өлеңнің осыны таратып, таныстырған тұстарын алға тарта кету де бір парыз десек артық кетпейміз.

Исламның бес парызы: біреуі – *иман*,
 Таппайды бұл бесеуін дүние жиған.
 Ықтиқат, шын ниетпен жұмыс қылып,
 Ерлерді айт Құдай үшін жанын қиған.
 Екінші – *намаз* екен бізге парыз,
 Айтпасаң білмегенге – бізге парыз.
 Нәпсіні құрбан қылып бауыздасақ,
 Құдайға жетеді екен сонда ғарыз....
 Үшінші – бізге парыз шаһы *рамазан*,
 Бұл дағы бір қаруың – жетсе қазан.
 Ұмытпай бір күн қастан қаза болса,
 Алпыс күн кінарат бар, осы – сазаң...
 Төртінші бізге парыз – *зекет* малдан,
 Бұл пәле тосатұғын әр қамалдан.
 Жүрмейді зекетіңе қабыл болып,
 Ақсақ, соқыр, тып-типыл күйрық-жалдан..
 Біреуі – бес парыздың *қажыға бару*,
 Бұл жолға мал мен жанды керек салу.
 Шақырған бір Алланың ол жеріне
 Байларға қиын екен бармай қалу [2,139-140 б].

Міне, келешек те, кемелділік те – осында: жас баланы кішкентайдан оқуға беруде. Түк білмей өскен надан бала қандай, дін ілімін, дүние білімін оқып өскен, тоқып өскен бала қандай? Айырмасы соқыр мен көзі ашықтай, көңілі сәулелідей болмай ма? Жұмақ пен тозаққа апарар мінез-құлықтың да сын-сипатын кішкентайынан біліп, көкейіне түйіп өспей ме?

Бір қызығы – нақ осы ғажап (ұжмақ) пен азаптың (тозақ) өткелі де жеті түрлі көрінеді. Айталық, шырын сөзділік, жылы жүзділік, хақ жолындағы зікір иесі болу, кішіпейілділік, қолы ашықтық, шыншылдық, намазы көп болу – жұмаққа жеткізер жеті іс-мінез болса, тозаққа табыстырар – осы айтылған жақсылықтардың антиподтары. Сонымен, мұсылмандық пен көпірліктің де ажырар тұсы бес парызды өтеуден басталып, бес жүз түрлі жақсылыққа жақын болудан сабақталмай ма?!

Иә, негізгі мәселе – шама келетін қарапайым адамдық шарттарын орындауда. Жағдайың болса, денсаулығың көтерсе, дүние-мүлкін болса, адам болу – адамдық парыз, міндеттерді орындау қажеттігі ешқандай дәлел тілемесе керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТЕЗІМІ

1 Мәшһүр Жүсіп. Шығарамалары. 1 том, Павлодар, 2003.

2 Белинский В.Г. Полное собрание сочинений. Т.6. М.: 1961.

3 Гуманистические идеи в религиозных произведениях М.Ж. Копеева

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ. Материал 05.04.12 ж. редакцияға түсті.

Ж.Т. САРБАЛАЕВ
ГУМАНИСТИЧЕСКИЕ ИДЕИ В РЕЛИГИОЗНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ
М.Ж. КОПЕЕВА
ZH.T. SARBALAEV
HUMANISTIC IDEAS IN M.ZH. KOPEEV'S RELIGIOUS WORKS

Резюме

В статье рассматривается вопрос гуманистических идей в религиозных произведениях М.Ж. Копеева.

Resume

The article considers the issue about humanistic ideas in the religious works of M.Zh. Kopeev.

УДК 070.45

Д.С. ТАШИМХАНОВА
КОММУНИКАТИВНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ
КАК КОМПОНЕНТ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЖУРНАЛИСТА

Проблемы и перспективы журналистского образования всегда являлись одним из активно обсуждаемых вопросов как в академических, так и в журналистских кругах.

Постоянно развивающиеся и усложняющиеся требования общества предполагают наличие у выпускников вузов, в том числе и журналистов, не только определенного квалификационного и интеллектуального уровня, но и управленческих, организаторских, коммуникативных умений и навыков - показателя и фактора их конкурентоспособности.

Для повышения уровня конкурентоспособности журналистов необходим пересмотр концепции обучения. Одним из подходов в обучении журналистов может стать компетентностный подход, предполагающий не просто получение обучающимися некоторой суммы знаний и умений, но и формирование системного набора компетенций, которые определяют успешную адаптацию будущего специалиста в обществе.

С точки зрения профессиональных компетенций, профессия журналиста является трудно определяемым. Потребности растущего рынка СМИ предъявляют к журналистам зачастую завышенные требования: общественное мнение и отдельные потенциальные работодатели полагают, что молодой журналист должен одновременно блестяще владеть словом, уметь производить верстку, создать сайт, иметь глубокие знания по праву, разбираться во многих бизнес-вопросах и т.п. Очевидно, что эти требования обусловлены условиями конкурентной рыночной экономики, и конкурентоспособный журналист обязан обладать совокупностью определенных интегральных характеристик, соответствующих требованиям времени.

Среди пяти базовых компетенций, выделяемых Советом Европы как необходимых сегодня специалистам самых разных сфер деятельности, в том числе и журналистам, на наш взгляд, весьма значимыми являются те компетенции, что определяют владение устным и письменным общением. Под компетенцией обычно понимают круг вопросов, в которых кто-нибудь хорошо осведомлен; круг чьих-либо полномочий, прав [1, 256]. Это понятие включает совокупность взаимосвязанных качеств личности (знаний, умений, навыков, способов деятельности), задаваемых по отношению к определенному кругу предметов и процессов, и необходимых для качественной продуктивной деятельности по отношению к ним.

Под компетентностью чаще понимается интегральное качество личности, проявляющееся в общей способности и готовности ее деятельности, основанной на знаниях и опыте, которые приобретены в процессе обучения и социализации и ориентированы на самостоятельное и успешное участие в деятельности. По мнению Е.И. Огарева, компетентность – «категория оценочная, она характеризует человека как субъекта специализированной деятельности в системе общественного труда; она предполагает: 1) глубокое понимание существа выполняемых задач и проблем; 2) хорошее знание опыта, имеющегося в данной области, активное овладение его лучшими достижениями; 3) умение выбирать средства и способы действия, адекватные конкретным обстоятельствам места и времени; 4) чувство ответственности за достигнутые результаты; 5) способность учиться на ошибках и вносить коррективы в процесс достижения целей» [2, 10].

Нюансом компонентом профессиональной компетентности будущего журналиста является коммуникативная компетентность. Коммуникативная компетентность, выступающая показателем уровня образованности журналиста, связана с выработкой собственно коммуникативных умений, к которым относятся умения и навыки построения речевых высказываний в различной жанрово-стилевой форме, умение выбрать из всех языковых ресурсов те средства, которые обеспечат эффективность речевого взаимодействия.

Общепризнано, что коммуникативная компетентность - феномен междисциплинарный, отражающий достижения разных направлений языкознания, педагогики, психологии, философии и других наук. В понимании социолингвистов, коммуникативная компетентность – это не врожденная способность, а способность, формируемая во взаимодействии человека с социальной средой, в процессе приобретения им социально-коммуникативного опыта [3, 50].

Формирование и становление коммуникативной компетентности - поэтапный процесс. Он включает в себя организацию коммуникации, развитие коммуникативных способностей и формирование коммуникативных умений. Выбор методов формирования и становления коммуникативной компетентности должен обуславливаться целями обучения, содержанием учебного материала, профессиональной мотивацией будущих специалистов, необходимостью выработки коммуникативных навыков и умений, нужных в практической деятельности. Такими методами могут быть проведение деловых и интеллектуальных игр, обучающие игры-тренинги, дебаты, дискуссии и т.п. Использование подобных учебных форм и методов развивает творческое мышление студентов, формирует навыки рационального речевого поведения в различных ситуациях общения. Деловая игра, представляющая собой групповое упражнение по выработке решений в

искусственно созданных условиях, имитирующих реальную обстановку, способствует выработке эффективных коммуникативных навыков межличностных взаимоотношений, необходимых журналистам в их будущей профессиональной деятельности. Проведение учебных занятий в форме дебатов – разновидности интеллектуальной игры – позволяет развивать коммуникативные способности обучающихся, умение аргументировано отстаивать свою точку зрения. В таких играх осваивается практический опыт поведения будущих журналистов в реальных жизненных ситуациях, в том числе и опыт речевого поведения. Игра учит будущих журналистов взаимодействию с другими людьми, развивает навыки эффективного установления и поддержания необходимых социальных контактов.

Внедрение таких форм обучения зависит не только от научной и педагогической подготовки преподавателей, но и от самих студентов, от их желания получать знания, творчески развивать свои способности для эффективного использования их в будущей профессиональной деятельности. Надо отметить, студенты начинают осознать, что личный успех, профессиональный рост зависят от многих факторов, в том числе от уровня их коммуникативной компетентности, вследствие чего меняется их отношение к получению прикладных знаний.

Формирование профессионально значимых компетенций, в том числе и коммуникативных, происходит не только в традиционном учебном процессе. Постоянными составляющими обучения журналистов должны стать профессиональные тренинги, работа по освоению различных профессиональных видов деятельности, включение в реальную журналистскую практику. Студентам еще в процессе обучения необходимо оказаться «внутри системы», разобраться в условиях работы современных журналистов и понять, в чем заключается специфика конкурентной борьбы в медиапространстве.

Есть острая необходимость создания на практике определенной системы отношений образовательной и практической журналистики, что, несомненно, начинается с заключения договоров о творческом сотрудничестве образовательного учреждения (выпускающей кафедры) с организациями, представляющими базы практик. Для действенной реализации таких договоров нужна взаимная заинтересованность и внутренняя готовность работников образовательной и практической журналистики к конструктивному взаимодействию. Целенаправленное и конструктивное взаимодействие двух сторон может обеспечить получение студентами коммуникативных навыков, позволяющих входить в реальные условия работы СМИ без длительного адаптационного периода.

Такое взаимодействие также предполагает и специализацию будущих журналистов, что, в свою очередь, позволит им расширить возможности трудоустройства по окончании вуза.

В современных условиях для журналиста выбор специализации, постоянное повышение квалификации, наряду с формированием и повышением коммуникативной компетенции, становятся важнейшими составляющими его деятельности. Огромное практическое значение коммуникативной компетентности для журналистов, для которых субъектно-субъектное взаимодействие является ведущим, требует формирования и повышения уровня личностного образования.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Ожегов С.И. Словарь русского языка /под ред. Н.Ю. Шведовой. – 20-е изд., стереотип. – М., 1989. – С. 232.
- 2 Огарев Е.И. Компетентность образования: социальный аспект. – СПб., 1995. – С. 76.
- 3 Белл Р.Т. Социоллингвистика: цели, методы, проблемы /пер. с англ. под ред. А.Д. Швейцера. – М., 1980. – С. 47.

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгыров, г Павлодар. Материал в редакцию поступил 24.02.12.

Д.С. ТАШИМХАНОВА
КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК - ЖУРНАЛИСТІҢ
КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ КОМПОНЕНТІ РЕТІНДЕ
D.S. TASHIMKHANOVA
COMMUNICATIVE COMPETENCE AS A COMPONENT OF A
JOURNALIST'S PROFESSIONAL PERFORMANCE

Түйіндеме

Мақалада журналистерді дайындаудың кейбір аспектілері, соның ішінде болашақ журналистердің коммуникативтік құзыреттігін, қатыстындық құзіреттігін қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

Resume

In this paper some aspects of journalists' preparation, in particular, issues concerning formation of future journalists' communicative competency are considered.

ЭОЖ 811.512.122' 367

Г.Қ. ТЕМІРБЕКОВА
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ-СӨЙЛЕМДЕРДІҢ
ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Қазақ тіл білімінде модаль сөздер Е.Жанпейісовтың арнайы зерттелуі бойынша барлық академиялық жинақтан орын алған. Әрбір синтаксис мамандары өздері жазған оқулықтарында және жеке монографияларында сөйлемнің модальділігі туралы тоқталған. Бірақ ешбір зерттеуші не оқулық авторлары модаль сөздердің де сөз-сөйлем болу қабілеті жөнінде ештеңе айтпайды. Ал одағайды зерттеген ғалым Ш.Сарыбаев бір сөзбен болса да «Одағайлар диалогты сөйлемдерде тұрып, сөз-сөйлем болады»[1,42]-деген болатын.

Модаль сөздердің өзінің мағыналық ерекшелігі туралы тоқталсақ, ол академиялық жинақта былайша берілген: «Сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатысы жөніндегі сөйлеушінің пікірін білдіретін, сөйлемге ренк беретін сөздерді айтады»-деп көрсеткен.

Қазақ тіл біліміндегі модальділік туралы тоқталып, оның біз зерттеп отырған сөз-сөйлемге қатысы жайлы тоқталу орынды. Біздіңше, кез-келген белгілі бір ойды білдіретін сөйлемнің ақиқат шындыққа тікелей қатысты болуы, дұдамал болуы мүмкін. Немесе сол ойды айтушының көзқарасының тұрақты не тұрақсыз болуы, сол ойға сенері не сенбесі дегендей арақатынасы болары анық.

Қазақ грамматикасында «модаль сөздер әдетте модальділікті білдіретін фонологиялық (интонациялық) морфологиялық, синтаксистік (әр түрлі сөйлем типтері) сияқты барлық амал-тәсілдермен тығыз байланыста жұмсалады»[2,58]- дейді.

Бұл жерде бізге қатысы интонациялық және әр түрлі сөйлем типтері деген ойдың болуы, яғни, сөз-сөйлем жеке бір сөзден (жоғары, орта, баяу) интонация арқылы айтылады. Олай болса модаль сөздердің сөз-сөйлем болуға негізі бар және де модаль сөздер сондай-ақ, заттың мәнін жоғалтқан және диалогта предикаттық функциясын жоғалтқан бағыныңқы сөйлемнің баяндауышынан да пайда болады деген пікір бар. Яғни диалогта кездесетіндігін анық айтып тұр. Сондай-ақ: «Модаль сөздердің айрықша бір синтаксистік ерекшелігі – олар диалогта келгенде жеке лексема күйінің өзінде сырт формасы және айтылу интонациясы жағынан өз алдына тұтас бір тиянақты сөйлем қызметін атқарып тұрады»- дей келіп, олар сөйлем мүшелерімен байланысқа түспейтіндігін, сөз тіркесін жасауға қатыспайтындығын және «диалогтық сөйленісте сөйлем түріндегі сөз рөлінде қолданылады»[3,52]-деп көрсетеді профессор А.Ысқақов.

Сөз-сөйлемдердің бір құрамды сөйлемдерден айырмашылығын белгілеуден бұрын сөз-сөйлем жөніндегі зерттеулердің кейбіреулерінен

алынған мағлұматтарға назар аударайық. Қазақ тілінде сөз-сөйлем арнайы зерттеу объектісі болмаса да, ол жөнінде бірлі-жарым түркологияда зерттеулер бар. Кейбір тілде сөз-сөйлем деп аталса (Шадмонов Э), И.Х.Ахманов өзінің ғылыми мақаласында «мүшеленбейтін сөйлемдер» деген терминмен атайды.

Түркі тілдерінің кейбірінде сөз-сөйлем бір құрамды сөйлемнің бір түрі ретінде қаралады. Мысалы, түрікмен тілінде сөйлемнің модаль мәнін зерттеген. Ш.Балли француз тілінің деректері негізінде «жок», «ия» сияқты сөздерді «монорема» деп атаған.

Орыс ғалымдарының зерттеулерінде де сөз-сөйлемге жасалған қағида түркі тілдеріндегідей екі жақты. Е.М.Галкина-Федорук: «Слово-предложение-это особый вид предложений, который представляет собой конструкцию из одного слова или неразложимого словосочетания, неспособную распространяться при помощи пояснительных слов» деп сипаттай келе, «обозначение этого типа предложений термином не вполне точно»[4,125] деп қарайды және оларды бір құрамды, екі құрамды сөйлемге де жатқызылмайтындығын ескертті. «Структурно-неоформленные предложения» терминімен қатар «слова-предложения» термині параллель қолданылады.

Профессор Галкина-Федорук мүшеленбейтін сөйлем терминімен сипаттап, оны «абсолютная их нечленимость в обычные структурные составы – подлежащее и сказуемое» деп көрсетіп, бұл сөйлемнің мазмұн мен интонация бойынша емес, тек лексика-семантикалық сипатына қарай қысқаша классификация жасайды.

В.В. Виноградов сөз-сөйлемдерді бір құрамды сөйлемдерден бөлген емес. Ғалым: «Среди одночленных (или односоставных) предложений в русском языке есть предложения, функция которых сводится к простому утверждению или отрицанию, выражению согласия или несогласия или к общей экспрессивно-модальной оценке предшествующего высказывания»[5, 12] деп сипаттайды. Бірақ автордың бұл анықтамасы бір құрамды сөйлемдердің мағыналық қызметіне тура келмейді. Бұл анықтама сөз-сөйлемнің мағыналық қызметіне ғана сәйкес келеді.

Сөз-сөйлемнің синтаксистік ерекшеліктері оның морфологиялық негізімен тығыз байланысты. Сөз-сөйлемдегі модальділік пен предикативтілік басқа екі құрамды және бір құрамды сөйлемдерден ерекшеленеді. Сөз-сөйлемде шак, жақ көрсеткіштері жоқ. Бірақ бұл сөз-сөйлемде предикативтілік пен интонация жоқ деген емес. Сөз-сөйлемдер бір құрамды есімді сөйлемдерге ұқсас. Бір құрамды есімді сөйлемдерден шартты түрде тұрлаулы мүшені табуға болады. Сөз-сөйлемде ол мүлде жоқ. Бұған қарамастан сөз-сөйлем коммуникативтілігімен, сөйлемге тән ерекшеліктерімен сипатталады. Осыған байланысты академик В.В. Виноградов: «Предложения типа да, нет, конечно, т.п., нередко очень экспрессивные, выражают модальную

квалификацию сообщения и иногда содержат побуждение к какому-нибудь действию, следовательно, они также выражают синтаксическую категорию модальности»[5, 101] деп жазады.

Сөйлемдегі модальділік-интонация, сөздердің орын тәртібі, демеуліктер және модаль сөздер арқылы көрінеді. Сөз-сөйлемдегі модальділік оның морфологиялық негізімен сипатталады.

Мүмкіндік мағынасындағы модаль сөздерден құралған сөз-сөйлемдер бөлкім, дегенмен, әлбетте сөздеріне сәйкес модальділік мағынасын көрсетеді.

Сөз-сөйлем мен бір құрамды сөйлем екі түрлі құрылымдағы және сөйлеуде екі түрлі қызметті атқаратын бірлік екендігін, бір-бірінен семантика-грамматикалық белгілері бойынша ерекшеленіп тұрғандығын дәлелдеген дұрыс көзқарастар пайда болды. Ол жөнінде Э. Шадмонов: «Олар сөйлемнің ешқандай мүшесіне ұқсамайды, басқа сөздер мен грамматикалық мағынаны түзе алмайды... олар көбінде диалогтарда қолданылады және бекіту, теріске шығару, экспрессивті модальдік реңктерін білдіреді... оған өзгеше интонация тән»[6, 25] десе Б. Урунбаев: «Сөз-сөйлем сөйлем мүшелеріне бөлінбейді, семантикасы, айтылу мақсаты, лексика-морфологиялық құрамы, интонацияға иелігі т.б. белгілері бойынша жай сөйлемдердің басқа түрлерінен ерекшеленеді»[7, 26]-дейді.

Басқа сөйлемдердегідей сөз-сөйлемдердің қалыптасуына интонацияның рөлі ерекше. А.Н. Гвоздев: «В случаях, когда предложение состоит из одного слова, оно тоже интонационно однородно с предложениями, состоящими из нескольких слов, и произносится с интонацией конца. Этим слово-предложение отличается от слова, входящего в предложение или от слова, взятого отдельно»[8, 57]-деп тұжырымдайды.

Сөз-сөйлемдерде предикативтілікті көрсетудің құралы ретінде интонация қолданылады. Сөз-сөйлемдер де аяқталған ойды білдіреді. «Интонация выступает в качестве регулятора предикативности, дополняя ее. Иногда же то или иное слово либо словосочетание, само по себе не образующее предложения и не выражающее предикативного отношения, посредством интонации превращается в предложение и начинает выражать отношение предикативности». Демек, сөз-сөйлемде, басқа сөйлемдер сияқты, предикативтілікке ие. Ол бір құрамды, екі құрамды сөйлемдердегідей бастауыш, баяндауышқа ажырамаса да, онда өзінің табиғатына лайық бір бас мүше бар. Осылайша, орыс тіліндегідей, қазақ тілінде де өз алдына сөйлеу актына ие бірлік, сөз-сөйлем бар. Ол бір құрамды сөйлем емес, өз алдына тұрған үшінші категориядағы сөйлем.(сөз-сөйлем).

В.В. Бабайцева «мүшеленбейтін сөйлем» деген терминді пайдаланып, екі құрамды сөйлем мен бір құрамды сөйлемнің ортасындағы сөйлем деп есептейді. Қазақ тіл білімінде С.Жұматаева «бір сөзді сөйлем» деген терминді қолданады.

«Русская грамматикада» сөз-сөйлем (слово-предложение) деген терминмен аталып, оның мағыналық қызметіне қарай: «... так называемые слово-предложения местоимения, частицы, междометия, непосредственно выражающие разные чувства, интеллектуальные и эмоциональные реакции» [9, 124] деген сипаттама беріледі. Біз сөз-сөйлемді өзінше осылайша зерттеген, осы терминмен атаған тілші-ғалымдардың пікіріне қосыламыз. «Предложение не всегда состоит из сочетаний рядов слов, в известных случаях встречаются и однословные предложения, которые производят впечатление вполне законченных высказываний и действительно являются таковыми, но тем не менее вопроса о связи слов и о правилах сочетания слов в них вообще не возникает» сөз-сөйлем жайлы айтылған бұл ой ғалымдардың пікірлерін қуаттайды.

Татар ғалымы М.З. Закиев татар тіліндегі бір құрамды сөйлемдерді алдымен үш топқа: етістікті, есімді, сөз-сөйлемдер деп бөледі де, сөз-сөйлемге мүшеленбейтін сөйлемді жатқызады.

Орыс ғалымдарының зерттеулерінде де сөз-сөйлемге жасалған қағида түркі тілдеріндегідей екі жақты.

Міне осындай көзқарастарға және қазақ тілінің деректерін ескеріп, бір құрамды сөйлем мен сөз-сөйлемнің бір-бірінен ерекшелігі деп мыналарды белгілейміз: 1. сөз-сөйлемді семантикалық жақтан алғанда, сөйлемнің негізгі мазмұнына қосымша мән үстейді; 2. синтаксистік мүшеленбейді. 3. сөз-сөйлемді ұйымдастырушы тілдік бірліктердің көпшілігі мағына беретін сөз тіркестері емес, ол бір құрамды сөйлемнің мағына-құрылымынан ажыратады. Сөз-сөйлемнің формальдық құрылымы атау сөздердің кейбірін қоспағанда, негізінен, грамматикалық жақтан сөйлемге мүше бола алмайтын және кейбір модаль сөздерден тұрады. Мысалы: Өнің жоқ, бір жерін ауырмай ма? – жоқ, жоқ. Денсаулығым жақсы. Жай, саған солай көрінген шығар. Мұндағы жоқ сөз-сөйлем, жоқ модаль сөзінің қайталанып қолданылуынан жасалады. Берілетін ойды жоққа шығару мағынасын көрсетеді.

Осындай деректерден белгілі болып тұрғандай, сөз-сөйлем болып тұрған модаль сөз мағыналы сөз тіркесіне кірмейді. Модаль сөзден, бейнелеуіш сөздерден жасалса да, ол өзіне тиесілі интонацияға және синтаксистік семантикаға ие. Атап айтқанда, сөйлеушінің шындықпен қатысты ойына бірде қуаттау, бірде теріске шығару, бірде танданғандық, бірде шексіз қуаныш т.с.с. сипатындағы мағыналық реңктер тиесілі интонацияның жетегінде айтылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТЕЗІМІ

- 1 Сарыбаев Ш. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2004.
- 2 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 783 б.
- 3 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991 ж.
- 4 Галкина-Федорук Е.М. Современный русский литературный язык, Синтаксис. – Москва, 1958. – 154 с.

5 Виноградов В.В. Некоторые задачи изучения синтаксиса простого предложения//ВЯ. №1. – Москва, 1954, – 12-15 с.

6 Шадмонов Э. Слово-предложения в узбекском литературном языке. – Ташкент, 1970. – 30 с.

7 Урунбаев Б. Синтаксический строй узбекской разговорной речи. – Ташкент, 1978. – 144 б.

8 Гвоздев А.Н. Современный русский литературный язык, Синтаксис. – Москва, 1961. – 267 с.

9 Русская грамматика. – Москва, 1980. – 588 с.

Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ. Материал 19.03.12 ж. редакцияға түсті.

Г. К. ТЕМИРБЕКОВА

ГРАММАТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СЛОВО-ПРЕДЛОЖЕНИЯ В
СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

G.K. TEMIRBEKOVA

GRAMMATICAL PECULIARITIES OF WORD – SENTENCE IN
MODLIARERN KAZAKH LANGUAGE

Резюме

В статье рассматриваются проблемы классификации простого предложения в современном казахском языке, дается обоснование выделению слово-предложений, выявляется их специфика.

Resume

In this article the problem of classification of simple sentences in modern Kazakh language is considered, the base of the arguments on facts of distinguishing words-sentences, and their specification is shown.

УДК 81

Г.К. ШАЙКОВА

ГЕНДЕРНЫЕ СТЕРЕОТИПЫ В ЯЗЫКЕ И РЕЧИ

В современной науке термин «стереотип» трактуется неоднозначно. Ю. Левада называет стереотипы готовыми шаблонами, «литейными формами, в которые отливаются потоки общественного мнения. Стереотипы отражают две особенности общественного мнения: существование предельно стандартизированных и упрощенных форм выражения и предзаданность, первичность этих форм по отношению к конкретным процессам или актам

общения. ...Стереотип не только выделяет статистически среднее мнение, но задает норму, упрощенный до предела образец социально-одобряемого или социально-допустимого поведения» [1].

Стереотипы общественного мнения создаются средствами и средой самого общения и меняются в течение одного поколения. В то же время они могут выступать в качестве руководства к действию на протяжении нескольких поколений и эпох. «Гендерные стереотипы обнаруживают как стабильность, так и определенную изменчивость, которые в разных языках могут не совпадать» [2]. В последнее время наблюдается тенденция зрелой части населения к более четким гендерным стереотипам в коммуникации и стремление молодого поколения к эгалитарности (нивелированию гендерных различий) [3].

Краткий словарь когнитивных терминов интерпретирует стереотипы как форму обработки информации и состояния знаний [4, 177], относя к общим свойствам стереотипов:

1. Признаки и атрибуты, содержащиеся в стереотипах, которые используются говорящими для оценки отнесенности предметов к тому или иному классу на основе семейного сходства.

2. Наличие когнитивной функции, состоящей в генерализации при упорядочивании информации; аффективной функции (противопоставление «своего» и «чужого»); социальной функции (разграничение «внутригруппового» и «внегруппового», что ведет к социальной категоризации и образованию структур, на которые люди ориентируются в обыденной жизни).

Часто под стереотипами понимают «устойчивые, регулярно повторяющиеся формы поведения» [4, 3], видя в стереотипизации опыта ядро механизма традиции и этническое своеобразие культуры. Признавая знаковый характер стереотипов, стереотипы не обязательно должны быть вербализованы [6]. Ментальные стереотипы могут фиксироваться языком или иным семиотическим кодом (кинестикой, зрительными образами и т.п.) [7].

Существуют разные виды стереотипов: социальные, психологические, культурные и др. Из всего многообразия стереотипов наибольший интерес вызывают стереотипы гендерные. Понятие «гендер» основано прежде всего на разного рода различиях (культурных, социальных, языковых), проявляющихся в полоролевых стереотипах поведения мужчин и женщин. «Гендерные стереотипы, возникающие над биологически-половой реальностью, отражают совокупность биологических признаков, социальных ролей, особенностей психики и поведения, присущих представителям данного пола в рамках данной культуры. С одной стороны, эти стереотипы являются культурно обусловленными, с другой стороны, они осознаются индивидом в соответствии с его личным опытом» [7, 27]. Следовательно, по мнению А.А.Романова, гендерные стереотипы представляют собой «устойчивые, регулярно

повторяющиеся формы поведения, отражающие культурные традиции и этническое своеобразие участников коммуникативного обмена» [8, 16].

Гендерные стереотипы формируются у людей с самого раннего возраста. Когда мы начинаем говорить детям о правилах поведения, тем самым мы определяем границы стереотипного поведения вообще и коммуникативного поведения, в частности. Формирование гендерного коммуникативного поведения начинается с приветствия: в казахских семьях девочки используют вербальную форму «сәлеметсізбе», мальчики, как правило, невербальную – рукопожатие. Казахские мальчики в общении с взрослыми более активны и самостоятельны, чем девочки. Это связано с тем, что в казахских семьях из-за строгой иерархии взаимоотношений с детства внушается мысль о том, что мальчик – будущий наследник и продолжатель рода, главный носитель национальных традиций.

Гендерные стереотипы определяют траектории и стандарты образа жизни, создают вокруг себя определенные дихотомии (свое/чужое, активное/пассивное, культурное/природное, нормативное/ненормативное и др.).

В связи с полоролевыми различиями возникает такое явление, как гендерный шовинизм. Во многих обществах женщин и мужчин не только воспринимают, но и оценивают по-разному, обосновывая гендерными особенностями и разницей в распределении власти между ними [7]. «Выделение гендерного аспекта властных отношений обусловлено объективной неоднородностью мужчин и женщин в социуме, различиями их ролевых функций» [9]. Главное предназначение женщины подчиняться мужчине и сносить даже пусть несправедливое его отношение: *Обошел муженек женушку дубинным корешком; Люби жену, как душу, тряси ее, как грушу (бей, как шубу)! Шубу бей – теплее, жену бей – милее; Чем больше жену бьешь, тем щи вкуснее (тем наварней щи)*. Этот факт является одним из видов социальных (гендерных) стереотипов, основанных на принятых в обществе представлениях о маскулинном и феминном [7].

Кроме того, в языке существует ряд слов – наименований должностей, профессий либо только мужского, либо только женского рода: *ректор, проректор, декан, врач, визажист, юрист, менеджер, архитектор, технолог, парикмахер, маникюрша, манекенищица* и т.п. Ряд наименований профессий мужского рода можно продолжить, а количество наименований профессий женского рода ограничено. Вступая в равноправие с мужчинами, женщина тем самым покушается на «чужую» территорию, выполняет «чужую» роль и овладевает мужскими нормами поведения. Мужчины в свою очередь начинают покушаться на «женскую» территорию. Сейчас подобное явление стало нормой. Однако «отказ от дихотомии мужское – женское в поведении индивида вызывает негативную социальную реакцию и, как следствие, – трудности с позитивной социальной идентичностью, что является следствием производства и воспроизводства нормативной гендерной системы» [10, 14].

Гендерные стереотипы, безусловно, связаны с социальными ролями мужчин и женщин. Именно социальная роль мужчины или женщины в обществе создает или разрушает определенные варианты поведения.

Более устойчивым поведением вообще и коммуникативное поведение, в частности, сохраняется у мужчины и женщины в определенных ситуациях. Например, независимо от социальной роли поведение мужчины или женщины может сохраняться на корпоративных мероприятиях, на встречах высокого уровня людей одного социального статуса разных полов и др.

Однако не всегда можно согласиться с тем, что какие-либо особенности или средства языка невозможно рассматривать как абсолютные маркеры мужской или женской речи. В современной речи мальчиков-подростков, юношей, взрослых мужчин иногда встречается выражение «отойдем, поговорить надо» - для разговора вне общества, отстранения от других людей. Девушки, женщины, наоборот, предпочитают вести разговор прилюдно, чтобы их слышали все, часто громко смеются, тем самым привлекая внимание противоположного пола. Чрезмерно вежливые формы чаще встречаются в речи женщин, наиболее грубые, инвективные формы – в речи мужчин; для женской речи характерна гиперкоррекция языковых форм, сотрудничающий тип беседы, для мужской речи – нестрогое соблюдение языковых и речевых форм, категоричность суждений и т.д. [7].

Полоролевой или гендерный стереотип институционализирован и ритуализирован, поэтому их изучение правомерно с учетом специфики речевого поведения говорящего субъекта и его манифестационных форм в языке: каждому из полов в конкретной культуре приписывается ряд обязательных норм и оценок, регламентирующих полоролевое поведение [7]. В языке отражается гендерная стереотипизация, свойственная коллективному сознанию: *Муж – глава семьи, добытчик; Женщина – слабый пол*. В то же время некрасовская женщина «коня на скаку остановит, в горящую избу войдет». И это выражение находит частое применение в современной речи носителей русского языка. Таким образом, появление и закрепление в языке гендерных стереотипов зависит от выполняемой роли в обществе мужчины или женщины.

Итак, гендерные стереотипы являются частным случаем стереотипа и обнаруживают все его свойства. Мы согласны с определением А.В.Кирилиной и под гендерными стереотипами мы понимаем культурно и социально обусловленные мнения и пресуппозиции о качествах, атрибутах и нормах поведения представителей обоих полов и их отражение в языке [11]. Гендерные стереотипы связаны с социальными ролями мужчин и женщин. Именно социальная роль мужчины или женщины в обществе создает или разрушает определенные варианты поведения.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Левада Ю.А. Гендерные стереотипы// Глоссарий. <http://www.gender.ru>
- 2 Болтенко, Э.Н. Стереотип как основание гендерных исследований в лингвистике / Э.Н. Болтенко. E-mail: stereotip.pdf.
- 3 Краткий словарь когнитивных терминов. / Под ред. Кубряковой Е.С. – М., 1996. – 245 с.
- 4 Беляев Н.Н., Хренова Н.Ф. Сохранение в коммуникации гендерных различий / Н.Н. Беляев, Н.Ф. Хренова // Культура общения и её формирование: Мат-лы IX Регион, науч.-метод. конф. – Воронеж, 2002. – Вып. 9. – С. 82.
- 5 Байбуурин А.К. Некоторые вопросы этнографического изучения поведения // Этнические стереотипы поведения. М., 1985. – С. 7–21.
- 6 Щепанская Т.Б. Женщина, группа, символ (на материале молодежной субкультуры)// Этнические стереотипы мужского и женского поведения. – СПб, 1991. – С. 17-29.
- 7 Барышникова Г.В. Гендерные различия эмоциональной компоненты во французской художественной коммуникации (на материале литературы XVII-XX веков)
- 8 Романов А.А., Романова Е.Г. Гендерная компонента в лингвистике: проблемы объекта и предмета исследования // Animus et anima: языковые картины мира и формы речевого поведения / Под ред. А.А. Романова. - Москва -Тверь, 2000.- С.4-20.
- 9 Groshov I.V. Гендерные представления о власти // Социс, 2000. - № 12. – С. 33-41.
- 10 Куприянова И.С. Конструирование гендерной нормы в современном российском обществе: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата социологических наук. – Саратов, 2004. – 22 с.
- 11 Кирилина А.В. Гендер: лингвистические аспекты. - М., 1999. - 190 с.

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова
г. Павлодар. Материал в редакцию поступил 09.03.12.

Г.К. ШАЙЫҚОВА

TYL MEN SÖYLEUDEĞI GENDERLIK STEREOTIPTER

G.K. SHAIKOVA

GENDER STEREOTYPES IN THE LANGUAGE AND IN THE SPEECH

Түйіндеме

Бұл мақалада гендерлік стереотип ұғымының мазмұны ашылады, гендерлік стереотиптердің ер және әйел адамның әлеуметтік роліне тәуелді екендігі көрсетіледі. Сонымен қоса, қоғамдағы басқа адамдармен қарым-қатынастарды анықтайтын жыныс пен

әлеуметтік рөлге байланысты коммуникативтік мінез-құлықтың ерекшеліктері айқындалады.

Resume

This article is devoted to the concept of “gender stereotype”. In the article the gender stereotyping dependence on social roles of men and women is shown, as well as there were ascertained the peculiarities of the sex-role communicative behavior that defines relationships with other people in society.

ӘОЖ 882.151.212.2-1-93:81'25

Г.К. ШАХАЖАНОВА ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АУДАРМА МӘСЕЛЕСІ

Қазақ балалар поэзиясын аудару мәселесін қарастырғанда, ең алдымен көркем шығарманың түпнұсқасы тілін аудару қиындық туғызатынын айта кету жөн. Әсіресе, қазіргі кездегі ақындардың өлеңдерін аударған кезде аудармашылар келесідей қиындықтарға тап болады: поэзиялық шығарманың мәнін қалай сақтау, олардың мазмұнын қалай дұрыс жеткізу, түпнұсқаның өлең құрылысын қалай сақтап қалу және т.б.

Аудармашылар алдында ұлттық реңкті білдірумен байланысты болған қиындықтар мәтіндегі жекелеген нақты детальдарды аударудан емес, оның барлық компоненттерін аударудан туындайды: формасы мен мазмұны.

Айта кететін бір жайт, көркем аудармада туындының терен мазмұнына, оның формасына көбірек көңіл бөлу қажет.

Көптеген отандық және шетел ғалымдары түпнұсқаның ұлттық реңкін сақтау мәселесін көп қарастырып жүр.

Көркем аударманың ірі теоретиктерінің бірі А. Федоров: “Аударма әрқашанда басқа өмірдің, басқа халықтың, тіпті басқа дәуірдің айнасы іспетті. Сондықтан аудармашы сол басқа өмірге не дәуірге өз жолын таба білуі қажет...”

Әйгілі ғалым Л. Бархударов: “Егер аудармашылар кез келген жағдайда аударып жатқан шығарманың шындығын, шынайылығын сақтау керек деген шартын сақтаса, онда кемшіліктер аз болуы мүмкін немесе мүлдем болмаушы еді”- дейді.

Шетел поэзияны аударушы М. Лозинский аударылып жатқан шығарманың екі функциясы бар екенін атап көрсетеді: көркем шығарма

түріндегі эстетикалық және бізді басқа елмен, басқа дәуірмен, басқа мәдениетпен, жаңа сезіммен таныстыратын ескерткіштер түріндегі танымдық. Фалым аударманың екі негізгі типін көрсетеді:

Қайта құрылған аударма – аудармашы түпнұсқаның формасын өзгертіп, өзіндік ерекшелігін қосып аударады.

Жаңғырған аударма – түпнұсқаның мазмұны мен формасын сол қалпында сақтап, толық және дұрыс мүмкіншілікпен аудару.

Әрине, екінші типтегі аударма нағыз аударма бола алады. Оның эстетикалық және танымдық мәні қайта құрылған аудармамен салыстыруға да келмейді. Бұл мазмұндау, еліктеу емес, таза аударма болып табылады.

Қазақ теоретигі Н. Сағындықованың көзқарасын атап кеткен жөн. Ол аудармадағы ұлттық реңкті сақтайтын екі негізгі компонент бар дейді: қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін көрсететін тек қазақ тіліне тән сөздер-реалийлер; дұрыс транскрипция жасау.

Аудармашы халықтың тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін, ұлттық сипатын білуі қажет. Н. Заболоцкий: “Аудармашы алдында екі өлшем тұрады: бірі түпнұсқаның авторына тән болса, екіншісі – аударманы оқитындарға. Бұл екі өлшем әрқашанда тепе-тең болуы қажет”.

Г. Ижкевич аудармашылар орыс тіліне аударған кезде төмендегілерді қолдануы мүмкін дейді:

- а) оқырмандарды халықтың тұрмысы мен тілімен таныстыратын лексика;
- ә) топонидер мен антропонимдер;
- б) мақал-мәтелдер және т.б.

Бұл ретте аудармада ұлттық реңкті сақтау мәселесін қарастырудың мысалы ретінде қазақ балалар шығармаларын орыс тіліне аударуды алуға болады.

Зерттеу жұмысы көрсеткендей, аудармашы негізінен өзінің эстетикалық және танымдық функцияларын атқарады, сонымен қатар аудармашы алдына қойған мақсатына жетеді. Қай аудармашы болмасын, басқа ұлт ақындарының өлеңдерін оқырманға жақын және түсінікті болатындай етіп жеткізуге тырысады.

Осыған байланысты атакты француз теоретигі Жорж Муненнің сөзін келтіруге болады: “Аудармашыға тек жақсы лингвист болу аз, ол тек тіл туралы ғана емес, сондай-ақ сол тілде сөйлейтін халық туралы да білуі қажет, яғни озат этнограф болуы шарт. Сонда ғана шынайы шебер болады”. Бұл И. Фояковтың аудармашылық қызметіне қатысты айтылған сөздер.

Поэзия аудармасы туралы Г. Герольд жазады: “Поэзия бал сияқты. Оған мұқият қарау қажет. Аударма – бұл аса ауыр өнер. Жоғары өнер”.

Бұл сөз қазақ поэзиясын аудару мәселесіне де қатысты.

Аударма қатынас, түсіну функциясын атқарады, аудармашының басты мақсаты – бұл қатынасты түсінікті және толық ету. Сонымен қатар, қазақ ақындар поэзиясын орыс оқырманына ұсыну қажеттілігі бар екені анықталды.

Поэзиялық аудармалар туралы ғылыми пікірдің қалыптасуы мен дамуының шығармашылық мәселесін қарастыру, 1980-1990 жж. қазақ балалар әдебиетінің түпнұсқасы мен аудармаларын талдау нәтижелері келесідей қорытындыға келуге мүмкіндік туғызды:

1. Аударма теориясы филология ғылымының бір саласы ретінде пайда болып, қалыптасып, және қазіргі кезде даму үстінде. Алайда, оның терминология жүйесі әлі де толық қалыптаспаған.

1980-1990 жж. қазіргі қазақ балалар поэзиясының көркем аудармасы мәселесі базалық категориялардың: принциптердің, қызметтердің, ерекшеліктердің, аударманың негізгі критерийлерінің мазмұны мен мәнін анықтаумен байланысты поэзиялық аударма туралы теориялық ережені терең және мұқият қараусыз мүмкін емес. М. Әлімбаев, Ә. Дүйсенбиев, Қ. Мырза-Әли, Ф. Оңғарсынова, М. Жаманбалиновтың және т.б. балаларға арналған поэзиялық шығармаларын орыс тіліне аудару мәселесін қарастыру үшін әлемдік және отандық авторлардың көркем аударма негіздерінің теориясы алынды.

2. Поэзиялық аударманың басты ерекшелігі – өлең аудармасын жасаған кезде ұйқас жүйесін дұрыс құру.

3. “Реалистік әдіс”, “ұйқас”, “ырғақ”, “метр”, “өлшем”, “интонация” және т.б. түсініктерді зерттеу барысында түпнұсқаның ерекшелігін дәл беруді көркем аударманың тек реалистік әдісі ғана қамтамасыз етеді деген қорытындыға келдік.

4. Орыс аудармашы-профессионалдары В. Суслов, В. Краснер, Р. Фархади, Ю. Кушаков, Т. Ровицкой, И. Мазнин, Т. Фроловской және т.б. аударған қазақ балалар поэзиясының әрқырлы жанрларының аудармалары: баллада, лирикалық өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар және т.б. жоғары сапалы болып табылады: онда өлеңнің идеялық-көркемдік жағы дәл беріледі. Аудармалар терең ойлы және сезімге толы, сол арқылы қазақ балалар поэзиясы терең, толық, бай мазмұнға ие болады.

Шығармашылық ізденістің нәтижесінде, бала психологиясын түсіну мақсатында қазақ балалар поэзиясының авторлары ортаның түрлі өзгерулеріне, ересектер мен балалар арасындағы қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөледі, өсіп келе жатқан ұрпақтың отбасы мен мектептегі қалыптасуын жаңадан бейнелейді, мектеп ұжымының күрделі әсер етуін, балалардың адамгершілік қасиеттерін көрсетеді.

5. Түпнұсқа мен аудармаларды салыстырма-талдамалы түрде қарастыру орыс аудармашыларының жіберген қателерін жүйелеуге және сапалы аудармалардың шығуына әкелді. Орыс аудармашылары көпсөзділікке тап болып, кейбір жағдайда сәтсіз және сапасыз аудармалар жасайды, аударылып жатқан шығарманың ішкі мазмұнына көңіл бөлмейді. Бұл әрине балалардың осындай шығармаларды қиын меңгеруіне әкеп соқтырады. Бұл

мәселерді шешу үшін аудармашы аударма теориясын меңгеріп алуы қажет: қазақ тілін, халықтың тарихын, салт-дәстүрін жақсы білуі шарт. Қазақ балалар поэзиясын орыс тіліне білікті аудару оқырманды ірі сөз шеберлері М. Әлімбаев, А. Дүйсенбиев, Қ. Мырза-Әли, М. Жаманбалинов, Ф. Оңғарсынова және т.б. шығармаларына жақындатады.

6. Аудармашы шетел адамдарының біздің мемлекетімізге, халқымызға, рухани мәдениетімізге, адамгершілік және эстетикалық мұратымызға қатынасын анықтауды қажет ететіндей етіп жоғары сапалы аудармалар жасау үшін поэзиялық аударманың ерекшеліктерін білуі және мазмұн, мағына, идея, көркем образды дәл беруі; түпнұсқаның интонациясы, ырғағы, ұйқасы, композиция мен құрылысына біраз жақын болуы; ұлттық реңкті дұрыс беруі қажет.

Сондай-ақ, қазақ балалар поэзиясының шетел адамына түсінікті болуы үшін аудармашы теориямен қаруланған және жоғары кәсіби шеберлікке ие болуы қажет.

Көркем аударма қазіргі әдеби үдерістің адырамас бөлігі болып табылады, қазақ және орыс халықтарының ұлттық әдебиеттерінің өзара қатынасына әсер етеді.

Көркем әдебиеттің, соның ішінде Қазақстан әдебиетінің ажырамас бөлігі болып табылатын қазақ балалар әдебиеті қазақ тілінен орыс тіліне жоғары сапалы аударудың талабы туып отыр.

Балаларға арналған поэзиялық шығармалардың түпнұсқа мен орыс тіліндегі аудармасы балалардың рухани тұлғасының дамуына ықпал ететін балалардың оқу шеңберін анықтайды. Бұл ретте М. Әлімбаев, Е. Өтетілеуов, Ә. Дүйсенбиев, С. Қалиев, Қ. Мырза-Әли, Т. Молдағалиев, Қ. Баянбаев, Қ. Ыдырысов, Ф. Оңғарсынова, М. Жаманбалинов және т.б. ұсынған 80-90 жж. қазақ поэзиясы қызықты болып табылады.

Балаларға арналған поэзияның басты бөлігі оқушылардың өмірін көрсететін шығармалар болып табылады. Авторлар балалардың жасы, қызығушылықтарын ескере отырып, ойынмен, оқумен және жақын адамдармен байланысты тақырыптарды ашуға тырысады. Балаларға арналған шығармалардың жалпы идеясы ересектер мен балалардың қарам-қатынасында құрылады.

Кейіпкерлердің образдары қазақ балалар поэзиясында бір-біріне ұқсамайтын жеке қасиеттердің пайда болуына әкеледі. Олар өмірде өз орнын табуға тырысады. Кім боламын? Қандай боламын? Не істеу керек? Балалар өмірдің негізі – еңбек және еңбекті сүю адамның негізгі және басты қасиеті екенін түсінеді.

Қазақ балалар поэзиясы құқық мәселелерін, яғни ойнауға, демалуға, өмір сүруге, еңбек етуге құқылы болу сияқты мәселелерді де көтереді.

Фантастикалық шығармалардың пайда болуы балалар поэзиясының новаторлық сипатын білдіреді. Қазақ балалар поэзиясының ерекшелігі

ретінде онда ғылыми-техникалық революция кезінде жаңа түсініктердің, күрделі психологиялық жағдайлардың, жаңа кейіпкерлердің пайда болуы болып табылады. Олар бұрын жасалған балалар образының галереясын жалғастырады. Бала тұлғасының рухани дамуына зор ықпалын тигізетін 1980-1990 жж. қазақ балалар поэзиясының орыс аудармаларындағы орны ерекше.

Қорыта келе, келесідей түйінге келдік: қазақ балалар поэзиясын аудару мәселесі ғылымда әлі толық қарастырылмағандықтан, әдеби және критикалық зерттеуді қажет етеді.

Балалар поэзиясын аудару басқа да көркем шығармаларды жазу сынды өте күрделі жұмыс. Қазіргі қазақ аударматанудың міндеті – балалар поэзиясын орыс тіліне аударудың әлеуметтік-тарихи, ұлттық-этникалық, қоғамдық-саяси, әдеби-лингвистикалық заңнамалықтарды табу. Және поэзиялық аударма туралы теориялық ережелер аса маңызды да өзекті болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТЕЗІМІ

1 Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. Монография. – Алматы : Кенже Пресс. – 2000. – 214 б.

2 Абдрахманов С. Ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. Астана, 1999.

3 Атығай Б. Абайдың ақындық мектебіндегі аудармалық дәстүрдің қалыптасуы. Ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2001.

4 Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. – Алматы : Жазушы, 1987. – 232 б.

5 Комиссаров В. Теория перевода. – М : Высшая школа, 1990. – 332 с.

6 Федоров А. Основы общей теории перевода. – М : Высшая школа, 1983. – 122 с.

7 Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1975. - 286 б.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ. Материал 20.03.12 ж. редакцияға түсті.

Г.К. ШАХАЖАНОВА

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА ДЕТСКОЙ ПОЭЗИИ

G.K. SHAKHAZHANOVA

THE PROBLEMS OF TRANSLATION OF CHILDREN'S POETRY

Резюме

В статье говорится о проблемах перевода в детской казахской поэзии. В этой связи рассматриваются такие цели и задачи

перед переводчиком, как сохранение национального колорита, точной передачи содержания произведения, не изменяя структуры подлинника и другие вопросы.

Resume

This article is about problems of translation of Kazakh children poetry. According to that such aims and tasks as keeping of the contents of a work, not changing the original structure and other questions are put before a translator.

ӘОЖ:82. 0 (574)

Б.Ә. ЫСҚАҚ ХАРАКТЕР ЖӘНЕ ЖАҢА КӨРКЕМДІК ІЗДЕНІСТЕР

Қазақ әңгімелерінде жазушылар табиғатты адам кейпіне ендіру, тілсіздерге тіл бітірту тағы басқа психологиялық бөлшектерді (элемент) әдемі қолданған. Психологиялық талдау өнерінің кейіптеумен өрімделетін осындай психологиялық бөлшекті жазушы **Ә. Орынбаева** шығармашылығы байқатты. «Автордан басқа баяндаушының атынан айтылуы немесе кейбір тұстарда болған жағдайлар шығармадағы кейіпкердің көзімен көрген қалпында алынып, соның ұғым-түсінігі арқылы берілуі» [1, 112], – қисыны негізінде және Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» әңгімесіндегі Қасымжаны секілді кейіпкердің баяндауымен өрбитін туынды талдау нысанына алынды. Кіріспесі ұқсас жазушы Әсия Орынбаеваның «Қадишаның қара тасы» әңгімесіндегі осылай баяндалу әдебиет қисынында тұжырымдалған: «Әңгімеде кейде баяндаушының (авторлық «Мен») бейнесі айқын көрінеді. Оның өзі оқиғаға тікелей қатысты болуы мүмкін» [1, 56]. Қараңыз: «Аяқ астынан Оңтүстік өлкесіне жолым түсті. Көз тоқтатып қарар көркі жоқ, шетсіз-шексіз сарғыш бояулы құмды өңір екен келген жеріміз. Жеңіл машина дала жолымен жібекке үйкелген үтіктей сусып келеді. ...– Экологияның бұзылғандығы ғой, – деп бұрышта отырған жасамыс кісі төрелік айтты. – Қазір адамдар аңға айналып жатқанда, аңдар да өз табиғатын сақтап қалды ғой дейсіңдер ме?..» – [2, 125] деп жазушы бейнелеген дала портреті мен кейіпкер диалогынан әлеуметтік экология қозғалғаны байқалады. Жазушы өнерінің басты ұстанымы – әңгіменің тап-тұйнақтай жинақы да жүйелі, оқиғалардың орналасуы жағынан теңдесу үйлесімділігі дер едік. Түп-тамыры әдебиеттің шығу тегінен шығатын аталған көркемдік ұстаным қазақ жазушыларында әрдайым қоғам мен табиғаттың өзара қабаттасуы мен қайшылығынан туындайды. Әлеуметтік экологияның Ә. Орынбаевадағы айқын белгісінің бірі

–Қадиша шындығын кең әрі толыққанды суреттеудегі дәлдігі. Жазушы соның нәтижесінде кейіпкер ақиқатының мәні туралы қорытынды шығартады. Жазушы адамдарды жақсылыққа жетелеу үшін, еліктеуге болатын идеалдық образдар арқылы емес, тіршіліктің олар туралы шындығын айтып беру арқылы түйін жасауға ұмтылдырған.

Жазушы оқырманын: «...–Әне, Қадишаның қара тасы,– деп қалды оның келіншегі.

– Ол неткен тас? Жолдан да, ауылдан да бірдей қашықтықта қалып бара жатқан *шоккен түйедей тасқа* бәріміз жапырласа қарадық.

– Қадиша деген келініміз осы тастың астына түсіп өлген,- деді бұрышта отырған жолаушы. Ол қайтып астына түскен? Жай жатқан тасты кім көтерген? Ол жағы әлі күнге жұмбақ ...

– Міне қызық! «*Шұғаның белгісі*» мыннан шықты ғой ...» [2, 126],– деген әңгімелесу арқылы оқиғаға жетелейді де кейіпкер мен психологиялық деталь болып табылатын *қара тасты* жазушы елеусіздеу етіп баяндаушының сұхбатына ендіреді. Ә. Орынбаева кейіпкердің ішкі әлемін ашып қана қоймай, сонымен қатар оны қоршаған айнала дүние заты, яғни қара тасты да қызмет еткізе жазған. Болмашы детальдың да септігі елеулі болатыны әңгімеде дәлелденеді.

Ә. Орынбаева Қадиша шындығын айқындау үшін фантастика, символика, гротеск бейнелеу құралдарын қолданады.

Тастың Қадишаға айналасындағылардан гөрі қалай жақын тартқаны, қалай күш бергені жұмбақталған. Десек те, қара тас негізінен Адам Ата мен Хауа ананың балаларының бірінің жаулық танытушы алғашқы құралы екендігін түсінсек, өлім т. б. зұлымдықты ишаралауға (мысалы, Інжілде Каин әрекеті, «окаянный» ұғымының А. Жақсылықовтың «Поющие камни» романында көрінуі) жазушының мүмкіндігі болған. Өйткені, тастың ауырлығы сонша, он жігіт жабылып әрең аударған, ал Қадиша болса, жалғыз өзі көтеріп, астына түсіп, өз тағдырына өзі себепкер болып, дүниеден көз жұмған. Бірақ, бір қызығы деңесін еш мылжаламаған. Бұдан көркем әңгімеде Қадиша өмірінің түрлі өмір тұстарының тоғысын кішкене детальмен бере алған жазушы талантын байқаймыз. Себебі, мұнда әлеуметтік, философиялық, психологиялық арналар реализмге келіп тірелген. Жазушы Қадишаны осылай жұмбақ өліммен бейнелей отырып, оның бойынан жақсылық сәулесін іздегенін байқаймыз. Басқа жазушыларда Қадиша мен Белжанның бір қарағанда құмарлық секілді көрінетін ғашықтығы аямай сынға ұшыраған. Ал, Ә. Орынбаева оған қорғансыздың (өгей шешенің Қадишаға ыстық ықыласы болмауынан басталған жар таңдаудағы қателіктері т. б.), ғашық әйелдің (Белжанның артынан өзін өлімге бойұсындыруы) сезімімен қарап, толғанған. Жаны бірге қосақталған сүйіспеншілік қазақ оқырманына Баяннан, Жібектен таныс. Бірақ Қадишаның Баян мен Жібектей дәріптейтін махаббат аңызы

болмаса да, жаны күйген сезімі жағынан бірдей екендігіне жазушы қаламы мойын бұрғызады. Ғашықтығы тағдырының осылай үзілуіне әкеледі: «Бар күшін салып тасты көтере бастаған. Оң білегіндегі қолдың табын тағы сезді. *Ол бұған көмектесіп жатқандай*» [2, 138].

Құпиялы сыр бүккен Қадишаның психологиялық көңіл-күйі жай тасқа емес **қара тасқа** бағындырылған, әрі тас жанды кісі секілденіп бейнеленеді: «Ауыл шетінде өңкііп көрінетін қара тас қана *өзін түсінетін секілденіп*, мұны тартады да тұрады. Бұған алыстан *көзін сүзіп*, сол жақтан *біреу қарайтын* секілді, жон арқасына қадалған *көздің сұғын* сезінеді» [2, 137]. Сол тастың астындағы жыландардың өзі Қадишаның ішкі сезімін түсінгендей, оған аянышты сезіммен қарайды: «Бәрі жапырлай бастарын көтеріп, бір зауалды сезіп, қосыла шуылдап жылайтындай». Яғни, жазушы адам өмірінде *кездесе бермейтін психологиялық жағдайды* кейіпкеріне қолданды.

Қандай шығармалар болсын, өзінің құндылығын оқырман жүрегінен орын табуымен жоғарылатады. Шығармадағы кейіпкердің көңіл-күйі, ішкі-сезімі жалпы табиғат құбылыстарымен біте қайнасып жатуы, шындық өмірдің өзіндей сезінтсе ғана оқырман қабылдайды. Ал жазушы Ә. Орынбаева әңгімелерін оқысаңыз, қазіргі *замандастарын толғандыратын мәселелер тоңірегінен табылып*, оқырман көңілін бірден баурап алады. Жазушы әңгімелерінде әсіресе психологизм танылады. Жазушы «адам пиғылынан табады» дегендей Белжанның дүниеден өтер алдындағы Қадиша білегінде қалдырған алақан табын бейнелеу құралына айналдыруы осыны көрсетеді. Ә. Орынбаева кейіпкердің ішкі-сезім, көңіл-күйін үнемі табиғат құбылыстарына сабақтастыра береді. Жазушының «Жоқтау» әңгімесінде Ғазизаның сырласы, жұбанышы, кәдімгі тілсіз жаратылған табиғат дүниесі – Аққайың болатын. Қараңыз: «Әдеттегідей кезекті «шайқастан» кейін есікті тарс ұрып шыға жөнелген. Көрші-қоланға барып шағыну, енесін жамандап «ішін босату» әдетінде жоқ. Есік алдындағы қалың тоғай ғана панасы. Жер-Ана перзенті, өзі әйел затындай сезініп, өзәзіл ашудан арылуға, бойына қуат жинауға тырысады. Сонда жан дүниесінен бір шапағатты нұр құйылып, қордаланған ашу-ызаның жалаң табанына қара жерге шымырлай өтіп жатқанын анық сезінеді.

– Шындығында, қос құрбыдай жарасады екенсіңдер, - деді бір қоңыр дауыс. Самарқау ғана көзін ашқан. Көрші үйге келіп жатқан қалалық құда екен» [2, 191]. Жазушы аққайыңмен адамша мұндасу-сырласу әрекеттері арқылы Ғазизаның адамгершілігі, адалдығы, инабаттылығы, ақылдылығын байыпнаттырады. Ол қандай қиыншылық жағдай болса да, ашу үстінде болса да, өзін-өзі тоқтата біліп, бар қайғы-шерін осы бір аққайыңға ғана білдіріп, ішіндегі барлық ауырпалықты, аққайың арқылы жеңілдетіп, тыныштық күйіне қайта келіп, өзіне-өзі психологиялық қуат беретін, жақсы сезінетін. *Тілсіз табиғатпен сырласудан жаны аршылып қалатын қасиет кез-келген адам бойында кездесе бермейтін психологиялық өзгешелік, бұрынғы әңгіме жанрында кейіпкерлерді*

бейнелеуде аз қозғалған бір ерекшелік (қорқынышты шағында қайыңды пана көрген Аймауытовтың Ақбілегін есептегенде). Әңгіме туралы пікірде: «Жоқтау» деген әңгімені алалықшы. Әңгімеде, негізінен, келін мен еңе арасындағы қарым-қатынасты шебер жеткізе біліпті» [3, 11], – делінген.

Кейіпкердің қай қадамы болмасын табиғатпен қосақталған. «Қос қайың» әңгімесінде Тәнәй мен Қайыркеннің сағынышын білдіру немесе сағынышын басу белгісі – жұлдыздармен сырласумен өрнектелген болатын, тіпті олар жұлдызға қарап, бір-біріне деген ғашықтық сезімдерін білдіретін:

«– Тәнәй, анау Жетіқарақшыны көресің бе, соның әнеу бір кішкентайын мен сенің атыңмен атаймын бұдан былай.

– Өйткені ол үнемі мұнайып тұрады. Әскерде екі жыл бойы мен тек жұлдызға қарап, саған деген сағынышымды ақтардым» [2, 155]. Адам емес, аспан дүниелерімен әрекетте болуы кейіпкердің психологиялық ішкі-сезімінің жаратылысын білдіреді.

Қ.Т. Жанұзақованың: «Жазушының әр кейіпкері – өзінше бір әлем. Негізгі конфликт оқиғаның сыртқы сюжеттік тінінде емес, адам болмысының қиын да күрделі проблемаларын шешуге тырысқан кейіпкердің ішкі коллизиясында дамиды» [4, 10], – пікіріне сүйенер болсақ мына нақтылықты да ескергеніміз жөн: «Әрбір әдеби һәм әлеуметтік құбылыс қайнар көзін ажыратып, сонда ғана тарихи сабақтастық дәрежесіне жетіп, бүгінгі күннен даму жолын айқындағанда ғана толық қанды құбылыс атанбақ. Тек жалғасын табады» [5, 212]. Ендеше, жазушылардың психологиялық талдауға қайта айналып, әр қырынан келуі заңдылық. Ә. Орынбаеваның шығармасы – «Қос қайың» әңгімесі ғашықтық сезімі қосарланған «қос қайыңмен» кестеленеді. Махаббаттың куәсі – қос қайың. Кейіпкер басынан өткен қайғы-мұңын, қайың астында жұлдызбен бөлісіп, әсерленген: «Сол жұлдыз демеу болмағанда бүгін мен бүйтіп сенімен қоштасып та тұрмас едім. Айтпады деме, менсіз жерде сен дәл сол жұлдыз сияқты жалғызсырауымен өтесің. Өмір бойы осы жұлдызға көзің түскен сайын мені есіңе алатын боласың» [2, 155].

«Қос қайың» аты – әңгіменің психологиялық көркем бөлігі. Жазушы әңгімелерінен байқағанымыздай әлеуметтік ортаны бейнелей отырып, кейіпкерлерін табиғат дүниесімен байланыстыру тәсілі жетілген, Ә. Орынбаеваға барынша сіңіп орныққан. Осы тұста З. Қабдоловтың: «Пейзаж – проза мәдениетіне фактор. «Қорғансыздың күніне» дейінгі қазақ прозасында аспан, жер, ай, күн суреттеулері жалаң», – деген пікірін атап өту орынды. Ендеше, М. Әуезов ізін салған көркемдеу үлгісіне өзінше қалып өрнектеген жаңа жазушысы арқылы да қазақ әдебиеті өркендей түспек деген тұжырымдамыз. Аталған әңгімеде ғашықтар тағдыры қос қайыңның тағдырына ұқсас. Жазушының тағдыр тәлкегін қайыңмен, жұлдызбен сабақтастыра бере алған көркем шындығы. Мына ой-пікір соған жетелейді: «Әсия Орынбаеваның бір ерекшелігі, интимдік-ішкі жағдайларды мейлінше

батыл әрі өтімді жазады екен. Қай әңгімесін алып қарамаңыз, өмірдің өзіндей зейіл, шыншыл» [3, 11]. Сондықтан, жазушы дүниеге әкелген жаңа туынды қазақ әңгімелеріндегі сонылық әдеби мінездемелерді де қоса әкелген.

Ж. Аймауытов, М. Әуезовтерден басталған психологиялық проза дәстүрі қандай десек, шығармаларында кейіпкерлердің психологиялық әрекеттерін аңғартуда кейінгі жазушылар қалыс қалмаған. Ә. Орынбаева әңгімелерінде психологизм әрекеті табиғат мінез-құлқы арқылы жандандырылған. Б. Майтановтың ой-пікірімен толықтыра кетсек: «Психологизмнің негізгі қызметі – өмірлік шындық пен көркем шындықтың жанды тамырластығын сақтау. Бұл ретте осы құбылыстың ішкі салалары есебінде даралау мен жинақтау, ұлттық, жалпыхалықтық, дерек пен қиялдап қосу, автор бейнесі, шығарманың заттық құрылымы іспетті түрлі мәселелердің өзара ықпал, әсері мен табиғи синтезін атау керек» [6, 4]. Кейіпкердің әрекеті, қуаныш, сүйініш, күйініші психологизм әрекетімен ұштасқан.

Психологизм жөніндегі пікірлерді жинақтасақ: орыс жазушылары мен ғалымдарында Л.Н. Толстой, Н.Г. Чернышевский, А. Нинов, А.Н. Веселовский, Л.Н. Выготский, М.М. Бахтин, Л. Гинзбург, С. Бочаров болса, қазақ жазушылары мен ғалымдарынан М. Әуезов, Ә. Кекілбаев, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Т. Кәкішев, Р. Бердібай, З. Ахметов, Р. Нұрғали, С. Қасқабасов, Ш. Елеукенов, Т. Сыздықов, С. Негимов, Т. Рахымжанов, Ж. Дәдебаев, З. Бисенғали, Б. Майтанов, Қ. Әбдезұлы, А. Жақсылықов, А. Ісімақова, Б. Жетпісбаева, Г. Пірәлиевалар түйін жасауға мүмкіндік тудырады. Жазушы Ә. Орынбаеваның «Қоштасу алтыбақаны» және «Естен кетпес елес» әңгімелерінен психологиялық талдаудың түрлі қырларын осы түйін, пікірлер негізінде бағаланды.

«Қоштасу алтыбақаны» әңгімесінің экспозициясы *«Сырттан қарағанда тып-тыныш өмір кешіп, бұйығып қана жатқандай»* [2, 236] деп түйрей өтіп басталады. Жібектің басындағы қым-қиғаш оқиғалар тереңдік құпиялылығымен көрсетілген. Жазушы жасөспірім қыз баланың көңіл қалтарысын әдемі келтірген: «Сөйтіп, қыздарды жымың-жымың күлдіріп, өштерін алып, сырбаз жігітті өзіме ғашық қылып қойдым. Айтан болса бір бұрышта үнсіз отыр, қабағы түсіп кеткен ... Ойыннан от шығарын қайдан білейін. Таңертең тұрсам, Айтан түнде ауылға келіп жатқан қонақ қыздардың біреуін алып қашып, үйленіп алыпты. Ішім өртеніп, жынданып кете жаздадым» [2, 244]. Табиғатпен дос ретінде сыр бөлісетін Жібек, томағатұйық типті адамдардың қалпын береді. Жазушының: «Ән біткенде, әнмен бірге Жібектің көңілді қалпы да жоғалып, жабырқау тартып, үнсіз қалды. Кенет көзі Бақыттың арт жағынан қылт-қылт көрінген ойға түсті. Жаңа туған қылдырықтай ай шексіз аспан аясында соншалықты қорғансыз, аянышты болып көрінді. «Мен сияқты ...», – деп күбірледі қыз көзіне жас үйіріліп – мен енді кімге керекпін? Не үшін өмір сүрмекпін?» [2, 246] – өрнегі дәлелдейді.

Нактылай түссек: «Бұл ретте, көркем шығармаларда суреттелетін табиғат көріністерін, яки табиғатты да әншейін бір уақытпен кеңістіктің дерегі ретінде даралап қарамай, адам бейнесін толықтыра түсетін тәсіл. Өйткені адамның сыры мен сезімінен, өмір тіршілігі мен көңіл-күйінен тыс ешқандай табиғат болуы мүмкін емес» [7, 120]. Әңгіменің оқиға желісі Жібектің ішкі-тылсым дүниесінде болып жатқан арпалыстармен ұштаса өрлейді: «Күні бойы сан-санаққа жүгіріп даң қылған көңілінің шешімі табылғандай Жібек қайта ширақты. Бар күшін салып, арқанды шірөне тебінді. Зырқырай әйелеген алтыбақан ағаш басынан да асып бара жатқандай» [2, 247]. Тұйық жанды қинаған ой басылып қалмай жарыққа шығуы үшін ай көп қызмет еткен: «Ай көрдім, аман көрдім ... Әйтеуір Айтанға керегім жоқ екен ...

Жас бұлдыратқан көзіне қылдырықтай ай шыркөбелек ойнап жерге құлап түскендей көрінді. Жер мен аспан мидай араласып барды ...» [2, 247]. Жібек қиялы (айдың жерге құлап түскендей болып елестеуі) – қазіргі сәттегі өмірімен өзектес. Дамытыла баяндауына назар салсақ: «Биікке шығып алған жаны былқ-сылқ еткен жансыз денесінің әуелеп барып жерге бырш етіп бүктетіле түскенін, ашық қалған көзінің қарашығында қылдырықтай ай бейнесі дірілдеп барып тұна қалғанына дейін анық көріп тұрғандай болды...» [2, 247],– деп көркемделген.

Жібек ойындағы ай психологиялық пейзажды белгілеген. Өз құпиясына көмілмей, ішкі сырына бостандық беруі кейіпкер тағдырына түбегейлі өзгеріс әкеледі.

Бұған дейінгі қамау ойдан аршылуы – кейіпкердің сәтті кадамдарына бастаса, өзіне-өзінің көңілі толуы қиын күрмеудің шешімін орнықты етті. Әңгіме тақырыбы (қошгасу) осы мұратқа лайықталған: «өзінді-өзің жеңе біл». Әңгіменің шешімінде: «Е, пақырлар-ай» деп мүсіркей күбірлескен ауыл оразасын ашпастан екі үйге кезек кіріп, «Құтты болсын!» айтуға асықты» [2, 249],– деп автор кейіпкерінің психологиясы арқылы шынайылықты нанымды қабылдатады. Жазушының тәсілі жалпы әңгімелерінде көрініс тауып отырады, атап айтсақ, Ә. Орынбаеваның «Естен кетпес елес» әңгімесі де психологиялық детальмен өрнектелген. «Кейіпкер жан дүниесіндегі толқу реніш, күйініш, шаттық, қуаныш, абыржу ...Яғни, эмоциялық сезімдер, психологиялық процестер, диалог, авторлық баяндау, сипаттау тәсілдерінен бөлек ішкі сөздер ағымымен де беріледі. Шынайы жасалған ішкі монолог кейіпкердің жан дүниесіне оқырманды терең бойлатады, сонымен бірге толқытады, тебірентеді» [8, 40]. Демек, ішкі сөйлесулермен Ә. Орынбаева әңгімесі толқыта алған.

Кейіпкердің ішкі әлемін, оның мінез-құлқын танып білуде психологиялық талдау зор рөл атқарады. Әңгіменің экспозициясынан-ақ психологиялық талдаудың бір көрінісі – ішкі сөйлесуді байқаймыз: «Бетін аяусыз айғыздаған әжімнің әрбір сызығында салқын мұң, терең ой тұнып жатқандай. Бір нүктеге қалған жанары талды ма, шаршаған адамша демін тереңнен ала көзін жұмып еді, әжім тарауларын қуалай сырғанаған жас тамшылары әппак

сақалына барып жоғалып жатты [2, 224]. Қарттың қиындық көргенін «аяусыз айғыздаған әжім» бірден аңғартып тұрғандай. Жай ғана әжім емес – уайым-мұң, өкініш ізін өрнектеген психологиялық деталь. Т. Сыдықов «Психологиялық талдау және характер» мақаласында: «Адамның ішкі дүниесі тылсым сырға бай. Психологиялық талдау адам жанының тұңғиығына батыл барлау жасауға мүмкіндік береді. Әр адам өз алдына кішігірім материк іспетті. Сол материктің сыртқы рельефін көзбен шолу жеткіліксіз, оның астында не қазына, не сыр жатқанын білгіміз келеді. Әр адам өз алдына материк» [9, 261], – деп пікір айтады.

Ә. Орынбаеваның кейіпкер Ғали қарты адамдар арасында өмір сүріп, жан баласына көңіл қойнауын ашпауы, оның өз әлемі бар екенін білдіреді. Кейіпкер әңгіменің өнбойында кінәлілік сезімінен арыла алмайды. Ғали қарттың мүжілетін сыры өзіне аян болатын: «Көз алдында айдаладағы тозығы жеткен қараша үй, ішін тарта гуілдеген жел, азынаған боран, ашық қалған есіктен саулаған қар, мейірімсіз әке жүрегі ертпекке жанталасқандай шырқыраған бала дауысы дәл қасынан шыққандай құлағында тұр» [2, 224]. Оқиға желісі Ғали қарттың психологиялық ой-сезімін басталып, кейін келе оқиғаның не себепті болғандығы жайлы өрбиді: «...Ол кезде Ғали жиырмадан жаңа асқан жас жігіт болатын. Қарғыс атқыр жоқшылық-ай десенші: Жастайынан ішсе тамағы тоймай, кесе киімге жарымай, кедейлік тауқыметін тартып өсті» [2, 224]. Кедейлік, жоқшылық кейіпкер тағдырына әсерін тигізбей қоймайды. Әңгіме Ғали қарт, Қарағыз сұлу және сәби Құрманның тағдырының қатыгез қиыншылық белестерін суреттейді.

Жазушы кейіпкерін: «Күні бойы қой соңында жүргенде ойлайтын ұлының тәтті қылықтары, кескіні көз алдында тұрады да қояды. Жүрегі еріп кете жаздап, кешті батыра алмай әлекке түседі сонсын. Не керек, екі дүниеде қайта оралмас мейірлі шаттық бар еді бойында» [2, 226], – деп қалыпты әкелік мейірім мінездемесімен таныстырады. Бұл – Ғали қарттың қуанышты сәттері, көңіл-күйінің көтеріңкі болған кездері. Тамаша күйден қызғаныштың «қара тырнағына» қалай түскенін Ғали аңғара алмай қалады. Мұның себебі: «Құрманның аумаған әлгі анау ... соның өзі. Ол өзі менің ата жауым екенін білесің, баламды баққызып қойдым деп ертең екеуімізді қоса келеке етіп күледі әлі» [2, 226]. Өз баласына өзі сезіктене қаратқан жайт былай бейнеленген: «Әлгі бір әзірде байдың соңынан жүрегі суылдап, үрейлене ерген Ғали *әлденеге тас бекінген адамша, жсауар бұлттай түнеріп қайтты*». Өсек сөздің күші туралы жазушы былай баяндаған: «Құлағында бай айтқан сұмдық сыр ызындағанда, тұла бойындағы ыстық қаны қата қалғандай, мұздап сала береді де, бейкүнә сәбиге көзі түскенде жігері құм болып, әлі құрығандай дәрменсіз күй кешеді» [2, 227]. Байдың айтқан «ұлы жылан сөзі» Ғалидың ішкі-әлеміне «уын» жаймай қоймады. Л. Н. Гинзбургтің пікірінше: «толыққанды тарихи мінез-құлық қалыптастырған кейіпкердің сонымен бірге психологиялық орны белгіленеді, яғни ол өмір сахнасында тұлға ретінде ойын көрсетуі тиіс» [10, 55].

Кейіпкердің сергелдең күйін толықтыратындай психологиялық табиғат суреті келісті бейнеленген: «Түс қайта ұйытқи соғар жынды боран көтерілді... Ғали шарасыз кейіпте дағдарып отыр. Алдында ішін тарта гуілдеген жел, елді нағыз азынаған *азалы үнге* басыпты. Ит ұлып, ішін тарта солықтап бала жылағандай ма, бір мезет аңыраған әйел зарына ұқсап кететіндей... Екпінді жел дем алғызбай беттен ұрғылап, ішке қуып тықты [2, 227]. Табиғат құбылысын жазушы кейіпкер жан-дүниесімен сабақтастыра берген. Табиғатпен қатар бейнелеуде психологизмнің бір (табиғат) қырын танытады. Табиғатпен теңестіре суреттеуге Г. Пірәлиева мынадай пікір келтіреді: «...психологиялық пейзаж, кейіпкердің сезімдік көңіл-күйін табиғатпен суреттеу қолданыла бастады» [8, 53]. Ойымызды нақтылай кетсек, әңгіменің оқиға желісі өз әрекетінің тауқыметін тартқан Ғали қарттың қайғы-мұңымен астасып, психологиялық ішкі-сезімін анық танытқан. Әңгіменің тақырыбы «Естен кетпес елес» болуы да тегін емес. Әңгіме қарттың психологиялық көңіл-күйінен басталып, аяқталады. «Елес» қарттың ішкі-сезімінде кетпестей дақ болып қалған өкініш.

Аязда қатып қалған періште сәбидің жан-дәрмен арпалысқан қиналысы әке сезіміне ұзақ уақыттан соң әсер етеді. Кейіннен сондай аязда ұшып өлген келіншектің үсігенін көргенде кейіпкер Ғалидың жүректен кетпес өкініші «қыста ауру, жазда сау» аласұруға ұласады: «Түн қараңғылығын жамылған қарақшы құсап, моладай шошайып тұрған өз үйіне ұрлана басып кіргенінде, қайран сәбидің тырдай жалаңаш күйтымдай деңесін жартылай қар көміп те үлгірген екен. Жан беру онай ма, шыбындай жаны ұшып кеткенше жанталасып, далаға еңбектеп бірнеше мәрте шығып-кірген ізі сайрап жатыр. Киімдерін неге шешіп тастағанына ол кезде түсінбеп еді, кейін жасы ұлғая келе ұқты. Ауылдас бір келіншек күйеуімен ренжісіп, көз аштырмас жынды боранда үйінен шығып кеткен екен. Бір апта өткенде іш көйлекпен ғана жатқан өлігін тауып алған адамдардың ішінде өзі де болған. Сонда білді, үсіне бастаған адамның деңесі қызып, бір жапырақ киімнің өзін ауырсынып, жұлып тастай береді екен. Сол оқиға мұның кара қотырланып жазыла бастағандай болған жарасының аузын жұлып ашып, зар қақсатты да қойды» [2, 228].

Көркем әңгімедегі Қарағыз бейнесі қазақ әйелінің төзімділік, намысты, сабырлылық қалпын «мыңыншы» қайтара дәлелдеген. Ана үшін сүйген перзентінің, онымен қоса күйеуінің: «Әсіресе ұп-ұсақ сүт тістерін жарқыратып, сықылықтап кеп күлгенде, Ғали бетіндегі күйесімен қоса жұтып жіберердей жалап-жұқтап, өліп қала жаздайды» [2, 225],– деп емірне жүріп жамандыққа қиюы кешірілмес күнә екендігіне бас ұрғызады. Сондықтан да: «Қайран Қарағыз! Бала өлімінің себебін сезген тәрзіді. Сыр берген жоқ бірақ ... Содан үн-түнсіз, тас-түйін қалпы жүрді де қойды. Бұған көз астымен үрке қарайтындай» [2, 228],– деп баяндау арқылы кейіпкердің психологиялық көңілін қарапайым түсіндіреді. Ә.Орынбаеваның әңгімелері негізінен психологиялық қабаттардан құрылған. Әңгіменің жанрлық табысы, кейіпкердің жан-дүниесінің ашыла

түсуі өмірмен тығыз байланыстырыла суреттелуінде. Табиғи өмірдегі шынайы шындықты көркем шындықта бейнелеп, оқырманын баурап алатын Ә. Орынбаева әңгімелері пішіні жағынан психологиялық әңгімелердің қатарын құрайды. Бұған қосымша, бұрынғы әдебиетте психологиялық қатарластық айшығының молдығы да қазақ әңгімеші-жазушылары зерттеген кейіпкерлерінің бейнелеуінде стильдік құбылыс ретінде психологиялық талдау өнері басым болу заңдылығына ықпал еткен.

Көп ойды жинақтай келе, алдымен жазушыларымыздың шығармашылықтары психологиялық талдау өнерінде бір үлгіде жүйеленбей, әр жазушыда әр түрлі қырымен ерекше сипат алғанын көрсеттік. Әдебиет зерттеушісі А. Байтұрсынов XX ғасыр басындағы шығармалардың жазылу шеберлігіне: «... *Өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық* сияқты нәрселердің мән-мағынасы турасындағы толғаулардың күйі де сұқтаным табына кіреді. Сұқтандыратын нәрселердің көбі-ақ тек сұқтандырып қоймай, *адамды ойландырады, қиялдандырады*. Сондықтан түбіріндегі толғаулардың көбі таза болмай, *пайымдамалау, ойламалдау* болып келеді», – деп [11, 454] ойтұжырым айтқан болса, кейінгі жазушылардың да бұл басты қағидасы болған.

Ә. Орынбаева әңгімелерінде табиғи ішкі әлемді психологиялық толғаныспен, табиғат құбылыстары мен адам қарым-қатынасының ерекше сипатын астастыра беруі де, қуанғанда ғана емес қиналғанда да табиғаттан дос табатын кейіпкерлері- жазушының ерекше қыры, психологиялық талдау өнерінің (онтологиялық кейіпкер жалғастығының түрлілігі) жазушыдағы шеберлік тәсілі. Ең қадап айтарымыз – *әлем әдебиетіндегі трагедиялық кейіпкерлерден кем соқпайтын, өзін-өзі іштей мүжитін Ғали қарт*.

Ә. Орынбаева әйелдер прозасындағы әйел тақырыбын, оның ішінде қыз балалардың ішкі сезімін жақсы түсінуімен ерекшеленеді. Жазушы кейіпкердің ішкі әлемін бейнелеуде табиғат, ішкі сөйлету, жан-дүниедегі ішкі сезім қасиеттеріне бойлай, біріктірген.

Ә. Орынбаева туралы мынадай пікір айтылған: «Автор кейіпкердің болмысы, психологиясы, ой өрісі, түсінік дәрежесін ашудың үздік шебері, әрі кейіпкердің сезіміндегі түрлі көңіл-күйлерді ойлау мен сөйлеу мәнеріне тән ашып береді. Іс-қимыл, әрекет, логика арқылы олардың адамдық келбетін, тегін, мінез-құлықтарын саралап көрсетеді» [12, 48]. Жазушы өмір шындығын көркем шындықта бейнелеуде психологизмнің тамаша тәсілдеріне бойлаған. Оның бір дәлелі – кейіпкері Ғалидың жан баласына ашпаған сыры жегідей жеп, қыстың боранды күнінде соғатын «зауал ауруын» бейнелеуі. Әсіресе, бала Құрманның үлкендер (ауылдас келіншек) секілді жанұшыра бораннан аман қалам деп жанталасуын елестету ойы (Ғалидың) сәтті шыққан. Нәресте психикасының қалтарысына үңілтуімен табысты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТЕЗІМІ

- 1 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
- 2 Орынбаева Ә. Қоштасу алтыбақаны. – Алматы: Жалын, 2006. – 288 б.
- 3 Сақтағанов С. Өмірдің өзіндей зейіл екен // Қазақ әдебиеті № 42, (2724) 19.10.2001. – Б.11.
- 4 Жанұзақова Қ.Т. О. Бөкей прозасындағы романтизм: филол. ғыл. канд. ғылыми атағын алу үшін дайындалған авторефераты: 10.01.02. – Алматы: ҚазҰУ, 1999. – 29 б.
- 5 Аманшаев Е. Албасты туралы аңыз. – Алматы, Өлке. 2001. – 287 б.
- 6 Майтанов Б.Қ. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.
- 7 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
- 8 Пирәлиева Г. Ішкі монолог. – Алматы: Қазмем ҒАҒЗИ баспаханасы, 1994. – 137 б.
- 9 Уақыт және қаламгер. Әдеби сын. Алтыншы кітап. – Алматы: Жазушы, 1987. – 304 б.
- 10 Гинзбург Л.Я. О литературном герое. – Ленинград: Советский писатель, Ленинградское отделение, 1979. – 222 с.
- 11 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публикациялық мақалалар және әдеби зерттеу / құрастырған Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 12 Көпбаева М.Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» романындағы ішкі монолог // Қазақ тілі мен әдебиеті. № 5, 2001. – Б. 48.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ. Материал 18.10.12 ж. редакцияға түсті.

Б.А. ЫСКАК

ХАРАКТЕР И НОВЫЕ ГРАНИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ИСКАНИЯ

В.А. ЫСКАК

THE NATURE AND NEW FACETS OF THE ART SEARCHES

Резюме

В статье речь идет о рассказе писателя А. Орынбаевой, в котором проанализированы новые грани художественного искания.

Resume

The article deals with the story of the writer A. Orynbaeva, in which the new facets of the art searches were analyzed.

НАШИ АВТОРЫ

Акимбек Гульзира Шардарбековна – преподаватель, Национальная академия бизнеса, г. Алматы.

Байназарова Л.А. – магистрант, Южно-Казахстанский педагогический университет им. М. Ауезова, г. Шымкент.

Баратова Мухаббат Нуржауовна – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Жаманкенова Диана Альбековна – студент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Жолдасова А.А. – к.ф.н., доцент, Южно-Казахстанский педагогический университет им. М. Ауезова, г. Шымкент.

Жусупов Нартай Куандыкович – д.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Зейнулина Айман Файзуловна – к.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Каимов Мукагали Джамбаевич – студент, Национальная академия бизнеса, г. Алматы.

Калдыбекова Аида Маратовна – магистрант, Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауезова, г. Шымкент.

Канабекова М. – Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.

Карипжанова Гүлназ Токеновна – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Кенжетеева Гулзира Кабаевна – к.ф.н., доцент кафедры теории и практики перевода, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Кудерина Айжан Ермековна – к.п.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Кудерина Айша Муратовна – магистрант, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Нурғали Кадиша – д.ф.н., профессор кафедры русской филологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева.

Омарова Роза Алибаевна – к.ф.н., профессор, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Сарбалаев Жаксыбай Турсынович – к.ф.н., доцент, декан гуманитарно-педагогического факультета, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Ташиханова Дыбыс Сартаевна – к.ф.н., Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Темирбекова Гулжамила Камбарбековна – к.ф.н., Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауезова, г. Шымкент.

Шаикова Гульвира Кимовна – к.ф.н., доцент кафедры русской филологии, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Шакенова Майгуль Тулгеновна – к.ф.н., ст. преподаватель кафедры русского языка и литературы, Южно-Казахстанский государственный университет имени М. Ауезова, г. Шымкент.

Шахажанова Гулнар Каримжановна – магистрант, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

Ыскак Бакыт Амирхановна – к.ф.н., доцент, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова.

ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ**ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ****(«ВЕСТНИК ПГУ», «НАУКА И ТЕХНИКА КАЗАХСТАНА»,
«ӨЛКЕТАНУ- КРАЕВЕДЕНИЕ»)**

1. В журналы принимаются статьи по всем научным направлениям в 1 экземпляре, набранные на компьютере, напечатанные на одной стороне листа с межстрочным интервалом 1,5, с полями 30 мм со всех сторон листа, название статьи: кегль - 14 пунктов и дискета со всеми материалами в текстовом редакторе «Word 7,0 (97, 2000, 2007) для Windows».

2. Общий объем статьи, включая аннотацию, литературу, таблицы и рисунки, не должен превышать 8-10 страниц.

3. Статья должна сопровождаться рецензией доктора или кандидата наук для авторов, не имеющих ученой степени. Для статей, публикуемых в Вестник химико-биологической серии, требуется экспертное заключение.

Статьи должны быть оформлены в строгом соответствии со следующими правилами:

1. УДК по таблицам универсальной десятичной классификации;
2. Название статьи - на казахском, русском и английском языках, заглавными буквами жирным шрифтом, абзац центрованный;
3. Имя, отчество, фамилия (-и) автора(-ов), полное название учреждения;
4. Резюме на казахском, русском и английском языках: кегль - 10 пунктов, курсив, отступ слева-справа — 1 см, интервал 1,0; для Вестников химико – биологической серии требуется также экспертное заключение (см. образец);
5. Текст статьи: кегль - 14 пунктов, гарнитура - Times Nev Roman (для русского, английского и немецкого языков), KZ Times Nev Roman (для казахского языка).
6. Межстрочный интервал 1,5 (полуторный);
7. Список использованной литературы (ссылки и примечания в статье обозначаются сквозной нумерацией и заключаются в квадратные скобки). Список литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7.1-84 (см. образец).

На отдельной странице

В бумажном и электронном вариантах приводятся:

- **сведения об авторе:** - Ф.И.О. полностью, ученая степень и ученое звание, место работы (для публикации в разделе «Наши авторы»);
- **полные почтовые адреса, номера служебного и домашнего телефонов, E-mail** (для связи редакции с авторами, не публикуются);
- название статьи и фамилия (-и) автора (-ов) на казахском, русском и английском языках (для «Содержания»).

1. Иллюстрации. Перечень рисунков и подрисуночные надписи к ним представляют по тексту статьи. В электронной версии рисунки и иллюстрации

представляются в формате TIF или JPG с разрешением не менее 300 dpi.

2. Математические формулы должны быть набраны как Microsoft Equation (каждая формула - один объект).

3. Автор просматривает и визирует гранки статьи и несет ответственность за содержание статьи.

4. Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи, диски и дискеты не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

5. Оплата за публикацию в Вестнике составляет 5000 (Пять тысяч) тенге.

6. Статью (бумажная, электронная версии, оригинал квитанции об оплате) следует направлять по адресу:

140008, Казахстан, г. Павлодар, ул. Ломова, 64, Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова, Издательство «Кереку», каб. 137

Тел. 8 (718-2) 67-36-69, (внутр. 147; 183) факс: 8 (718-2) 67-37-02.

E-mail: kereku@mail.ru

Наши реквизиты:

РГКП Павлодарский государственный РНН 4 5 1 8 0 0 0 3 0 0 7 3

университет им. С. Торайгырова БИН 990 140 004 654

АО «Цеснабанк» ИИК 579 9 8 F T B 0 0 0 0 0 3 3 10

Код сектора экономики – 6 БИК T S E S K Z K A

Признак резиденства - 1

ОБРАЗЕЦ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ:

ISSN 1811-1815. Вестник ПГУ. Сер. гум., 2010. № 2

УДК 316:314.3

А.Б. ЕСИМОВА СЕМЕЙНО-РОДСТВЕННЫЕ СВЯЗИ КАК СОЦИАЛЬНЫЙ КАПИТАЛ В РЕАЛИЗАЦИИ РЕПРОДУКТИВНОГО МАТЕРИАЛА

Одной из актуальных проблем современности является проблема демографическая. Еще в XX веке исследователи активно занимались поиском детерминант рождаемости, выявлением факторов, определяющих реализацию репродуктивных планов семей, индивидов.

Продолжение текста публикуемого материала.

Пример оформления таблиц, рисунков, схем:

Таблица 1

Суммарный коэффициент рождаемости отдельных национальностей

	СКР, 1999 г.	СКР, 1999 г.
Всего	1,80	2,22

Диаграмма 1

Показатели репродуктивного поведения





Рисунок 1 – Социальные взаимоотношения

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Этнодемографический ежегодник Казахстана. Статистический сборник. – А., 2006. – С.424.
- 2 Бурдые П. Формы капитала // Экономическая социология. – Т.3, №5. – 2002.-С.66.

Место работы автора (-ов):

Международный Казахско-Турецкий университет им. Х.А. Яссави,
г. Туркестан.

А.Б. ЕСИМОВА

ОТБАСЫЛЫҚ-ТУЫСТЫ ҚАТЫНАСТАР РЕПРОДУКТИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК КАПИТАЛ РЕТІНДЕ

A.B. YESSIMOVA

THE FAMILY-RELATED NETWORKS AS SOCIAL CAPITAL FOR REALIZATION OF REPRODUCTIVE BEHAVIOUR

Түйіндеме

Бұл мақалада автор Қазақстандағы әйелдердің отбасылық –туыстық қатынасы арқылы репродуктивті мінез-құлығында айырмашылықтарын талдайды.

Resume

In given article the author analyzes distinctions of reproductive behaviour of married women of Kazakhstan through a prism the kinship networks.



Теруге 19.06.2012 ж. жіберілді. Басуға 25.06.2012 ж. қол қойылды.
Форматы 70x100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі шартты 9,97 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген В.В. Нагаева
Корректорлар: Б.Б. Әубәкірова, В.В. Нагаева, А.Р. Омарова
Тапсырыс № 1887

Сдано в набор 19.06.2012 г. Подписано в печать 25.06.2012 г.
Формат 70x100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 9,97 ч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка В.В. Нагаева
Корректоры: Б.Б. Аубакирова, В.В. Нагаева, А.Р. Омарова
Заказ №1887

«КЕРЕКУ» баспасы
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
E-mail: kereku@mail.ru